Эта тема достаточно актуальна, так как в логопедии делается акцент на развитие связной речи у детей с общим недоразвитием речи, т.е. их подготовленность к обучению в школе. Очевидна необходимость совершенствования традиционных приемов и методов, а также поиска более новых, более эффективных научно-обоснованных путей развития связной речи у детей с общим недоразвитием речи.

Объект исследования: особенности нарушений связной речи у детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи.

Предмет исследования: способы и приемы коррекции нарушения связной речи у детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи.

Цель исследования: теоретически обосновать, экспериментально проверить эффективность логопедической работы по устранению нарушения связной речи у детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи.

Гипотеза исследования: процесс устранения нарушений связной речи у детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи будет более эффективен, если коррекционную работу строить с учетом имеющегося клинического и речевого диагноза, с использованием специальных методов и приемов. В соответствии с целью нашего исследования мы поставили следующие задачи исследования:

- Определить степень разработанности в теории и практике логопедии, проблемы нарушения связной речи у детей с общим недоразвитием речи;
- Изучить и выявить характерные особенности нарушения связной речи у детей с общим недоразвитием речи;
- Подобрать специальные методы и приемы коррекционно- логопедической работы, направленной на преодоление речевых нарушений;
- экспериментально апробировать эффективность, целесообразность и успешность применения тех или иных приемов логопедической работы по устранению речевых нарушений.

Методы исследования: определялись в соответствии со спецификой предмета и объекта, целью, задачами и гипотезой исследования:

1. организационные (изучение состояния устной речи детей с общим недоразвитием речи находящихся в детском саду);
2. теоретические (анализ литературы по общей и специальной педагогике, логопедии, психолингвистике, методике преподавания родного языка);
3. эмпирические (анализ педагогической документации, анамнестических данных, индивидуальные беседы с детьми; констатирующие и обучающий эксперименты);
4. анализ полученных данных.

Ранний период развития ребенка от рождения до трех лет выделяется в онтогенезе человека как наиболее значимый этап процесса становления основных нервно-психических функций. В первые годы жизни ребенок проходит путь от существа беспомощного к человеку мобильному, социально активному. Развитие словаря ребёнка тесно связано, с одной стороны, с развитием мышления и других психических процессов, а с другой стороны, с развитием всех компонентов речи: фонетико-фонематического и грамматического строя речи.

В словаре ребёнка рано появляются слова конкретного значения, позднее - слова обобщающего характера. Развитие лексики в онтогенезе обусловлено развитием представлений ребёнка об окружающей действительности. Важным фактором развития речи, в том числе и обогащения словаря, выступает речевая деятельность взрослых и их общение с ребёнком.

Первые слова аномальной детской речи можно классифицировать следующим образом:

1. правильно произносимые: мама, папа, дай, нет и т.п.;
2. слова-фрагменты, т.е. такие. В которых сохранены только части слова, например: "мако" (молоко), "дека" (девочка), "яби" (яблоко), "сима" (машина) и т.п.;
3. слова - звукоподражания, к действию, ситуацию: "би-би" (машина), "мяу" (кошка), "му"(корова), "бух" (упал) и т.п.;
4. контурные слова, или "абрисы", в которых правильно воспроизводятся просодические элементы- ударения в слове, количество слогов: "тититики" (кирпичики), "папата" (лопата), "патина" (машина);
5. слова, которые совершенно не напоминают слова родного языка или их фрагменты.

Существенным для развития лексики, обеспечивающим успех словарной работы, является характер деятельности детей с ОНР при выполнении заданий, в зависимости, на какой основе она протекает: наглядно-ситуативной, словесной или смешанной (называние предметов, сравнение названия предметов, изображенных на картине, рисование, придумывание названий к картинкам, обобщение, речевые игры, выполнение поручений, просьб, проведение бесед, составление словосочетаний, классификация слов по признакам, подбор к данному слову родственных слов, названия обобщающих

На ранних этапах своего развития дети по-разному оформляют свой ответ на один и тот же вопрос: "С кем ты пришел?".

1) "Мама" - форма ответа у детей, пользующихся' отдельными словами или предложениями из аморфных слов-корней.

2) "Мама" - у детей, в речи которых могут иметь место словоизменения.

3) "Мамам" - часто встречаемая форма слова на первых этапах усвоения словоизменения.

4) "Мамой" (без предлога) - в случаях относительно развитой фразовой речи и относительно развитого словоизменения.

5) "С мама" - в наиболее тяжелых случаях проявления аграмматизма.

6) "С мамой" - только у детей с достаточно высоким уровнем речевого развития.

6. Анализируя устную речь детей с общим недоразвитием речи многие исследователи признают, что основу аграмматизмов составляют ограниченные представления о сочетаемости многих слов в высказываниях, неумение детей отбирать слова для выражения мыслей, располагать их в нужной последовательности и устанавливать между ними определенную закономерную связь. Пропуски главных и второстепенных членов предложения изменяют его конструкцию, что искажает смысл высказываний. Фраза становится упрощенной, укороченной, логически незавершенной. В словесных высказываниях появляются неоправданные повторы слов, союзов.

7. Под общим недоразвитием речи (ОНР) в логопедии понимается особая форма аномального речевого развития, при которой нарушено формирование всех компонентов речевой системы: фонетической и лексико-грамматической при отсутствии умственной отсталости и дефектов слуха, а также что - это сборная группа различных клинических форм речевой патологии, объединенных общими стержневыми признаками, что имеет огромное значение для организации логопедической помощи данному контингенту детей.

Первый уровень характеризуется тем, что грамматические элементы слов не несут никакой функции при понимании фразы.

Второй уровень характеризуется тем, что слова наряду с опорой на несущественные для правильного понимания речи признаки при соответствующих условиях начинают приобретать значение и грамматическую оформленность как носители определенного смысла.

Третий уровень характеризуется тем, что имеется четкое и хорошо осознанное различие некоторых грамматических форм.

Наиболее типичные и стойкие проявления ОНР наблюдаются при алалии, дизартрии и реже при ринолалии и заикании.

Причины речевых недоразвитий

Факторы - внешние (экзогенные) и внутренние (эндогенные) факторы, а также внешние условия окружающей среды. Эти факторы могут воздействовать как во внутриутробном периоде развития, так и во время родов, а также в первые годы жизни ребёнка.

Среди патогенных факторов, действующих на нервную систему во внутриутробном периоде, возможны токсикозы, интоксикации, нарушения обмена веществ в организме матери во время беременности, действия некоторых химических веществ, алкоголя, никотина, наркотических веществ, радиоактивное излучение. Возможны различные поражения вследствие резус-несовместимости крови матери и плода, генетическим, наследственной предрасположенности, факторами вызывающими повреждение речевых функций, являются природные и послеродовые поражения. Ведущее место в данной группе патологий занимают асфиксия и внутричерепная родовая травма. Асфиксия (кислородная недостаточность), инфекционные болезни нервной системы: менингит, энцефалит и полиомиелит. Обратимые формы общего недоразвития речи могут возникнуть на фоне отрицательного социально-психологического влияния: депривация в период интенсивного формирования речи, недостаток речевой мотивации со стороны окружающих, конфликтные взаимоотношения в семье, неправильные методы воспитания, билингвизм т.д.

1 Жукова НС., Мاستюкова Е.М., Филличева Т.Б. Логопедия - М., 2003.

2 Лопатина Л.В., Серебрякова Н.В. Преодоление речевых нарушений у дошкольников. -СПб., 2003.

3 _____ Туманова Т.В. Особенности слово - образования у дошкольников с общим недоразвитием речи. - М., 2002. _____ :

- 4 **Филичева Т.Б. Особенности формирования речи детей дошкольного возраста. - М., 2000.**
5 **Филичева Т.Б., Чиркина Г.В. Устранение общего недоразвития речи у детей дошкольного возраста. - М., 2008.**

Түйін

Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің бұзылу себептері мен қалпы қарастырылған.

Резюме

Особенности и причины нарушения связной речи детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи.

Summary

Features and causes a violation of coherent speech preschool children with general speech underdevelopment.

ЖАЛПЫ БШМ БЕРЕТШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫШЫЦ СӨЙЛЕУ ТІЛШЫЦ ЖАҒДАЙЫ

Қ.Қ. Өмірбекова - Педагогика және психология институты, «Арнайы педагогика» кафедрасының профессоры, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Ұ.Д. Эуесбек - Абай атындағы ҚазҰПУ, 4-курс студенті

Сөйлеу қызметі - қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру мен жеткізу, қарым-қатынасты орнату және өз қызметін жүзеге асыру мақсатын көздейтін процесс. Мектепте оқыту сөйлеу тілін жүйелеуге мүмкіндік беріп, анық және нақты сөйлеу тілін қалыптастыра отырып, жоспарлауға жағдай жасайды. Мектеп жасында сөйлеу тілінің барлық жағы дамиды. Олар: фонетика, грамматика және лексика.

Сөйлеу тілі - сөйлеу құралдарын және ойлау қабілетін қолдана отырып, жүзеге асатын қызмет. Ол қарым-қатынас және хат, эмоционалды көріністі және басқа адамдарға деген көзқарастарды білдіріп отырады. Жақсы және қалыпты дамыған сөйлеу тілі адамдардың қазіргі қоғамда белсенді қызмет атқаруларына мүмкіндік берсе, ал мектеп оқушылары үшін оқу үлгерімінің жақсы болуының кепілі. Сөйлеу тілі - шындықты тануға мүмкіндік береді, Баланың сөйлеу тілінің дамуы оқушылардың қоршаған ортаны танып білуі мен түсініктер қалыптасуына байланысты болса, ал екінші жағынан сөйлеу тілін жақсы меңгеру - табиғат пен қоғамдағы қиыншылықтарды жеңуге көмектеседі. Сөйлеу тілі жақсы дамыған баланың оқу үлгерімі жақсырақ болады.

Қазіргі кезеңде физикалық, психикалық, соматикалық, неврологиялық бұзылыстары бар балалар санының көбею тенденциясы байқалады. Ондай бұзылыстардың алдымен сөйлеу тілінің дамуына әсер ететіндігі белгілі. Арнайы деректерге сүйенсек, мысалы, жалпы білім беру мектептерінде оқитын балалардың арасында 38-40%-да әр түрлі тіл кемістіктерінің кездесетіні және олардың арнайы мамандардың, логопедтің көмегіне мұқтаждығы анықталды. Ресейлік авторлардың айтуынша кейінгі жылдарда жалпы білім беру мектеп оқушыларының арасында жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы жиі таралып келеді. Тек, Санкт-Петербург қаласында 1999-2006 жылдар аралығында дисграфиясы мен дислексиясы бар балалардың саны 37% өскен. О.А. Величинкованың (2001 ж.) мағлұматтары бойынша үлгермеушіліктердің 10-20% дисграфиясы бар балаларды құрайды екен.

Мұндай бұзылыстар әр түрлі болып келуі мүмкін және балалардың жалпы дамуына әр түрлі деңгейде әсер етеді. Сөйлеу тілінің бұзылу деңгейіне байланысты мұндай балалар бірнеше топтарға бөлінеді. Оқыту мен тәрбиелеу барысында топтардың әрқайсысы арнайы қадағалауды талап етеді.

Бұзылыстардың кейбірін түзету жұмыстары арнайы логопедиялық мектептерде жүргізілетін болса, ал екіншілерін жалпы білім беру мектептерінде логопедиялық пункт мамандарының көмегіне сүйене отырып жүзеге асыруға болады.

Сөйлеу тілінде қандай да бір кемістігі бар оқушылар логопедиялық көмекті қажет етеді. Ондай балалар тек қарым-қатынасқа түсуде ғана емес, ана тілі мен математика сабақтары және тағы басқа сабақтарда да қиыншылықтарға тап болып, үлгермеуші балалардың қатарына қосылады.

Көптеген тәжірибелі бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың жазбаша және ауызша сөйлеу тіліне баса назар аударады. Олар сөйлеу тілінде жетіспеушілігі бар балаларды уақытылы анықтап, қиыншылықтарды жоюға тырысады. Бірақ көптеген жағдайда мұндай жұмыс нәтиже бермейді. Өйткені, сөйлеу тілінде ауытқу сипатын түсіну және уақытылы анықтау, оны түзетуде арнайы арнайы жеке тәсілдерін анықтау арнайы оқытуды ұйымдастырған жағдайда ғана мүмкін болады [2].

Бірақ, осы уақытқа дейін Қазақстанда ана тілінде оқытатын жалпы мектеп оқушыларының арасындағы тіл кемістіктерінің таралуы, түрлері арнайы арнайы көмек ұйымдастыру жолдарына бағытталған жұмыстар жүргізілмеген.

Сондықтан, жалпы мектеп оқушыларының арасындағы әр түрлі деңгейдегі тіл бұзылыстарын ерте жастан анықтап, оларға арнайы сапалы логопедиялық көмек көрсету мәселесі қазіргі кезеңдегі жалпы және арнай педагогиканың теориясы мен практикасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Тақырыптың өзектілігіне байланысты зерттеу мақсатын-жалпы білім беру мектеп оқушыларының арасындағы сөйлеу тілі бұзылыстарының таралуын және түрлерін анықтау деп белгіледік.

Арнайы әдебиеттерді талдау барысында қарастырылып отырған мәселеге қатысты зерттеулердің жет- кіліксіздігі анықталды. Мәселенің тек кейбір аспектілері ғана қамтылған. Мысалы, Ресей және Қазақстан мамандарының жалпы білім беру мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің бұзылыстарының таралуына қатысты кейбір деректер кездеседі.

Жалпы білім беру мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің жағдайына қатысты кейбір аспектілерін зерттеулерді Түлебиева Г.Н. қарастырған. Өзінің «Жалпы меюгеп оқушыларының сөйлеу тілінің сенсомо- торлық дамуының қалпы» - атты тақырыбындағы мақаласында жалпы мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің қалпы туралы келесідей мәлімет келтіріп кетеді:

№1 кесте. 1-4 сынып оқушыларының фонематикалық қабылдауының қалпы (%)

сыныптар	Деңгейлер		
	Жоғары	орташа	Төмен
1	50	35	15
2	60	30	10
3	65	27	8
4	75	22	3

№2 кесте. 1-4 сынып оқушыларының артикуляциялық қабылдауының қалпы (%)

сыныптар	Деңгейлер		
	Жоғары	орташа	Төмен
1	40	48	12
2	55	41	4
3	80	20	0
4	84	16	0

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып (1-4 с.) оқушыларында фонематикалық қабылдауы толық дамымаған балалар саны аз емес. Сонымен қоса, балаларда артикуля- циялық аппараттың әлсіздігі мен қозғалыс координациясының және фонематикалық қабылдаудың жеткі- ліксіздігі анықталды. Бұл баланың мектепте оқу бағдарламасын меңгеруіне кері әсер етеді. Сондықтан, осы аталған кемістіктерді уақытылы түзетуге көңіл бөлу қажет [2].

Ресей мамандарының жалпы білі беру мектептерінде тіл бұзылыстарының таралуы туралы соңғы зерттеу нәтижелерін мына кестеден байқауға болады:

№3 кесте

Тексерудің жүргізілген жылы	Тексерілген оқушылар саны	Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалар саны (%)
2002	228054	86411 (37,9)
2003	250359	92031 (36,8)
2004	238303	87479 (36,7)
2005	240498	91291 (37,9)
2006	248170	96150(38,7)
2007	248090	96332 (38,8)
2008	257241	103449(40,2)
2009	254358	109677(43,1)
2010	267869	118399(44,2)
2011	274711	124668 (45,4)


Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Ресейдің жалпы білім беру, мектегтерінде сөйлеу тілінде бұзылысы бар оқушылардың саны артуда.

Біздің зерттеу жұмысымызға Алматы қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123, №149 жалпы мектеп, № 53 жалпы білім беру мектебі және 169 орта мектеп алынды.Барлығы 1812 бала тексеруден өтті.Тексеру жұмыстары дәстүрлі әдістермен жүргізілді. Сабақ барысында да балалардың сөйлеу тіліне бақылау жүргізілді. Оқушылардың жазуын тексеру мақсатында, сынып жетекшілерден балалардың диктант дәптерлері жиналып алынды... Зерттеу нәтижесі келесідей нәтиже берді:

Тексерілген сыныптар	Тексерілген оқушылар саны	Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалар саны (%)
1	1812	267 (47%)
2		96(16%)
3		104 (19%)
4		103 (18%)

Кестеде көрсетілгендей жалпы білім беру мектептеріндегі балалардың сөйлеу тілін зерттеу нәтижесі көрсеткендей 1812 баланың 570 балада сөйлеу тілінде ауытқушылық кездесті. Яғни, 100% баланың 31% балаларда түрлі ауытқушылықтары бар. 3-сыныпқа өткен уақытта сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалардың саны артатыны анықталды. Бұл жазу бағдарламасының күрделіленуімен байланысты деп болжаймыз.

Барлығы 85-сынып тексерілді.



Бұл диаграммада тексерілген сыныптар саны көрсетілген. Ол бойынша 1 -сынып - 29 (35%), 2-сынып - 16 (19%), 3-сынып - 23 (27%), 4-сынып - 16 (19%) құрайды. Жалпы білім беру мектептеріндегі балалардың сөйлеу тілінің жағдайын әлі де терең тексеру керек. Осы мәліметтер жалпы білім беру мектептерінде логопед мамандардың жұмыс жасау қажеттігін тағы бір дәлелдесе керек.

- 1 Ястребова А.В. *Коррекция нарушений речи у учащихся общеобразовательной школы.* -М., 1978.
- 2 Тулебиева Г.Н. «Жалпы мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің сенсомоторлық дамуының қалпы», *Хабаршы №2, 2011.*
- 3 Ларченко И.М. «Анализ статистических данных по состоянию речи детей в Москве», *Логопед - №9, 2012.*

Түйін

Мақалада жалпы білім беретін мектеп оқушыларында жиі кездесетін сөйлеу тілінің бұзылыс түрлері және статистикалық мәліметтер берілген.

Резюме

В статье приведены статистические данные о видах речевых нарушений, встречающихся у учащихся общеобразовательных школ.

Summary

The article presents statistics on the types of speech disorders occurring among students in secondary schools.

СӨЙЛЕУ ТІЛБҰЗЫЛҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІШГБАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІБІЛІКТІЛІШТЕРШІЦ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Н. Түлебиева - *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы*

Қазіргі кезде қоғамда, әлеуметтік, мәдениеттік жағдайда болып жатқан өзгерістер оқу-тәрбие үдерісін де байқалады. Бұл алдына қойылған міндеттерді шығармашылық түрғыдан шешуге, бірегей ойлауға қабілетті трғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінің коммуникативті бағыты Қазақстан республикасының мемлекеттік стандартының жаңа талаптарына сәйкес басымды бағыттың бірі болып саналады. Бұл өте маңызды, себебі, жеке тұлға аралық байланыс орната алатын, коммуникативті міндеттерді шеше білетін тұлғаны қалыптастыру-оның замана- уи әлеуметтік, мәдениеттік ортада ойдағыдай бейімделуіне мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім алу адамның үздіксіз білім алуда алғашқы сатысы. Коммуникативті біліктілік- тің көрсеткіші - баланың басқа адамдармен сөздік қатынасқа түсе білу қабілеті.

Сөйлеу тілі функцияларының бұзылуы баланың коммуникативті біліктілігінің даму үдерісіне кері әсерін тигізеді. Сөйлеу құралдарының жетілмеуі қарым-қатынас деңгейін төмендетеді, психологиялық ерекшеліктерінің пайда болуына әсер етіп, жалпы және қатынас белсендігін төмендетеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы жеке психикалық функцияларының жетілмеуімен, эмоционалды тұрақ- сыздығымен, коммуникативті актісінің тұрақты бұзылумен сипатталады. Мұның бәрі баланың коммуни- кативті біліктілігінің дамуын тежейді.

Бұл мәселеге көптеген ғалымдардың зерттеулері арналған: М.И. Лисина, Н.Д. Никандров, А.Б. Добрович, Т.А. Репина, Е.О Смирнова, Е.А. Дьяков, В.А. Ковшиков, Ю.И. Кузьмин, Н.М. Пылаева, Э.Р. Сайтбаева, Л.Б. Халилова және т.б.

Бірақ арнайы зерттеулерді талдай отырып келесі тұжырымдау жасауға болады: әлі күнге дейін жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті біліктіліктерін дамыту мәселесі толығынан, терең зерттелмеген.

Бүгінгі күнге дейін ҚР-да бұл бағытта арнайы зерттеулер жүргізілмеген. Бұл жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті біліктіліктерін мақсатты дамыту жүйесінің, тиімді қалыптастыру талдамаларының жоқтығына әкеледі.

Коммуникативті әрекет мектеп жасына дейінгі кезеңде маңызды әрекеттің бірі, себебі оның қалыптас- пауы баланың құрбылар арасында және жалпы социумда әлеуметтік бейімделуін қиындатады.

Сонымен, бүгінгі күні мәселені қарастыруда қарама-қайшылық іуындайды: мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың коммуникативті біліктіліктерін дамыту қажеттілігімен және педагогикалық ғылымда мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың коммуникатив- ті біліктіліктерін дамыту жайында біртұтас түсініктің болмауы.

Жоғарыда айтылған мәселелер осы бағытта зерттеу жұмыстарыға жүргізу қажеттілігін дәлелдейді.

Арнайы әдебиеттерді талдау қорығындысы негізінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың коммуникативтік дамуының ерекшеліктерін анықтауға бағытталған эксперимент жүргізу қажеттілігі гуындады.

Зерттеу *мақсаты* мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың коммуникативтік дамуының қалпын анықтау болып табылды.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың қатынас ерекшеліктерін анықтау жұмысы сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған №66, №54 балабақшажәне мектепке дейінгі №52 мекеменің базасында жүргізілді. Экспериментке ересектер және мектепке даярлық тобының балалары қатысты: ЖСТД -16 бала (ЭТ-эксперименталды топ); сөйлеу тілі қалыпты дамыған - 16 (БТ-бақылау тобы). ЖСТД балалардың арасында ринолалиясы, дизартрияның көмескі түрі бар балалар болды. Барлық балалардың есту және көру қабілеті, зияты қалыпты жағдайда.

Зерттеу кезінде келесі *әдістер* қолдандық: медициналық, психологиялық және педагогикалық құжаттармен танысу; ата-аналар арасында сауалнама жүргізу; педагогикалық эксперимент, зерттеу нәтижелерін талдау.

Зерттеудің дайындық кезеңінде балалардың медициналық және психологиялық педагогикалық құжат- тарымен танысып, тәрбиешілермен әңгіме жүргізілді. Нәтижесінде балалардың дамуы туралы мәліметтер жинақталды.

Зерттеу жалпы педагогикалық қағидаларға және арнайы педагогика қағидаларына (кешенділік, жүйелілік) сүйене отырып жүргізілді.

Зерттеу Р.Е. Левина [1] және М.И. Лисинаның [2] әдістемелері бойынша ұйымдастырылды. Тапсырмалар екі сериядан құрастырылды.

Бірінші сериядағы тапсырмалар Р.Е. Левинаның әдістемесі бойынша *баламен қарым-қатынас орнатуға* бағытталған болды. Ол үшін балапармен әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында баланың бөгде адаммен қатынасқа түсу, сұрақтарға жауап беру арқышы әңгімені үзбеуінің тәсілдерін анықтауға, байланыстырып сөйлеу тілінің даму деңгейінің қалпын анықтауға мүмкіндік алды.

Эксперимент кезінде төмендегідей көрсеткіштерге (критерийлерге) зейін қойды:

- тапсырманы орындауға деген ынтасы, қатынасқа түсу белсенділігі;
- мимиканы, басқа да сөзсіз құралдарды қолдану, баланың кеңіл күйі, сөз мәнерлігі (қатынастың экспрессивтігі);
- тапсырманы орындау кезінде көмекке жүгінуі, өз бетімен орындауы;
- баяндаудың толықтығы, өз ара байланысы және қисындылығы, берілген үлгіге мағыналық сәйкестігі.

Тапсырманы орындау барысында қиындықтар туандаған жағдайда (үзаққа созылған кідіріс, әңгімелеу кезіндегі үзіліс, тапсырманы бастау кезіндегі қиындық) анықтауыш және сілтеуіш сұрақтар түрінде көмек көрсетіліп тұрды.

Қатынас құралдарын бағалау критерийлері Р.Е. Левина бойынша алынды. Тапсырманы жоғары деңгейде орындау үш баллмен белгіленді. Тапсырманы орындау бойынша біз жоғары, орташа, төмен деңгей деп белгіледік.

Жоғары деңгей: тапсырманы толық, өз бетімен орындауы, нұсқауды бірден түсінуі, материалды қисынды, мәнерлі әңгімелеп беруі, сөйлемдерді дұрыс құрастыруы, қатынасқа түсу кезіндегі баланың белсенділігі, қызығушылық тантауы (3 балл).

Орташа деңгей: ересектердің көмегін қажет етеді, сөздік қорының таяздығы, өрескіл афамматизмдер, бала қатынас кезінде белсенді және ықышас білдірмейді. Тапсырмаға деген қызығушылық артпайды, зейінсіз, сөзі мәнерсіз (1-2 балл).

Төмен деңгей: тапсырманы орындаудан бас тарту, орындамау (0 балл).

Екінші серия тапсырмалары балалардың қатынас формаларын анықтауға бағытталған.

Балалардың ересектермен қатынасқа түсудің негізгі формасын анықтау үшін М.И. Лисинаның әдістемесін қолдандық. Бұл әдістемесі бойынша қатынастың үш түрін зерттейді: *жағдайаттың-іскерлік, жағдайаттыңтан тыс-танымды, жағдайаттыңтан тыс-тұлғалық.*

Қатынастың *жағдайаттың-іскерлік* түрін зерттеу кезінде балалармен ересектің қатысуымен ойын ұйымдастырылды. Ол алдымен ойынның шартын түсіндіріп, ойыншықтарды қалай қолдану керек екенін түсіндірді. Содан кейін бала өз әрекетін бастайды. Ересек баланың ойынын бақышап, қажет болса көмек беріп тұрды (баланың сұрақтарына, ұсыныстарына жауап беру). Бала мен ересектің қатынасқа түсуі ойыншықпен практикалық әрекеті негізінде болды.

Қызығушылық-жағдайаттыңтан тыс-танымды түрін зерттеу кітапті оқу және талқылау негізінде жүргізілді. Кітаптар танымдық сипатта болды және балалардың жасын ескере отырып іріктелді. Эксперимент жүргізіші балаға кітапті оқып беріп, суретте не бейнеленгенін түсіндіріп отырды. Сонымен бірге бала өз білгенін айтуға мүмкіндік берді және қойылған сұрақтарға жауап беріп тұрды. Балаға бірнеше кітаптар ұсынылды, ол өз еркі бойынша біреуін тандап алды.

Қатынастың *жағдайаттыңтан тыс-тұлғалық* түрін зерттеу барысында балалармен жеке бас тақырыптары бойынша әңгіме жүргізілді. Ересек балаға оның жанұясы, достары туралы сұрақ қойылды. Сонымен қатар ересек өзі, достары туралы, өзінің адамгершілігі мен кемшіліктерін бағалай отырып, әңгімелесуде белсенді және тең қатысушы болуға тырысты.

Ересектермен қатынасқа түсу түрлерінің ерекшеліктерін анықтау үшін эксперимент жүргізуші балаға алдын ала дайындалған ойыншықтар мен кітаптарды көрсетіп, қайсысымен ойнағысы келетінін сұрап біліп алды (ойыншықтармен ойнау, кітап оқу, әңгімелесу). Тексеру процедурасы: логопед балаға әртүрлі жағдайаттарды ұсынады: ойыншықтармен ойнау, кітапті оқу немесе әңгімелесу. Баладан «Не істегің келеді?» - деп сұрайды. Логопед бала тандаған әрекетті ұйымдастырады. Содан кейін логопед қалған екі әрекетті ұйымдастырады. Егер бала өз бетімен әрекетті тандауға қиналатын болса, логопед аталған әрекеттерді ретімен орындауды ұсынады (ойнау, оқу, әңгімелесу). Әр ұйымдастырылған әрекет 15 минут ішінде орындалуы қажет.

Эксперимент барысында тексеру хаттамасы толтырылды. Хаттамада балалардың әрекетінің көрсеткіштері жазышып отырылды: жағдайаттардың реттілігін тандау; алғашқы минуттарда зейіннің негізгі нысаны; зейін нысанына деген белсенділігінің сипаты; эксперимент барысында баланың өзін жайлы сезіну деңгейі; сөйлеуін талдау; балаға ыңғайлы әрекеттің ұзақтылығы.

Экспериментальді және бақылау тобындағы балалардың ересектермен қатынас сипатын зерттеу кезінде мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі кемістігі бар балалардың 56% жағдайатғы-іскерлік түрін ұнататыны анықталды. Ал бақылау тобында - 9% қатынастың осы түрін қалайды екен. Бақылау тобындағы балалар (сөйлеу тілі қалыпты жағдайдағы) ересектің ойнауға шақыруын қабылдап, қатынасқа тез түсіп, қатынасты ары қарай жалғастыруға қызығушылық танытты. Ал жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар қатынасқа кешірек түсіп, ересекпен қатынасты тез аяқтады.

Қатынас кезінде балалардың вербальды емес құралдарды пайдаланудың салдарынан вербальды реакцияларының төмендеуі байқалады.

Жағдайатты-іскерлік жағдайда балалардың ересектермен қатынасқа түсу кезінде жест пен ымды жиі пайдаланатыны байқалды. Балалардың ойын әрекеттері жеке сөздермен немесе сөз тіркестерімен, сирек жағдайда фразалармен сүйемелденіп тұрды.

Зерттеу барысында балалар бірдей емес қатынас түрлерін тандады. Ең жиі қолданатын сөйлеудің коммуникативті түрі хабар ету мен сұрақтар болды. Мысалы, сұрақ-хабарлау: «Біз нені құрастырамыз?», «Итті»;


сұрақ-сұрақ: «Саған көмектесейін бе?», «Бұл аяғыма?»; хабарлау - дәлелдеу мақсатымен қойылған сұрақ: «Былай істеу керек», «Былай ма?»; хабарлау- хабарлау: «мынау оның басы», «аяғы, оның қолы». Келесі коммуникативті түрлері сирек кездесті: әрекетке ынталандыру - орындаудан бас тарту немесе орындау: «ананы бер», «...»; хабарлау - хабарлау: «Мақұл, түйені құрастырайық», «міне бар».

Танымдық ынтымақтастық жағдайда, ересек балалармен бірге кітаптарды көріп, әңгімеге тарта отырып, баланы танымдық қатынасқа ынталандыра отырып, балалар үшін танымдық ақпараттың көзі ретінде болды.

Ересектермен *жағдайатты танымдық қатынасқа* түсуді сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың 68%, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың 32% қалады. Бұл жағдай барлық балалар үшін ұзақ мерзімді болды, балалар қызығушылық танып, көзбе-көз кездесу, ымдауды кеңінен пайдалана отырып қатынасқа тез түсе білді. Эксперимент кезінде алынған нәтижелер сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалар вербальді және вербальді емес құралдарды жиі пайдаланатыны дәлелденді. Эксперимент барысында байқалғаны екі топтың да балалары ересектермен қатынастың бастамашы функциясын атқарып, диалог тақырыбын белгілей білді, бірақ басталған вербальді ынтымақтастықты жалғастыруда әлсіз қабілеттілігі байқалды. Бұл кері байланыстың болмауының белгісі. Мектеп жасына дейінгі балалардың жиі қолданылатын коммуникативті түрі хабарлау және сұрақтар болып табылды. Ал жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда кезектілігі өзгеше: сұрақтар және хабарлау. Сұрақтар жағдайаттың шеңберінен шықпады. ЖСТД бар балалар ересектерге өтініш, ұсыныс білдіретін сөздер айтпады.

Ересектермен *жағдайаттыңтан тыс-тұлғалық қатынасқа* түсу экспериментте қатысушылардың 6,3% және 14% байқалды. ЖСТД балалардың жиі қолданатын сөйлеу түрі тұлғалық, танымдық және іскерлік болып табылды (берілген кезектілік оларды қолдану жиілігін білдіреді). Балалар ересектік назарын физикалық элементтің құбылыстарына аударған жағдайлар кездесті («Оқол не үшін?»; «Бұл жаз »); суретке бейнеленген адамның тәртібінің ерекшелігінен кері оның әрекетіне және сыртқы бейнесінің ерекшеліктеріне көңіл аудару («Ол үкен»; «сай ішіп түл»), Сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың арасында іскерлік сөздерді қолданған балалар жоқтың қасы болды және олар адамдардың әрекетіне, қадыр-қасиетіне байланысты сұрақтар қоя білді, бағалау сөздер айтты.

Зерттеу кезінде алынған нәтижелер екі топтың балаларының коммуникативті белсенділігінің көрсеткіштері әртүрлі екенін көрсетті (сурет 1).



Сурет 1. Экспериментке қатысқан балалардың коммуникативті белсенділік деңгейі (%)

Қатынас белсенділігінің жоғары деңгейі қалыптасты дамымаған балалардың 42%, ал жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың арасында белсенділігі жоғары деңгейдегі балалар болмады. Орташа деңгейдегі балалар-БТ -39%, ЭТ-19%; төмен деңгейдегі балалар-БТ -21%, ЭТ-79%.

Ересектермен қатынасқа түсуінің үш түрінен біреуін тандауды ұсынған кезде жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар тобындағы үш бала алғашқыда ойынға көңіл аударды, бірақ кейін кітаптарға жақындады, соңында ересектермен бірге әрекеттенуді тандады; екі бала не істейтінін білмеді, оларға әрекеттердің кезектілігі ұсынылды. Ал қалған балалар ойын әрекетін тандады. ЖСТД балалардың қатынасқа деген қажеттілігі төмен. Ересектен әрекеттегі серігі ретінде көмек сұрауы, ересектермен тұлғалық қатынасқа түсуі өте сирек байқалды. Балаларда сөздің өнімінің құрылысының толық еместігі, мағыналық жағының кемшілігі басым. Балалардың қарым-қатынасы көбінесе жағдайатты сипатта болды.

Эксперимент барысында балаларда коммуникативті қиындықтар бар екені дәлелденді. Қатынастың ынталандырушы (мотивациялық) компонентінің қалыптаспауының салдарынан сөйлеу құралдарында төмен деңгейде болады: сөйлеу және қатынас белсенділігінің төмендеуі, сөз аппаратын қабылдауының төмен деңгейі, сөйлеу тілінің жағдайаттылығы, өзге зауқы аз болуы.

Зерттеу нәтижесінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілі жағдайатқа байланысты, балаларда өз ойларын байланыстырып жеткізу дағдылары қалыптаспаған, өз ойларына дәлелдеме бере алмайды деп тұжырымдауға болады.

1 Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения /М.И. Лисина. - М.: ВЛАДОС, 2006. 144 с.

2 Левина Р.Е. Характеристика ОНР у детей / Р.Е. Левина, Н.А. Никашина. - М.: Просвещение, 2009. -159 с.

3 Ладыженская Т.А. Речь. Речь. Речь. - М., 1983. - с. 115.

Түйін

Мақалада мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың коммуникативті біліктіліктерінің ерекшеліктері қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются особенности коммуникативной компетенции дошкольников с общим недоразвитием речи.

Summary

In the article the state of communicative competence of preschool children is examined with the general exhalation of speech.

ЦЕРЕБРАЛЬДІ САЛ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУ
ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.Ж. Нурсейтова - оқытушы, арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасы, ҚазМемҚызПУ

Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) статистикалық мәліметтері бойынша дүние жүзінде мүгедектер саны 10%-ды, яғни 500 миллион адамды құрайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық генетикалық регистрі мәліметтері бойынша біздің елімізде жыл сайын 2000-нан 3500-ге дейін туа біткен және тұқым қуалау патологиясымен туыады, бұл жаңа туылған 1000 нәрестеге шаққанда 20,0-24,3 құрайды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша орталық жүйке жүйесінің перинаталдық зақымдалуының жиілігі осы жас санатын- дағы балалардың сьфкаттанушылық құрылымында 7,5-22,4% құрайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында церебральді салдық диагнозымен 9 мыңға жуық бала тіркелген. Тірек-қимыл қозғалысындағы (ТҚҚ) жарақаттар және туа біткен немесе жүре пайда болған аурулар 5-7% балаларда байқалады. Олардың негізгі тобын орталық церебральді сал аурумен ауыратын балалар (89%) құрайды, ол балалар қимылындағы кемістік психикалық және сөйлеу тіліндегі ауытқушы- лықтармен үйлеседі.

Церебральді салдықтың пайда болу кезінде мидың жарақаттану уақытына назар аудару керек. Нақты әр 100 БЦС жағдайдың себебі: 30-ы ана құрсағында, 60-ы толғақ кезінде, 10-ы туылғаннан кейін [1]. БЦС жағдайындағы кемістіктің құрылысы психикалық дамуға әсерін тигізеді. Психика дамуындағы кемістік механизм! күрделі және ол ми зақымдануының уақытымен, деңгейімен анықталады. БЦС кезіндегі психи- кадағы кемістік танымдық іс-әрекеттің сезім - ерік жүйесінің қалыптасуына зақым келтіреді.

Церебральді сал ауруына шалдыққан балаларды оқыту, тәрбиелеу, емдеу, кешенді түрде оналту мәселелерін көптеген педагогтар, психологтар, дәрігерлер қарастырған: Л.О. Бадалян, Л.И. Виноградова, М.В. Ипполитова, Э.С. Калижнюк, И.И. Кириченко, К.А. Семенова, Т.И.Серганова, О.В. Степанченко, Л.М. Шипицына және тағы басқалары [2].

Сал ауруы, паралич (грек, paralipsis - әлсіреу) - орталық не шеткі жүйке жүйесі қозғалыс орталығы- ның зақымдануынан қимыл, қозғалыс органдары қызметінің толықтай жойылуы.

Бала өмірінің бірінші айында балалар церебральді сал ауруы диагнозын қимыл-қозғалыс патологиясын ескере отырып қояды. Балалар церебральді сал ауруымен ауыратын балалардан бірінші аптада әлсіздік немесе туа берілетін қимыл-қозғалыс рефлекстерінің жоқтығын байқауға болады:

- 1) бала қорғанады, етбетінен жатқан бала тыныс алу үшін басын бұрмайды,
- 2) вертикальді күйде тұрған балалар қалыпты дамыған балалардай сүйенбейді,
- 3) еңбектеу рефлексі-етбетінен жатқан қалыпты дамыған бала еңбектей бастаса, ауру бала еңбектеуге қабілетсіз

[3,4].

Әлемде БЦС 20-астам классификациялары ұсынылған. Олар этиологиялық, клиникалық патогенети- калық ерекшеліктерге негізделген. Клиникалық практикада К.А. Семенованың классификациясы қолда- нылады. Оған автордың және Д.С. Футер мен М.В. Цукер классификацияларының элементтері қосылған [1,2]. Жалпы БЦС 5 түрге бөледі:

Спастикалық диплегия - БЦС ең кең таралған түрі, тетрапарезбен сипатталады, бірақ қолдар аяқтар- ға қарағанда азырақ зақымдалған. Мұндай балалар арнайы оқу барысында өз-өзін күту, жазу және басқа еңбек дағдыларын меңгере алады. Спастикалық диплегия кезінде жүйелі түзету жұмыс әсерінен психика- лық және сөйлеу бұзылыстарын жеңу мүмкін болады.

Қос гемиплегия - дамымаған мидың ауыр бұзылыстары кезінде пайда болады. Бұл да тетрапарез. Бірақ аяқ- қолдарының барлығы зақымдалған, науқастар қозғалмайды, сөйлемейді және зияты терең бұзылған. Олардың жағдайы қатарлас синдромдармен қиындалатындықтан, олардың тәрбиелеу мен оқытуы мүмкін емес болады. Егер бұндай науқастарда зияттың терең дамымауы болмаса, қос гемиплегия кейін спастикалық диплегияға өзгерілуі мүмкін.

Гиперкинетикалық түрі - зорлықты қозғалыстармен сипатталады. Гиперкинетиздер салдықпен (паралич) де, парездермен де, оларсыз да кездеседі. Сөйлеу бұзылыстары кең таралған (90 %), жиі гипер- кинетикалық дизартрия түрінде. Бұндай жағдайда бача зияты айтарлықтай жиі қанағаттанарлық болады. Ауыр сөйлеу бұзылыстары мен ерікті қимылдардың ауыр бұзылыстары бапа оқытуына кедергі жасайды. Бірақ БЦС бұл түрімен балалар адамдармен қатынасуға және оқуға талаптанады. Бұл аурудың түрі оқыту мен әлеуметтік бейімделу жағынан ең қолайлысы.

Атоникалық-астатикалық түрі - басқа түрлерге қарағанда бұлшықеттердің төмен тонусымен

сипатталады, парездер, атаксия мен тремор белгіленеді. Балалардың 60-75% көлемінде сөйлеу бұзылыстары ішінен мишық дизартриясы кездеседі. Жиі психикалық жетілмеу байқалады.

Гемипаретикалық түрі кезінде БЦС-тың басқа түрлеріне қарағанда қозғалыс бұзылыстары төмен деңгейде байқалады. Трофикалық бұзылыстары себебінен балаларда сүйек өсуі баяуланып, аяқ-қолдардың паретикалық ұзындығының қысқаруы пайда болады. Бұнда әсіресе қолдар - оң немес сол қол зақымданады. Бұл балалық церебральды салдықғың түрі кездінде науқастар басқаларға қарағанда жақсы қатынасады, әлеуметтік бағдарланады, еңбекке менгеріледі. Бірақ санау, жазу, кеңістікті қабылдау сияқты ми-қабат бұзылыстарды түзету қажет етеді.

БЦС бір ерекшелігі қол моторикасының бұзылуы. Аурудың кейбір түрлерінде нәрестелік кезеңнің тоникалық рефлекстері сақталғандықтан, қозғалыстың дамуына кедергі туғызады (Семенова К.А., Махмудова Н.М) [2]. Қозғалтқыш анализатордың орталық бөлімінің бұзылуы қол моторикасының күрделі және тұрақты бұзышылықтарға соқғырады. Олар тек булшыкет тонусының бұзылуымен, паретикасымен, гиперкизбен ғана сипатталмай, аяқ-қолдардың қате ұстауы мен буындардың контрактураларымен белгіленеді. Қозғалыс ауытқушылықтары жас өсе келе күшейуі мүмкін. Әсіресе олар ерікті іс-қимыл жасаған кезде анық көрінеді, бұл қимылдарды жадыда дұрыс қалыптастырып белгілеп қоюға кедерді туғызады.

Қос гемиплегиямен ауыратын балалар саусақтың баяу қимылын геометриялық фигураны айналдыра жүргізген кезде немесе кинестетикалық қабылдауда білмейді, егер балаға үшбұрышты беріп, балаға саусақпен баяу айналасынан жүргізіп шығуға бұйырса және осы кезде шеңбер көрсетсе бала үшбұрышты емес «шеңбер бойын» сезеді. Аурудың атоника-астатикалық түрінде кинестетикалық қабылдауда бала тік сызықты тік сызық ретінде қабылдай алмайды. Ол оны шеңбердің жартысы ретінде қабылдайды. Гемипарез кезінде кинестетикалық қабылдау толық болмайды, кейде баяу іс-әрекетті жалған түрде қабылдайды.

Балалар церебральді сал ауруының мәселелерін қарастыратын ғалымдар (Э.С. Калижнюк, И.Ю. Левченко, Е.М. Мастокова, К.А. Семенова, М.Б. Эйдинова) кинестетикалық қабылдаудың ауытқуы гностикалық функцияның дамуының бұзылысының бір себебі деп санайды [5]. Балалар церебральді сал ауруы кезінде саусақ праксисінің, саусақ гнозисінің, стереогноздың бұзылатындығы анықталған.

Өз денемізді елестеткенде, денеміздің орналасуы - дене сызбасы, денеміздің қимылға келтіретін функцияларымен яғни, көру, сезу, кинестетикалық қабылдаулармен тығыз байланысты екені белгілі.

Балалар церебральды параличтің түрлі формасымен ауыратын балалардың қимыл әрекет функциясына, күрделі және тұрақты бұзылыс тән.

Балалар церебральді сал ауруы бар балалардың танымдық әрекеттері олардың психикалық дамуына байланысты да бұзылады. Көптеген авторлар (М.Б. Эйдинова, К.А. Семенова, Р.Я. Абрамович-Лехтман, Е.И. Кириченко, И.Ю. Левченко) балалар церебральды сал ауруы бар балаларда психикалық дамудың бұзылуы аномальды бұзылысқа тиісті және бұл бұзылыс бас миының бұзылуының уақыты мен ықшамдалуына байланысты екенін бекітеді [5, 6].

Балалар церебральды сал ауруы бар балаларда қозғалыс күшінің жеткіліксіздігінің пайда болуы ерте жастан бастап қабылдаудың барлық түрінің дамуына әкеледі. Балалар церебральды сал ауруы бар балаларда заттық әрекет аз болғандықтан олардың заттық қабылдауы жеткілікті түрде дамымаған, ал заттық әрекет жалпы моториканың дамуына сынсыз және қалыптаспауынсыз мүмкін емес. Заттық әрекеттің арқасында түйсіну дамиды.

Церебральді сал ауруы бар балалардың көбісі пішінді қабылдау жағынан, кеңістікте көлемді және жалпақ заттарға байланысты көп қиналады. Балалар церебральді сал ауруы бар балалар жиі өз денелерінде бағыттай алмай жатады. Дене схемасының дамуы кеңістікті қабылдаумен тығыз байланысты. Кеңістікті бағдарлау науқаста байланысты түрде пайда болуы мүмкін. Оларда «оңға», «солға» деген түсініктер ауыр қалыптасады, саусақ агнозиясының элементтері пайда болады, жазуды, оқуды, санауды меңгергенде қиындықтар кездеседі. Көріп және кинестетикалық қабылдаумен қатар, кеңістікті елестетуді дамып кезінде есту анализаторының мәні үлкен. Жалпы моториканың дұрыс дамуы кеңістікті ажырату әрекетінің жетіспеушілігі сипатталады, балалар церебральды сал ауруы бар балаларға естіп қабылдаудың жетіспеушілігі тән болады. Науқас бала өзінің мүмкіндігін байқамай саусақтарын айыра алмайды және белгілей алмайды. Саусақтық агнозиясы кейде бет элементтерінің білінбейтіндігімен, реакция бермейтіндігімен ұштасып жатады. Бұл науқастар аданың суретін, әсіресе беті мен қолын сала алмайды [7].

Церебральды сал ауруына шалдыққан балалардың дамуында, олардың білім алуында және олардың бойында эстетикалық тәрбиені қалыптастыруда бейнелеу өнерінің маңызы зор. БЦС балаларды бейнелеуге оқыту коррекциялық бағытта болуы керек, яғни танымдық қабілеттерін, эмоционалды-ерік сферасын, қол ұсақ моторикасын дамыту [6, 7].

Церебральді сал ауруына шалдыққан балалардың бейнелеу эрекетін меңгеру ерекшеліктерін анықтау- ды алдымызға мақсат етіп қойдық. Зерттеу Алматы қаласындағы №2 арнайы (түзету) мектеп-интернатын- да жүргізілді. Жалпы зерттеуге 7-9 жас аралығындағы церебральді сал ауруының әр түрімен ауыратын 20 бала қамтылды.

Церебральді сал ауруына шалдыққан балалардың бейнелеу эрекетінің ерекшелігін зерттеу барысында, ойлаған бейнесін еркін қағаз бетіне түсіруге қажетті дағдыларын анықтау мақсатында Т.С. Комаров әдістемесін басшылыққа ала отырып тапсырмалар жүйесін құрастырдық. Т.С. Комаров мұндай дағдылар- ды үш топқа бөлуді ұсынады.

1 топ - құрал-саймандарды меңгеру дағдысы;

2 топ - суреттің боялуы және сызықтардың салынуына қажетті, қимыл-қозғалыстың сапасының жақсаруына әкелетін дағдылар.

3 топ - заттың қасиеттерін кеңістікте бағдарлап жеткізуге қажетті дағдылар (пішіні, құрылымы, бөлшектері, көлемі, пропорциясы).

Дағдылардың бірінші тобы

Дағды	Біліктілік	Тапсырма
Құрал-саймандарды меңгеру дағдысы мен біліктілігі. 1. Қалам және қылқаламды ұстай білу дағдысы. 2. Қаламмен тік және көлденең сызықтарды салу кезіндегі қолдың қалпын меңгеру дағдысы. 3. Қылқапмен сызықты бастыру дағдысы 4. Жіңішке және жалпақ сызықтарды салу кезіндегі қылқаламды ұстау дағдысы. 5. Қағаз бетіндегі өшірілген нүктелерді қосу дағдысы.	Сурет салу кезінде қалам және қылқапмен еркін жұмыс жасай білуі керек	Жоғарыдан төменге қарай сызық жүргіз. Жол сал (көлденең сызық). Енді қылқаламмен сап: а) жоғарыдан төменге қарай сызық; б) Жол сал (көлденең сызық). Енді қылқаламмен жаппақ және жіңішке жолақша сал. Мына нүктелерді қосып шық (түзу сызық бойымен).

Дағдылардың екінші тобы

Дағды	Біліктілік	Тапсырма
Суретті бояғанда және сызықтар салғанда сапасының жақсы болуына қажетті қимыл-қозғалыс дағдысын меңгеру. 1. қалам мен қылқаламды ұстаған кезде қимыл-қозғалысты еркін басқару дағдысы. 2. Қимыл-қозғалыс амплитудасын ерікті түрде өзгерту. 3. Қимыл-қозғалыс жылдамдығын ерікті түрде өзгерту дағдысы. (баяу және жылдам). 4. Дер кезінде қимылды аяқтау дағдысы. 5. Қайталанатын қимылдарды бір қалыпты орындау дағдысы.	Бейнеге сәйкес қимыл-қозғалысты орындай білу.	1. Пішіндер қалай аталады? Атап шық (үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер) 2. Мына нүктелерді қосып шық. Не шықты? (үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбердің бірнеше нүктелері) 3. Мына пішіндерді қаламмен ұқыпты бояп шық (үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер). 4. Бояп шық: екі үшбұрышты жоғарыдан төменге қарай 5. Шарбақ сал (бірнеше тік сызықтар) Ізін жалғастыр (үздік сызықтар)

Дағдылардың үшінші тобы

Дағды	Біліктілік	Тапсырма
Заттардың кеңістіктегі қалыптың жеткізетін дағдышар мен біліктіліктер. (пішіні, құрылымы, бөлшектері, көлемі, пропорциясы). 1. қимылдың бағытын сақтай білу дағдысы а) тіке б) доға, в) шетімен.	1. қимылдың бағыттарын өзгерте білу (бұрыштар бойынша, түзу сызықтан доға сызық жасауға ауысу; бірінші доға сызықтан екінші доға сызыққа ауысу). 2. Заттың көлемі бойынша бөліктерінің ұзындығына қарай қимылдарды жасау (тік үшбұрыш, төртбұрыш)	1. Машина жүретін жолды жалғастыр. 2. Кемпіркосак сал. 3. Шеңбер сал (үлкен, кішкентай). 4. Аккала сал (үш тіке қойылған шеңбер). 5. Адам сал. 6. Үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер сап. 7. Үй сал. 8. Ағаш сал. 9. Алманы салып бітір (жартысынан). 10. Туды сап. 11. Баспалдақ сал.

Тапсырманың орындалуына қарай сандық көрсеткіш бойынша нәтижелерін бағалау:

5 ұпай - дағдылар жасына сай қалыптасқан;

4 ұпай - тапсырма баяу, сенімсіз орындалды;

3 ұпай - тапсырма баяу, сенімсіз орындалды, параққан қалам алынып кетті;

2 ұпай - қимылдың бір қалыптылығы бұзылған, микро және макрография орын алады; 1 ұпай - тапсырма орындалмады.

Бұл балалардағы БЦС түрлеріне және ауырлық деңгейіне қарай бейнелеу әрекетінің қалыптасу деңгейі- ін салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеуден алынған нәтижиелерді № 1 кестеде ұсынып отырмыз.

№1 кесте. Зерттеудің нәтижесі

Аты-жөні	Клиникалық диагнозы	Ауырлық деңгейі	Ортақ ұпайы	ортақҰпайы	ортақ ұпайы
1. Алия А.	БЦС, спастикалық диплегия	жеңіл	3,0	3,4	3,6
2. Бекен С.	БЦС, спастикалық диплегия	жеңіл	3,2	3,0	3,4
3.Бақыт Ж.	БЦС, оң жақты гемипарез	орташа	2,2	2,2	2,2
4. Диас Н.	БЦС, спастикалық диплегия	орташа	2,4	2,6	2,8
5. Дана И.	БЦС, гиперкинетикалық түрі	жеңіл	3,6	3,4	3,2
6. Еңілік А.	БЦС, спастикалық диплегия	жеңіл	3,8	3,4	3
7. Жібек Қ.	БЦС, гиперкинетикалық түрі	ауыр	2,2	2,2	2
8. Ира С.	БЦС, сол жақты гемипарез	орташа	1,6	1,8	1,6
9. Күнай І.	БЦС, спастикалық диплегия	орташа	3,0	2,8	2,4
10. Карша Е.	БЦС, спастикалық диплегия	ауыр	1,4	1,4	1
11. КаримИ,	БЦС, гиперкинетикалық түрі	жеңіл	3,4	3,6	3,8
12. Айым А.	БЦС, спастикалық диплегия	жеңіл	4,0	3,6	3,6
13. Лидо А.	БЦС, оң жақты гемипарез	орташа	3,0	2,8	3,2
14. Мая М.	БЦС, оң, жақты гемипарез	орташа	3,2	3,2	3,2
15.НазҚ.	БЦС, спастикалық диплегия	ауыр	2,0	1,4	1,6
16. Нұрым С.	БЦС, оң жақты гемипарез	орташа	3,0	2,6	3,4
17. Тимур Т.	БЦС, спастикалық диплегия	орташа	3,6	3,4	3,2
18. Ару Ж.	БЦС, сол жақты гемипарез	жеңіл	4,0	4,0	3,8
19. Асан А.	БЦС, гиперкинетикалық түрі	орташа	2,6	2,6	2,6
20. Шынар Р.	БЦС, спастикалық диплегия	ауыр	1,4	1,0	1

Зерттеудің нәтижесінде церебральді сал ауруының әр түрімен ауыратын балалардың бейнелеу әрекетінің ерекшеліктері анықталды. Көптеген балалар қарапайым суреттерді бейнелей алмады. Олардың графикалық әрекеттері шипақпау сипатында болды.

Еріксіз қимылдар жасайтын балалар (БЦС, гиперкинетикалық түрі) пішінін салуға талпынғанымен түсініксіз шипақпап, парақтан шығыш кетіп сызықтар жасады.

Балалардың көпшілігі түзу, көлденең, тік сызықтар салуда қиналды, оң қолының қимылы шектелген- дер (оң жақты гемипарез) сол қолдарымен салды. Мұндай балапар көбінесе парақтың тек оң жағына суреттерін бейнелейді, парақтың сол жағы бос қалды, пішіндері асимметриялы, немесе теріс бейнелеу орын алды.

БЦС балалардың бейнелеу әрекетінің ерекшеліктерінің бірі салған заттары парақ бетінде бөлшектеніп бейнеленді, бейне тұтас емес, бөлшектері бір-біріне қосылмаған. Әсіресе бұл адамның бейнесін салғанда айқын көрінді (мысалы, денесінен аяқ-қолдары бөлек салынған, аузы, ерні-бетте орналаспаған).

Балаларға адамның бейнесін салу өте қиынға түсті: кей дене мүшелерін қалдырып кетеді, аяқ-қолда- рын жартылай салады, бет мүшелерін дұрыс сәйкестендірмейді, орналастырмайды.

Балалардың суреттерінде бейнеленген заттардың пішіндері өзгеріске ұшыраған. Мысалы: ұқсас пішін- дер - шеңбер және сопақша, ромб және тіктөртбұрыш. Бұл балалардың көріп қабылдауларының дұрыс қалыптаспағандығының дәлелі.

Р.С. Немов та қарым-қатынас құрылымын жіктеуге аса назар аударды. Яғни, ол мазмұны бойынша. Қарым- қатынастың келесі түрлерін бөледі: материалдық (зат пен іс әрекет өнімдерін алмастыру), когни-

тивтік (білімдерін алмастыру), коңдициондық (психикалық және физиологиялық жағдайларды алмастыру), мотивациялық (мақсатпен, қызығушылықпен, мотивпен, қажеттілікпен алмасу), іс-әрекеттік (әрекетпен, операциялармен, іскерлікпен, дағдымен алмасу) [13].

Мақсаты бойынша, (яғни адамда белсенділік неден пайда болады деген) биологиялық және әлеуметтік қарым-қатынас деп беледі, Тәсілі бойынша (кодпен хабарлау, жіберу мәліметтің шифрді ашу амалымен) қарым-қатынас тура және жанама болады.

Түрлері бойынша - іскерлік (әдетте адамдардың қандай да бір біріккен өнімінің іс-әрекеті сияқты болады), тұлғалық (көбінесе адамның ішкі сипатының психологиялық мәселесінің аймағына шоғырланған), құралдық (яғни өзіндік мақсат болып табылмайтын қарым-қатынас өз беттілік қажеттілікпен стимулданбайды), мақсаттық (спецификалық қажеттілікті қанағаттандыру тәсілі бойынша өзіне-өзі қызмет ету қарым-қатынасы) болып бөлінеді.

Қарым-қатынас жайлы адамдардың бір-біріне өзара ықпалы В.М. Бехтеревтің әлеуметтік психологиялық және ұжымдық экспериментінде басты орын алады [14].

В.М. Бехтерев (1907, 1921) әлеуметтік-психологиялық теориясына қарым-қатынас процесін, және социализацияның механизмін адамдардың бір-біріне өзара психикалық ықпалын, дамуын енгізді, В.М. Бехтерев қарым-қатынас адамдарды топқа біріктіру механизмі, тұлға социализациясының шарты сияқты қарастырады. В.М. Бехтерев былай дейді, неғұрлым адамдардың айналадағы қарым-қатынасы жан-жақты болса, соғұрлым тұлғаның дамуы нәтижелі түрде іске асырылады, әр түрлі ортада, белсенді қарым-қатынаста өскен адамдар жан-жақты дамыған болады.

В.М. Бехтерев қарым-қатынасты «тікелей» және «орташа» деп ажыратады. Қарым-қатынастың тікелей түрінде ол еліктеу мен кендіруді қарастырады, еліктеуге адамның өзара индукциялық және зерттеулік механизмі арқылы тұлғалық өсуге тән факторлық рөлді жатқызды, ал кендіруді психикалық жағдайды бір адамнан басқа адамға еріктің қатысуынсыз санасыз түрде берілу процесі сияқты қарастырады. Ол көндіру рөліндегі лидерлердің жалпы қозғалыста және біріккен адамдардың қоғамдық ойларының механизмдегі өзара әрекетінің мәніне көңіл аударды. Оның ойынша, «адамдардың белгілі бір эмоцияналдық жағдайларды жұқтыруы, оларды логикалық ақшаға көндіруден әлдеқайда жылдам, әрі эффективті болады».

В.М. Бехтеревтің идеяларының дамуы өзінің шәкірті В.Н. Мясичевтің одан кейін А.А. Бодалев, Б.Г. Ананьев сияқты ізбасарларынан жалғасын тапты.

Қарым-қатынасты философиялық тұрғыда талдаған көпке танымал ғадымдардың бірі - М.С. Каган. Ол қарым-қатынасты субъект арқылы өзара әрекеттесу деп түсінеді. Оның көзқарасына сәйкес, өзара әрекеттесу қарым-қатынас болып келмейді, себебі мұнда біз субъектінің объектіге сияқты адамға деген қатынасты қарастырып отырмыз. Ал бұл оның пікірінше қарым-қатынасқа жатпайды.

М.С. Каган қарым-қатынастың төрт функционалды жағдайын бөліп қарастырады:

- қарым-қатынас мақсаты субъектінің өзара әрекеттесуінен тыс;
- қарым-қатынас мақсаты өзара әрекеттің өзінде;
- қарым-қатынас мақсаты партнерді қарым-қатынас инициаторының тәжірибесіне, құндылықтарына ортақтастыру;
- қарым-қатынас мақсаты инициатордың өзін партнер құндылықтарына ортақтастыру. Функционалды жағдайларға сәйкес қарым-қатынас түрлері қарастырылады; қарым-қатынасқа бола, басқаны өз құндылықтарына және өзгенің құндылықтарын өзіне ортақтастыру ретінде зағтық іс-әрекетке қызмет ету. Бірінші түрге мысал ретінде қарым-қатынастың іс-әрекет, мақсаттарын іске асыратын дәстүрлердегі, ойындардағы қарым-қатынасты алуға болады; екінші мысал - достық қарым-қатынас; үшіншісі - тәрбие; төртінші - өзін-өзі тәрбиелеу. Берілген жіктеуден қарым-қатынас мақсаттары мен құралдары арасындағы байланысты аңғаруға болады [15].

Психолог ғалым В.А. Мясичевтің еңбегінде қарым-қатынас белгілі бір жағдайда бір-біріне қатысты немесе бір-біріне әсер ететін нақты тұлғалардың өзара әрекеттерінің үрдісі сияқты түсіндіріледі.

Қарым-қатынас адам дамуының қайнар көзі. Ол бірлескен іс-әрекеттегі адамдар арасындағы ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны шешу процесі. Бірлескен іс-әрекетті тудыратын қажеттілік, ары қарай қарым-қатынасты орнату стратегиясы жоспарланады. Қарым-қатынас адамның қабілетін, дүниетанымын, рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жолы. Тұлға әрекетінің негізгі түрлері осы қарым-қатынас арқышы дамып жетіліп жүзеге асады. Өзге адамдармен қарым-қатынаста бола отырып адамзат жинаған білімді, оның тәжірибесін, заңдары мен нормаларын құндылықтары мен әрекет ету тәсілдерін меңгеру арқышы адам тұлға ретінде қалыптасады. Қорыға келгенде, көптеген әдебиеттердегі ғалымдардың теорияларына талдау жасай отырып қарым-қатынас күрделі психологиялық құрылым деп түсінеміз.

- 1 Лисина М.И., Дубровина ИВ., Рузская А.Г. и др. Психическое развитие воспитанников детского дома / Под. Ред. ИВ. Дубровиной, А.Г. Рузской. - М.: Педагогика, 1990. - 264 с.
- 2 Шерязданова Х. Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: дисс. ... д-ра психол. наук. -1999. - 47 с.
- 3 Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. - А., 1995 - 64 б.
- 4 Бодалев А.А. Психология о личности. - М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1988. -188 с.
- 5 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность.-М.: Политиздат, 1975.-303 б.
- 6 Мухина В.С. Детская психология. - М., 1985, - 272 с.
- 7 Қазақ тәлімінің тарихы. (С.Қалиев, У.К. Беркімбаева). Оқу құралы, - Алматы: ҚМҚПИ, 2004, - 205 б.
- 8 Захаров А.И. Экспериментальное исследование внушаемости как личностно-детерминированного процесса. - В кн.: Психические состояния. Экспериментальная и прикладная психология, вып. 10, ЛГУ, 1981, - с. 114-125.
- 9 Тоқсанбаева Н.К. Қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетті жүйелендіру факторы ретінде. - 2009. - 47 б.
- 10 Леонтьев А.А. Психология общения. 2-е изд., - М., 1997.
- 11 Ломов Б. Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. - М., Наука: 1991. - 30-33 б.
- 12 Андреева Г.М. Социальная психология: Учебник для высших учебных зав. - М.: Аспект Пресс, 1998. -376 с.
- 13 Немов Р.С. Психология: Учебник для студентов высш.пед.учеб. заведений: //В кн.: Психодиагностика. Введение в научное психологическое исследование с элементами математической статистики. - М.: Гуманит. изд. центр Владос, 1998. - Изд.3. - 632 с.
- 14 Бехтерев В.М. Роль внушения в общественной жизни. Природа. 1990.
- 15 Казан М.С. Мир общения. М.: Политиздат, 1988. - 319 с. - (Над чем работают, о чем спорят философы).
- 16 Мясищев В.Н. Психология отношений. –М.: Институт практической психологии. И. Личность в экстремальных условиях. -М.: Политиздат, 1989. -303 б.

Түйін

Мақалада қарым-қатынас мәселесінің педагогика-психология ғылымында зерттеліну жағдайы талқыланып, кеңес және отандық педагог-психологтардың осы мәселеге қатысты айтылған ғылыми тұжырымдамалары қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются обсуждение состояние исследование в педагогической и психологической науке проблемы общения, научные концепции отечественных педагогов и психологов по данной проблеме.

Summary

In the article рассматриваются discussion the state research in pedagogical and psychological science of problem of communication, scientific conceptions of home teachers and psychologists on this issue.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Ә.Е. Нурсалимова -Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты

Қазақстан халқына арнаған “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында” атты жолдауында ел басымыз Н.Ә. Назарбаев “XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығыраққа тірелері анық”, - дей отырып, білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы мамандар қорын жасау керектігін баса айтты. Қоғам тарапынан болашақ мамандарға қойылатын талаптар күннен- күнге өсуде. Сондықтан жоғары кәсіби білім беру жағдайында тұлғалық - кәсіби қалыптасу мәселесінің қойылымы жүйелік талдауды қажет етеді.

Білім беру салаларында кәсіби міндеттерін дербес, әрі шығармашылық тұрғыдан шеше алатын, кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсіне білетін, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияла- рын меңгерген, кәсіби және бәсекеге қабілетті мамандар жұмыс атқарулары керек [2].

Кәсіби қатынастар мәселелері кеңес және шетел психологтарының А.Г. Асмолова, В.Вруум, Ф.Герцберг, О.Н. Зотова, Г.Г. Дилигенский, А.Г. Здравомыслова, Я.Л. Коломенский, В.С. Ядов, Р.Л. Кричевский.

А.Ф. Лазурский, К. Левин, Б.Ф. Ломова, В.С. Магун, А.С. Макаренко, В.Н. Мясищев, және П.М. Якобсон және т.б. ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады. Сондай-ақ Қазақстан психологтары да осы салада С.М. Жакыпов, Э.К. Қалымбетова, Ж.Ж. Бейсенова өз үлестерін қосқан. Тұлғаның кәсіби ю-әрекетке қатынасының ерекшеліктерінің талдауы іс-әрекетті жоғары және жеткілікті деңгейде орындауға адамды ынталандыратын себептерді ізденудің мәнді жағы болып табылады.

Осыдан келіп Қазақстанды білім беру жүйесіндегі негізгі мәселе мемлекетті қажетті мамандармен қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін қазіргі кезде білім беру саласында- ғы мамандандырылған дайындықтар негізінде болашақ мамандарды қазіргі заманғы инновациялық - _____

технологияларды қолдану арқылы дайындап, оларды мамандандырылған мәселелер мен қызметтердің шешімін табуға үйретеді. Ал бул қызметтерді орындау үшін адам белгілі бір білім мен біліктілігі, иннова-циялық технология саласын меңгерген болуы керек. Бул турғыда жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру орын алады.

Студенттердің кәсіби бағыттылығы қазіргі заман талаптарына сай жоғарғы оқу орындарындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы болашақ маманға сапалы білім беру мақсаттарыш жүзеге асырудың бірден бір жолы. Педагогтық қызметке табысқа жету бірқатар себеп-термен: мұғалім білімінің тереңдігі және кендігімен, оның жалпы мәдениет деңгейімен, әдістемелік қарулануымен, ақырында оның жеке басының ерекшеліктерімен анықталады [3, 283 б.] Әрбір адам саналы және тәуелсіз түрде қоғамдық кундышықарға бағдарланады. Өзінің болашақ өмірін, еңбек жолын белсенді түрде жоспарлай білу қажет. Қандай маманға ие болмасын, барлығын қоғамдық берілген норма-ларға сәйкес мамандықтың дамуы іс-әрекетке, еңбекке психологиялық дайындықты талап етеді.

Кәсіби өзіндік анықталу іс-әрекет субъектінің маңызды бір жағы. Кәсіби өзіндік анықталу көп жоспарлы және өз қурылымдарына ие:

1. Кәсіби жоспарларды таңдауға негізделген информацияланудың сатысы. Бул жағдай мамандықты таңдау жайлы міндегерді шешуге қатысты «бағдарлаушы» негіздерді қалыптастыру жайлы сұрақтарға қатысты түсіндіріледі.

2. Бейімделулер мен қызығуларды қалыптастыру іс-әрекет процесі мен олардың нәтижелерін қанағат-тандыратын эмоциялық эсерлермен шартталған жиі табысқа әкелетін белсенділік формасы.

3. Операциялы мүмкіндіктердің, қабілеттердің жаңа сапалы синтездердің көрінуі.

4. Баланың кәсіби болашақтағы мәселелеріне байланысты ата-аналарымен өзара қатілнасу ерекшелік-терінің пайда болуы.

5. Кәсіби болашақтағы анықтауға байланысты қурбыларымен, достарымен өзара қатынастың өзгеруі.

6. Кәсіби білім бар адамдармен іскер өзара қарым-қатынасты орнату: мұғалімдер, әдіскерлер, профконсультанттар т.б.

7. Өзіндік сана сезімдегі жаңа сапалы синтездердің қурылуы «Мен» бейнесі және өзіндік бағалау.

8. Жеке бастың кәсіби жоспарларды қуру тегі сыртқы емес, ішкі ретгеулер.

Жоғарыша көрсетілген жағдайлар өсіп келе жатқан адамдық іс-әрекеттің гностикалық негізін (инфор-мациялық, бағдарлану) және практикалық орындалу негіздерін сипаттайды [4, 85 б.] Е.А. Климовтың пікірінше, кәсіби өзіндік анықталу дегеніміз - «адам дамуының шегін жасау емес, кәсіби шектеулікке түсу емес, ол шексіз ізденістер, даму мүмкіндіктерін өмір бойы ізденулер. Ол бір уақыттық әрекет емес, ұзақ, көп жылдық процесс, соның нәтижесінде тіршілік әрекетінің келесі дамуларының мағынасы туындайды».

Е.А. Климов бойынша, мамандық таңдаушы адам шешім қабылдау процесінде өз ресурстарын қорша-ған орта ресурстарымен ара қатыстырады және оны өзіндік анықталуда мағынасын табады [5,44-56 б.]

Кәсіби өзіндік анықталуды зерттеу психология ғылымындағы маңызды ммәселенің бірі. Кәсіби өзіндік анықталу тулғаның элеуметтік даму сатысы немесе формасы ретінде түсіндіріледі. Атап айтқанда, элеуметтануда - А.Г. Здравомыслова, М.Х. Тихма, педагогикада - А.Е. Голомштак, В.И. Журавлев, психологияда - В.Г. Ананьев, И.П. Божович, Е.А. Климов, И.С. Кон, П.А. Шавир және т.б. жумыстарын- да зерттелінген.

Кәсіби өзіндік анықталу процесі бір ғана сатымен ғана шектелмейді. Ол белсенді еңбек іс-әрекетінде өмір бойы орын алатын процесс. Кәсіби өзіндік анықталу процесіне танымдық әрекетінің ролі аса зор.

Сондықтан да кәсіби өзіндік анықталу қурылымы өте күрделі, әрі көп қырлы. Бул қурылымның психо-логиядағы педагогикалық-психологиялық бірнеше аспектісін көрсетуге болады:

- Процессуалды, яғни көп өлшемді, көп сатылы күрделі процесс;
- Жеке бастың күрделі түлғаның динамикалық күйі, оның интегралды қасиеттері;
- Өзіндік сана-сезімдер контекстінде, яғни өзін қоғам мүшесі ретінде ұғыну;
- Өзін маман ретінде бағалаудың дәрежесі.

Психологияда кәсіби өзіндік анықталу мәселесінің мазмұнын толық зерттеген Е.А. Климов, А.М. Кухарчук, П.А. Шавир жумыстарында кәсіби өзіндік анықталу адамды еңбек субъектісі ретінде дамуымен кәсіби топқа біртіндеп қатысу процесі ретінде қарастырылады. Е.А. Климов кәсіби өзіндік анықталуды өзара байланысқан екі деңгейде көрсетеді: гностикалық (сана мен өзіндік сана-сезімнің өзгеру формасында) және практикалық (қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны мен элеуметтік статус-тың өзгеруі).

В.И. Журавлевтің психологиялық-педагогикалық зерттеулерінде кәсіби өзіндік анықталудың интер және бастық аспектісі қамтылған.

А. М. Кухарчук кәсіби өзіндік анықталудың мазмұнындағы негізгі мәселе жеке адамның өзіндік сана- сезімдерімен, оның орнықты психологиялық қасиеттерімен байланысты, яғни интер жеке басты аспекті- сін қарастырады [6, 128 б.] П.А. Шавир бұл процестің психологиялық мазмұнын нақты мамандықты тавдау бағытымен, сол таңдаудың ішкі негізділігін табумен байланыстырады. Шавирдің пікірінше, ішкі психологиялық негіздерге қызығулар, бейімділіктер, өзіндік бағалау және құндылыққа бағдарлану, эмоциялық ішкі бағдарлар, еріксапалары жатады [7, 62 б.] Жоғары оқу орындарындағы кәсіби мамандар- ды оқыту процесінде студенттерді кәсіби іс-әрекетке психологиялық тұрғыдан дайындайтын кәсіптік пәндерінің мазмұнында психологиялық тренинг жұмыстары субъект-субъектілік эрекетгестікті қалыптас- тыратын қарым-қатынас мәселелерімен толықтырылса, ғылыми тірек ретіндегі біртұтас жеке тұлғалық принциптерге сәйкес құрылымдық жүйесі жасалынса, болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері анықталынса, онда студенттердің кәсіби білімдер жүйесіндегі пәндерді оқып меңгерулері нәтижелі болады, сонымен бірге, келешектегі іс-әрекеттерінде де айтарлықтай табысқа жетулері мүмкін. Мұндай мақсатқа жету үшін болашақ маман арнаулы білімдерді меңгерумен бірге, заман талабына сай әдістеме- лерді де кең түрде қолдана білулері қажет.

Жоғарғы мектеп кәсіптік іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастырады. Ең алдымен, адамда қоғамның алға тартқан міндеттерін табысты түрде шешуде мүмкіндік беретін психологиялық іс-әрекет- тердің нақты формаларын қалыптастырады. Жоғары оқу орындарында маманды даярлау процесін зерттей отырып, кәсіптік оқудың бұл формасының негізгі міндеті - маманның іс-әрекетінің небір түрі мен типте- рін психологиялық изоморфты әрекет өрісінде жинақтайтын кәсіптік сананың мақсатты түрде қалыптасу- ына мүмкіндік береді деген ой түйеміз.

Жеке тұлға бағыттылығының проблемасы қазіргі кезеңдегі психологиялық-педагогикалық ғылымның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Бағыттылық - жеке тұлға құрылымының өзегі, негізгі құрам- дас бөлігі, оның «ең жоғарғы деңгейі» екені көптеген ғылыми зерттеулерде анықталған. Бағыттылықтың жоғарғы деңгейі жеке тұлғаны іс- әрекеттің барлық түріндегі жоғары белсенділікпен және олардың арасындағы өзара қатынастар үйлесімділігімен сипатталады [8]. Мұндай жеке тұлға өзінің іс-әрекетіндегі еңбектің әртүрінде кездесетін қиындықтарды жеңе отырып, іс- әрекет түрлерінің бір-бірімен толықтыра- тын деңгейге жеткізе алады. Қазіргі біздің еліміздегі кредиттік оқыту жүйесіне енуі кезеңінде мамандар- ды шығармашылық еңбекке адамгершілік, психологиялық, педагогикалық және практикалық тұрғыдан дайын - біртұтас, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу жоғарғы оқу орындарының негізгі мақса- ты. Республикамыздағы жоғары оқу орындарының кредиттік оқыту жүйесіне өтуіне байланысты кәсіби бағыттылықты қалыптастыру проблемасы да өзгеріп отыр.

В. В. Давышов, А.Н. Леонтьев, Н.Ф. Талызина, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин, Қазақстандық ғалымдар М.М. Мұқанов, С.М. Жақыпов, Х.Т. Шерязданова және т.б. зерттеулері көрсеткендей, жоғары мектепте- гі оқу процесі - мақсат-мотивтерден, ақпаратты қабылдаудан басталып, күрделі шығармашылық процес- терді іске асырумен аяқталатыны мәлім.

Психологиялық жоғары оқу орындарында студенттерге заман талабына сай психологиялық білім берудің мазмұны мен формасы жалпы психологиялық дайындықтың үздіксіздігі мен сабақтастығын білдіретін өмір талабы, болашақ мамандарға кәсіби білім беріп, олардың мамандығын шындауды қамта- масыз ету кәсіптік пәндерді оқыту мен меңгеру практикасы педагогикалық жоғары оқу орындарында тиімді жүргізілуі тиіс, сонда ғана студент жастардың сапалы білім алуы мен қатар әлеуметтік, кәсіби құзырлылықтарын, еңбек нарығында бәсекеге түсу қабілетін қалыптастырады және де ЖОО-да алған білімдері, жеткен жетістіктері студенттердің негізгі өмірлік табысы болып табылары да анық.

1 Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 27 қаңтар.

2 Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. - Ростов на Дону: Феникс, 1996.

3 Намазбаева Ж.И. Жалпы психология, - Алматы 2006. - 283-284 бб.

4 Ананьев В.Г. Человек как предмет познания. — JL., 1985. — 308 с.

5 Климов Е.А. Основы психологии. - М., 1997. - 44-56 бб.

6 Кухарчук А.М. Психодиагностика в профессиональном самоопределении учащихся - Минск: Беларуская навука, 2000.-222 с.

7 Шавир П.А. Психология профессионального самоопределения в ранней юности [Текст]: учеб. пособие для спецкурса - Тюмень: Изд-во ТГУ, 1980. - 87 с.

8 Түрікпен-Ұлы Жолмұхан. Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысы. //Көмекші ісграл/. - Алматы, 1992.

Түйін

Мақалада қазіргі заман талаптарына сай жоғарғы оқу орындарындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатын студенттердің кәсіби бағыттылығы қарастырылады. Кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы болашақ маманға сапалы білім беру мақсаттарын жүзеге асырудың бірден бір жолы ретінде түсіндіріледі.

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальная на сегодняшний день проблема профессиональной ориентации студентов. Формирование профессиональной направленности объясняется в ней как один из эффективных путей качественного образования.

Summary

The to date issue of the day of professional orientation of students is examined in this article. Forming of professional orientation is explained in her as one of effective ways of quality education.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУЫ

С.Смайыл -Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты

Қазақстан Республикасының Президенті Нурсұлтан Назарбаевтың “Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауы еліміздің 2020 жылға дейінгі негізгі стратегиялық жоспарын белгілеп берді [1]. Барлық саланы қамтыған байыпты құжаттың әр тармағын жүйелі талқылау барысында байқағанымыз білім беру маңыздылығына да ерекше ден қойған. Осыған байланысты Елбасы Жолдауында адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жан-жақты шаралар қабылданатыны туралы нақты айтылған. Осы орайда әрине, білім беру саласының бүгінгі тынысы мен көзқарасты мақсаты туралы айтуға болады. Болашағымыздың баяны білімді ұрпаққа байланысты екендігін жақсы түсінеміз. Ендеше, кемел ұрпақтың келешегін шыңдауда атқарылатын іс-әрекеттер тер орасан зор екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Өмірімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер қоғамымызға жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай бүгінгі жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алады.

Білім саясатының өзекті мәселелері -біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу- тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдыққа саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу [2].

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: “Жоғарғы білімді дамыудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметі мен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады”, - деп атап көрсетілген [3].

Бұл мәселе жалпы білім беретін оқу орындарына байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Сол оқу орындарына толыққанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын толық меңгерген ұрпағымыздан, болашаққа жақсы маман, білімді азамат шығары анық.

Берілген зерттеуді қарастыру барысында білім берудің маңызы жөнінде А.А. Әбдікәрімұлы, В.В. Егоров, Ж.Ж. Наурызбай, М.Н. Сарыбеков және т.б. ғалымдардың еңбектерінің орны ерекше. Білім беруді ақпараттандыру, компьютерлік техниканы оқу процесінде пайдалану, оны қолдану Е.А. Батешовтың, Р.М. Дүзбаеваның, Д.М. Жүсібалиеваның, Ж.А. Қараевтың, М.С. Мәлібекованың, Ө.К. Мыңбаеваның және т.б. авторлардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Оқыту технологиясын оқу процесіне енгізу мәселесімен В.П. Беспалько, И.Ф. Исаев, И.Я. Лернер, В.А. Слостенин, Н.Ф. Талызина, Е.Н. Шиянов және т.с.с. сынды ғалымдар айналысқан.

Кәсіби білім беру проблемасын зерттеуге З.А. Исаева, С.Т. Каргин, Қ.А. Кертаева, А.П. Сейтешев, Қ.А. Сарбасова, М.В. Семенова, Н.Д. Хмель, Л.А. Шкутина тәрізді авторлар өз үлестерін қосқан.

Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда.

Тиімді оқыту жолдарын бүкіл әлем педагогтары қарастыруда. Нәтижелі оқыту мәселесі педагогика мен психологияның соңғы жаңалықтарын қолдану негізінде жүргізілуде.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен пәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға тарихының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылар-

дың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті, болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми-зерттеу жұмыс-тарына өзіндік тапдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновация-лық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік (авторлық) жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады. Егер жеке тұлғаның өз тарапынан креативтілік белсенділікті қалыптастыру әрекеттеріне бақылау жасамаса, ізденіс нәтижесі бағаланбаса, жетістіктерге жетуге болады деп айту қиын. Өзгелердің тарапынан болатын бақылаудан гөрі, студент өз білім деңгейі-не, біліктері мен дағдыларына сын көзбен қарап, бақылау жасауы, оның білімді сапалы меңгеруіне жұмыстың нәтижесін көруде барынша көмектесетіні белгілі [4].

Мемлекеттігі нығайту және ұлттық қызығушылықтардың дамуы мәселелерінде ақпараттық техноло-гияларды енгізуді қолдану және кеңейтуге үлкен қажеттілік туындап отыр.

Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптасты-ру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы атапған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселе-лер әлі де жеткілікті деңгейде емес.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес болашақ педагогтардың жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, болашақ педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке үкәс қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты болашақ педагог мамандар-дың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табышады.

Сондықтан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін әрбір оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық, психологиялық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Инновациялық технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді.

Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу проце-сін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі - мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптас-қан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта болашақ педагог-психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек.

Сондықтан мектептің педагогикалық процесіне ақпараттық технологияларды енгізу жолдарын іздесті-ру мен жетілдіру мәселерінің көкейкестілігі ерекше орынға ие.

Болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін дамыту, бәсекеге қабілетті маман даярлау - бүгінгі күннің басты талабы. Елбасы биылғы Жолдауында: «Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» деген болатын. Бұлай екпін түсіріп айтуының өзі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан жетіп отырған мемлекеттігіміздің тұрақтылығын сақтап, оны болашаққа аманат етуді көздейді. Міне, осы тұрғыдан келсек, білім беру саласында болашақ мамандарды жан-жақты тәрбиелеу - өзекті мәселе.

Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдас-тырушылық негізі - қазақстандық білімді жаңғыртудың жалғастырылуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [5].

Бағдарламаның негізгі мақсаты - білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың теректі дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адам капиталын дамыту, сол сияқты жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады, жоғары білімнің еуропалық аймағына кірігуді қамтамасыз етеді, деп көрсетілген .

Білім берудің қазіргі замандағы негізгі мақсаты білім негізін беріп, білік пен дағдыны қалыптастырып,

болашақ мамандық иесі болуға машықтандыру ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны дербес, әлеумег-тік, кәсіби ұтымды шешімдер қабылдап, оны жүзеге асыра білуге даярлау болып табылады. Яғни, бүгінгі оқушы, келешек маман бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз Отанына қызмет етуге даяр тұлға болып шығуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» білім алушылар бойында адамгершілік қасиет және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, танымдық шығармашылық қабілетін айқындау туралы айтылған. «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - деп әл-Фараби айтқандай, білім алушыларға рухани тәрбие беруде кәсіптік білім берудің алатын орны ерекше. Ендеше, еліміздің алдыңғы қатарлы елдердің алдынан орын алуына тікелей әсер ететін қазына - білім екендігі белгілі, сондықтан білім алып жатқан болашақ мамандарымыздың бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін дамыту ең басты назарда болуы тиіс.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың « Жаңа онжылдық- жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның; жаңа мүмкіндіктері» атты халық Жолдауы. 2010 жылғы 29 қаңтар.

2 Пірәлиев С.Ж. Білімді ұрпақ тәрбиелеу - елдігімізге сын. Егемен Қазақстан, 14 маусым 2010.

3 Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

4 Оспанова Б.А. Бәсекеге қабілетті маманның кәсіби-креативті әлеуетін дамыту аспектілері/Қазақстан жоғары мектебі. - Алматы, 2005. -№2.

5 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

Түйін

Мақалада болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілік мәселесі қарастырылып, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін дамытудың психологиялық ерекшеліктері анықталады.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблема конкурентоспособности будущих специалистов и определены их психологические особенности.

Summary

In this article the problem of competitiveness of future specialists is examined and their psychological features are certain.

АЛГОРИТМИЗАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Б.А. Жетписбаева - к.п.н., кафедра специальной и социальной педагогики КазГосЖенПУ

Одной из форм реагирования на происходящие перемены, вызванные реформированием экономических, политических и социальных институтов, выступает профессиональная социально-педагогическая деятельность. Комплексность проблем социально-педагогической работы, сложность осуществления механизмов социальных преобразований, модернизация всего инфраструктурного пространства требуют технологизации социально-педагогической работы.

Специфика и особенности социально-педагогической деятельности определяют характер и выбор социально-педагогических технологий, обеспечивающих высокую действенность ее реализации в работе специалиста. И в данном случае никак нельзя не согласиться с мыслью, высказанной В.П. Беспалько: «Любая деятельность может быть либо технологией, либо искусством. Искусство основано на интуиции, технология - на науке. С искусства все начинается, технологией - заканчивается, чтобы затем началось сначала» [1].

Термин «социально-педагогическая технология» стал использоваться в научной литературе только в 1990-х гг. XX в., что связано с введением института социальной педагогики. Данная тенденция вовсе не означает, что социально-педагогические технологии не использовались в практике педагогической деятельности. Впервые различные социально-педагогические технологии работы с отдельными личностями и коллективами впервые были отражены в теоретических работах А.С. Макаренко. Среди них такие, как: формирование и развитие коллектива, управление воспитательной ролью коллектива, метод «взрыва», система перспективных линий.

В начале 20-х гг. прошлого столетия складываются концептуальные основы социально-педагогических технологий С.Т. Шацкого, главный тезис которых сводился к организации общественно-полезной деятельности детей, направленной на изменение окружающей социокультурной среды, развитие норм, традиций, обычаев, которые в процессе генезиса передаются из поколения в поколение.

В самом общем виде сформированная в рамках педологии (науки, занимавшейся изучением ребенка, _____

законами его развития) матрица социально-педагогических технологий (20-е годы XX в.) продемонстрировала следующие стадии их развития (Ф.А. Фрадкин) [2]:

- изучение бытовых, природных, социальных, культурных факторов среды, обуславливающих развитие ребенка;
- воссоздание разносторонней картины жизни школьника, его социализация и воспитание;
- обогащение и развитие ценностных представлений ребенка в процессе введения его в мир природы, труда, общественных отношений, количество и качество которых не могла предоставить окружающая микросреда;
- преобразование жизни в контексте овладения социально значимыми видами деятельности в соответствии с полученными в школе знаниями и умениями.

Отдельные социально-педагогические технологии отражены в авторских методиках, разработанных конкретными учеными и специалистами в сфере социально-педагогической деятельности и положительно зарекомендовавшие себя на практике. Например, коммунарская методика И.П. Иванова; методика коррекции бродяжничества Г.Г. Вельского; технология саморазвития М.Монтессори; технология свободного труда С.Френе и другие.

В современной науке социально-педагогическая технология рассматривается как обоснование (описание) этапов, методов и средств социально-педагогической деятельности, обеспечивающих достижение определенного результата; как целесообразная, оптимальная последовательность деятельности, направленная на достижение определенной социально-педагогической цели.

Социально-педагогическая технология - один из сложившихся на основе предшествующего опыта или выявленных и обоснованных путей достижения определенной социально-педагогической цели [3]. Социально-педагогические технологии - совокупность приемов, методов и воздействий, используемых социальным педагогом с целью достижения успеха в решении социальных проблем и обеспечения эффективности оказания социально-педагогической помощи населению [4].

На сегодняшний день ученые пришли к единому мнению о степени разработанности технологизации социально-педагогической деятельности. Подходы к технологизации в мировой практике разработаны в большей степени применительно к деятельности социального работника нежели относительно профессиональной деятельности социального педагога. Как отдельно направленные социальные технологии стали развиваться в начале XX века. Понятие «социальная технология» вошло в научный оборот в 40-е годы XX века. Основу данного понятия составляет термин «технология», но технология не в традиционном смысле, связанном с технократическим языком, а в более широком - затрагивающем и социальную сферу. В научном плане социальная технология в своем развитии прошла несколько этапов, каждый из которых обусловлен потребностью поиска оптимальных средств для решения социальных проблем.

По мнению Л.Е. Никитиной, процесс осуществления социально-педагогической работы в контексте определения социально-педагогических технологий предполагает комплекс в совокупности используемых методов и приемов, реализуемых в профессиональной деятельности социального педагога.

В научной интерпретации Л.В.Мардахаева, матрица социально-педагогических технологий, выбранная для реализации в конкретной ситуации, ориентирована на достижение прогнозируемой социально-педагогической цели, что позволяет социальному педагогу определить:

- условия ее реализации;
- особенности и возможности объекта;
- особенности места реализации;
- временной отрезок для реализации цели;
- особенности субъекта социально-педагогической деятельности, его возможности [3].

На основе вышесказанного, по мнению ученого, происходит оптимальный процесс реализации социально-педагогических технологий в профессиональной деятельности социального педагога. Реализация социально-педагогической технологии представляет собой определенный процесс (лат. processus - «прохождение, продвижение») деятельности. В научной интерпретации под процессом понимается последовательная смена состояний, тесная взаимосвязь закономерно следующих друг за другом стадий развития, представляющих непрерывное единое движение.

Резюмируя можно полагать, что выбор социально-педагогической технологии в деятельности социального педагога представляет собою последовательный технологический процесс, обеспечивающий оптимальное достижение конкретной социально-педагогической цели в процессе социального развития, социального воспитания, обучения и профессиональной подготовке объекта.

Основу технологического процесса составляет алгоритмизация действий (операций) как элемент социально-педагогической технологии. В технологиях социального типа отдельные его этапы могут

повторяться, дублироваться, взаимозаменяться либо опускаться. Алгоритм в социально-педагогической деятельности обеспечивает повторяемость, тиражируемость технологии. В научной литературе в наиболее обобщенном виде представлен типовой алгоритм деятельности социального педагога, разработаны замкнутые циклы технологического процессасоциально-педагогической деятельности, включающие определенные этапы и операции.

В научных концепцияхученого-педагога Л.В. Мардахаева алгоритм социально-педагогической деятельности предполагает пять взаимосвязанных этапов:

- 1) диагностико-прогноетическийэтап;
- 2) этап выбора (разработки) оптимальной социально-педагогической технологии;
- 3) этап непосредственной подготовки к реализации выбранной социально-педагогической технологии;
- 4) реализационный этап;
- 5) экспертно-оценочный этап [3].

Интерпретации научного коллектива под руководством И.Г. Зайнышева [5] предполагают следующие этапы технологической деятельности социального педагога:

- *предварительный этап*, на этом этапе осуществляютсяоперации выявления, оценки и ранжирования проблемы, выяснение факторов, обусловивших ее возникновение; уточняютсякритерии действительности и эффективности деятельности социального педагога; критерии успеха профессиональной деятельности специалистов могут отражаться в постановке и формулировании цели и конкретных задач социальноедагогической работы;

- *этап целеполагания*, на этом этапе происходит первичное формулирование целевой установки деятельности специалистов и организаторов социально-педагогической работы; цель обуславливает выборсредств и способов ее достижения, определяет направления поиска дополнительных источников информации об условиях и социальной среде жизнедеятельности клиентов и воспитанников;

- *этап обработки информации*, на этом этапе технологического процесса идет поиск дополнительных источников информации; сбор и систематизация информации, ее анализ и обобщение: выводы, вытекающие из результатов аналитической работы, составляют содержательную базу для уточнения цели и задач, для выработки программы действий, определения содержания, организационных форм и методов социально-педагогической работы;

- *процедурно-организационный этап*, на этом этапе осуществляется последовательная реализация намеченных программой мер социально-педагогическоговоздействияв обозначенное время и сроки, сопоставление и соизмерение результатов с критериями успешности социально-педагогической деятельности;

- *контрольно-аналитический этап*, завершающий этаптехнологического процесса, на котором осуществляется анализ итогов деятельности социального педагога, выявляются факторы, способствующие положительному решению задач социально-педагогической деятельности и намечаются пути и способы устранения недостатков и пробелов.

Таким образом, технологии в социально-педагогической работе во многом предопределяют ее действенность и эффективность. Внедрение социально-педагогических технологий в профессиональную деятельность социального педагога обеспечивает экономию сил и средств, способствует достижению конкретных социально-педагогических целей и позволяет наиболееэффективно решить широкий спектр задач социальной педагогики как науки и сферы практической деятельности.

1 Беспалько В.П. *Слагаемые педагогической технологии*. -М.: Педагогика, 1989.

2 *Методика и технология работы социального педагога: учеб. пособие; под ред. М.А. Галагузовой, Л.В. Мардахаева*. - М.: Академия, 2002.

3 *Мардахаев Л.В. Методика и технология работы социального педагога. Учеб-метод, пособие*. М.: 2003.

4 *Социальная педагогика. Курс лекций. Под ред. М. А. Галагузовой*. - М., 2001.

5 *Василькова Ю.В. Методика и опыт работы социального педагога. Учеб.пособие*. М.: Изд.центр «Академия». 2004.

Түйін

Мақалада элеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясының кейбір мәселелері қарастырылған. Элеуметтік педагог қызметіндегі элеуметтік-педагогикалық технологияларды талдау мәселелері өзектендірілген.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые аспектытехнологизации социально-педагогической деятельности. Актуализированы проблемы выбора социально-педагогических технологий в деятельности социального педагога.

Summary

This article discusses some of issues technologizing socio-educational activities. Actualized choice problem of socio- educational technologies in the activity of the social teacher.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: МҮМКІШДІГІ ШЕКТЕУЛІБАЛАЛАРҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ

*А.Н. Аугаева -психол.ғ.к., арнайы педагогика кафедрасының доценті Абай атындағы ҚазҰПУ,
З.Н. Бекбаева - п.ғ. к., арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы Абай атындағы ҚазҰПУ*

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алғаш рет даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне қосу, оларды қолжетімді ортамен қамтамасыз ету, білім берудегі кедергілерді жету тегітері анықталды.

Бүгінде, әлемдік білім беру кеңістігі тұрғылықты білім алу жүйесіне ауыстырылуда, бұл адамның жеке сапасының қоғамдық дамуына және қалыптасуына бағыт-бағдар береді. Мұндай өзгертулер қоғамдық сананың жаңа білім беру парадигмасына жағдай жасауда көрініс табуда, дәлірек айтқанда, осы жүйенің жақындауына және түсініктің қалыптасуына, заманға сай тәжірибелік жұмыстар жүргізілуде. Мұны «инклюзивті білім беру» түсінігімен қалыптастыруға болады. Инклюзивті білім беруді ЮНЕСКО көзқарасы тұтас феномен ретінде қарастырып, білім беру сапасында балалардың барлық ерекшеліктері тең болады деп болжайды [3]. Гуманизм тұрғысынан нақты анықтағанда, жеке компоненттерге, интеллектінің қалыптасуына және шығармашылық дамуға, интеллектуалдық бірлігіне, этикалық, эмоционалдық және физиологиялық даму жүйесіне негіз болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан қоғамының алдында мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім беруге арналған тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін білім беру жүйесін тұрақты дамыту міндеті өзекті болып тұр. ҚР инклюзивті білім беру қалыптасу кезеңінде, сондықтан республикамызда инклюзивті білім беру жүйесін шешу мәселесі мемлекеттік дәрежеде жүргізілуді қажет етеді. Инклюзивті білім беруде мүмкіндігі шектеулі балалардың даму мүмкіндіктерін қалыптастырамын дамыған құрдастарымен теңдей дәрежеде бейімделуін және қоғамға толық кірісуін енгізу керек.

Республикада қазіргі уақытта 4 865 567 бала туылғаннан 18 жасқа дейін, 151216 адам туылғаннан және кейіннен пайда болған тірек-қимыл аппараттарының бұзылуы, көру, есту, психикалық жағдайы, интел- лектісінің бұзылысы, ерекше физикалық, психикалық және интеллектуалды дамуы әртүрлі деңгейде болып табылады. Мұндай балалар, өмірде арнайы жағдайларды және айналасындағылардың өзіне қорғау- шылық қызметін қажет етеді.

Қазіргі уақытта, инклюзив жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларға адамгершілік және білім берудің инновациялық деңгейін дамытып қана қоймай, балапардың денсаулығын да жақсартуды қолдап отыр. Инклюзия қазіргі мектепке дейінгі және мектеп жүйесінде барлығының білім алуында, соған лайықты, не лайықты емес болуына тәуелсіз, тең құқығы екенін көрсетеді. Балабақшада және мектепте білім беріп және тәрбиелеп қана қоймай, балалардың өмірлік іс-әрекет сферасына да өзіндік ықпал жасайды. Инклю- зивті білім беруде барлық балалардың жеке мүмкіндіктерін кеңейтуді, даму деңгейлеріне жағдай жасау- ды, адамгершілікті, төзімділікті, көмек көмектесуге дайындығы негізге алынады. Инклюзивті білім көрінісі жаңа, инновациялық жүйемен, оқушылар мен педагогтардың бірге жұмыс жасауын, барлық балалардың қолайлы және сапалы білім алуына еш кедергі келтірмеуін қажет етеді [5].

Зерттеушілер инклюзивті білім беру туралы мынандай қағидаларды ұсынады: барлық педагогтар мен оқушылар қоғамның мүшесі екенін сезінуі; мектепте оқитын оқушылардың қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз ету үшін, түрлі әдіс- тәсілдердің жүзеге асырылуы; мектепте мүгедектерге кемістік ретінде қарамай, қайта олардың сол мекемеде білім алуына жағдай жасауға ұмтылу; педагогикалық үрдістің негізі ретінде оқушылар арасында жағымды қарым-қатынасты орнату, керісінше кедергілерді болдырмау; оқушылардың мектепте білім алуын мойындау және тұрғылықты жерге орналастыру; оқушылар мен педагогтардың талабына сай мектептің жағдайын жақсарту; мектептің негізгі міндеті тек оқушыларды жоғарғы білім дәрежесін көтеру емес, олардың қоғамдық құндылықтарын дамыту; қарым- қатынастың дамуына қолдау жасау; инклюзияның қоғамның белгілі бір аспектісі ретінде танылуы [3]. Қағиданың негізі - барлық балаларға теңдей білім беру болып табылады. Арнайы мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалардың физикалық жағдайына байланысты транспортпен, пандустармен, көтергіш"құралдармен қамтамасыз ету қарастырылады [1].

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына байланысты интеграциялық үрдістің дамуы мен балалардың білім алуындағы құқықтары Білім туралы Заңында қарастырылған. Сондықтан білім беру мен тәрбиелеуде мынандай іс-әрекет үрдістері жүзеге асырылады, балаларға жеке білім беру және жалпы білім беру. Оқыту жүйесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүзеге асырылады, олар арнайы шарт бойынша жүргізіледі, жоспар, бағдарла- ма, арнайы дидактикалық толықтырулар, бұл жұмыстар балалардың білім алу мүмкіндіктеріне тәуелсіз қамтамасыз етіледі.

ҚР инклюзивті білімнің дамуы бойынша мынандай мәселелерді айналып өтуге болмайды: регламенттік белгісі бойынша инклюзивті үрдістің дамуында нормативтік база мен заңды құжаттардың болмауы; инклюзивті жолдарды қабілетті жүзеге асыруда, жалпы білім беру жүйесі мен арнайы әдістерді орындау- да педагог дайындығының болмауы; жалпы білім беретін мектепке бірігуге жағдай жасауда қаржылай және бюджеттік керсеткіштердің жүзеге асырылмауы.

Бүгінде, өзінің ұйымдастырушылық құрылымы мен маңызды компоненттері бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқыту жүйесі өте күрделі процесс қалпында калуда.

Өткен тәжiрибенi талдау елестетудiң спецификасы болады. Бұл жағдайда ол үнемі есте сақтау процес- терiмен байланыста қалады. Елестетудiң көмегiмен дүние суретiн құрастырып, бiлiм мен тәжiрибенi толықтырып, бала өзiн iшкi сезiмнiң нашар жағынан қорғайды. «*Елестету эр-түрлi шығармашылық әрекеттiң негiзi болып, Л.С. Выготский бойынша, барлық мәдениеттi өмiрдiң жаңа тарында көрiнiп, шығармашылықты психикалық, ғылымдық және көркемдiк болып шығарады*».

Эйдетизм мнемотехникалық тәсiлдер есте сақтауға мүмкiншiлiк берiп, бұл жүйенi мектептегi оқытуда- ғы қиыншылықты түзетiп, есте сақалатын материалды қызықты ойынға айналдырады.

Мнемоника таңбалары сақалып қалған не топталған бiрнеше зат арқылы, солардың суретгерiнен көрiнуi мүмкiн. Мысалы, садақ - соғыстың, соғыс жариялаудың мнемоника таңбасы. Қазақстанның таулы аудандарында таңбалы тастар көп, солардың бетiндегi қолына найза, садақ ұстаған адамдар мен эр түрлi аң суреттерi ерте замандағы аң аулау көрiнiсiн еске түсiрегiн мнемоникалық таңбалар болып табылады

Балаларға қазақ тiлiн оқытуда, ұсынылған әдiстемелiк материал мектепке дейiнгi мекемелердiң маман- дарыша перспективтiк технологиямен (мнемотехникалық әдiс) терең танысуға мүмкiндiк бередi. Тәрбие- лiк - бiлiмдiк процесiне шығармашылық бағыт арқылы жеткiзiледi.

Жұмыс нәтижесi бойынша кәсiби байқаулар өз жемiсiн бередi.

Мнемоника (гр. mnematik - есте сақтау өнерi) - табиғи ассоциациялар жасау көмегiмен есте сақтауды қамтамасыз ететiн, жасанды түсiнiктер арқылы қажеттi мәлiметтердi еске сақтауды жеңiлдететiн ереже- лер мен тәсiлдер жиынтығы.

Мнемотаблица балалардың сабақта жоғары нәтижеге жетуi үшiн қолданылады. Бұл табиқа бала- лардың керектi ақпаратты есте сақтауын жеңiлдететiн әдiстер мен тәсiлдердiң бiрiккен жиыны, Ол балалардың есте сақтау қабiлетiн арттырады. Мектеп жасына дейiнгi балалардың ойлау қабiлетiн, тiлiн дамытуға арналған. Балалар берiлген кестедегi суреттер мен таңбалар бойынша белгiлi бiр затқа сипаттама жасап үйренедi. Мнемотаблица бойынша бала заттың түсiн, көлемiн, мекен ету ортасын анықтайды және т.б. Мысалы: мынау ит, мынау иттiң кушiктерi, ит үредi, түсi сары, ит үй жаңуары.

Берiлген ақпаратты есте сақтап және оны бейнелеп айту, жаңа лексиканы, тiлдiң грамматика құрылы- сын меңгеру үшiн, мнемотабицаларды, iректен алынған тақпақтарды пайдаланып, түзету жұмысын жүргiзу балаларға үлкен мүмкiндiк бередi.

Зманауи педагогика, логопедия практикасында кашаннан берi өлең мәтiндерi пайдаланады. Бiрақ сабаққа дайындалғанда, алынған тақпақтардың ұқсастығы логопедтiң нақты мақсаттарына сәйкес келмей, лексикасы артық болып, ұқсастығы кейбiр жерде сақалмай, мәтiнге сәйкес суреттердi iрiктеуге уақыт қажет етедi.

Берiлген тақырыптың жаңалығы мышада: автор тапсырмаларға мнемотабицаларды сәйкес тақпақтар- мен бiрге енгiзiп, түзету-логопедиялық процестi жүргiзедi.

Практикалық материалдарды дайындағанда, мысалы, К.И. Чуковский қалыптастырған келесi кепiлде- мелердi қолдануға болады:

1. Әрбiр тақпаққа еуреттердi iрiктеп дайындап қою қажет.
2. Ұйқастарды бiр-бiрiне жақын орналастыру керек.

3. Ұйқастық фраза ең негізгі мағнасызда болуға тиіс.
4. Тақпақтарда сын есімдер артық болмасын.
5. Өлеңнің құрылысы - хорей болса жақсы.

Өз тәжірибесіне сүйеніп, тақпақтарды пайдалану және кепілдемелерді қатар алып, автор лексиканы, тілдің грамматика құрылысын түзету, дыбыстарды дұрыс айту, сөздің дыбыстық құрылысын зерделеу үшін практикалық тапсырмалар дайындайды.

Ойын «Көршінің аты»

Міндеттері: топпен танысу, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру, ішкі сезімді қолдану жағдайын тудыру.

Ойын барысы: балалар бір шеңбер құрып, әрбірі өз атын және екі қасындағы балалардың аттарын айтады.

Ойын «Мынау неге ұқсайды?»

Мақсаты: елестетуді дамыту.

Оқу материалы: мнемотехникалық таблицасы.

Ойын барысы: әрбіріне мнемотехникалық таблицасы ұсынылады, әрбір фигураның бейнесі неге ұқсайтының ойдан тауып айту. Кім ең көп ұқсайтын затты атап айтады, сол жеңеді.

Ойын «Бәрін біл де, көр»

Міндеті: көріп есте сақтау, назар аударудың көлемін дамыту

Ойын барысы: үстелдің үстінде, қағазбен жабылған, 5-10 әртүрлі заттар жатыр. Ойыншылар алдымен оларды ашып, 2-5 секунд қарап, қайтадан жауып тастайды. Содан кейін өз дәптерлеріне, берілген заттарды, олардың жатқан түрін, орнын суреттейді. Суреттің сапалы болуы қажет емес.

Жаттығу «Мен - режиссёрмін»

Міндеттері: кезектес ассоциациясы әдісіне үйрету, елестетуді дамыту

материалы: мнемотехникалық таблицасы немесе сөздер жиынтығы.

Жаттығудың барысы: әрбіріне мнемотехникалық таблицасы немесе 5-15 сөздер жиынтығы ұсынылады. Әрбір фигураға немесе сөзге елестету бейне құрастырылады: көру, сезіну, естілу, дәмдену. Ойдан шығарылатын бейнелерге 10-60 секунд беріледі. Әрқайсысы өз «фильмін» ауызша айтып береді. Талдаумен жұмыс аяқталады.

Ойын «Дұрысын есте сақта»

Мақсаты: есте сақтауды дамыту,

Ойын барысы: балалар бір шеңбер құрып, жүргізуші бұрылып, 2-3 бала орындарын алмастырады. Жүргізуші сол балаларды тауып алуы керек.

Ойын «Открытканы тірілту»

Міндеттері: көріп есте сақтауды, елестетуді дамыту

Оқу материалы: 5-25 әдемі открыткалар, 5-25 сөздер жиынтығы.

М1 нұсқасы: жүргізуші диктант түрінде сөздерді, 3-5 секунд өткізіп, айтып береді. Әр сөзге сәйкес открытка көрсетіледі. Ойыншылар сөзді «тірілту» қажет, оған елестету бейне құрастырады: көру, сезіну, естілу, дәмдену.

Бұл бейнені открыткаға еңгізіп, оның сюжетін өзгертеді. Содан соң жүргізуші открыткаларды көрсетеді, ал ойыншылар сәйкес сөздерді жазып отырады.

М2 нұсқасы: үшінші открытканы көрсеткен соң, ойыншылар бірінші открыткаға сәйкес сөзді жазып, төртіншіден соң - екіншіге сәйкес ж/е с.с.

Ойын «Төрт құбылыс»

Міндеттері: елестетудің кинетикалық арнасын дамыту, оның есту және көрумен үйлестіруі

Ойын барысы: жүргізуші құбылысты және оған қатынас қимылды көрсетіп: ауа - қолдары жоғары, су - алға, жер - томен, от - өзіне. Жүргізуші, бұрыс қимылды көрсетіп, құбылысты атайды, ал ойыншылар есту бойынша қимылды көрсетуге тиісті.

Жаттығу «Кім көбірек есте сақтайды?»

Міндеті: бейнені ойдан шығарып, ассоциацияларды пайдалануға үйрету

Оқу материалы: бір әріптен басталатын сөздері бар, шағын әңгіме.

Барысы: қатысушыларға фильмді елестету қажет, жүргізуші оны баяу айтып береді. Сосын олар, бір әріптен басталатын сөздерді жазып алады да, талдауды жүргізеді.

Ойын «Әңгімені аяқтайық»

Міндеті: елестетудің дамуы.

Оқу материалы: әңгіме бастауына жататын, бірнеше үзінділер, мысалы:

- Жаздың бір күнінде, біз достарымызбен орманға барып,...
- Маған күшік сыйланды, сонымен...

Барысы: жүргізуші әңгіменің басын айтып, қалғандары оны жалғастырады, елестету бейне құрастырады: көру, сезіну, естілу, дәмдену. Бұл бейнелердің ассоциациясы жаңа әңгімені құрастыруға туғызып, оны талдауға мәжбүрлейді.

Ойын «Құдық»

Міндеті: назар аударудың дамуы.

Оқу материалы: сіріңкілер

Ойын барысы: жүргізуші құдық құрастыру үшін сіріңкілерді ұсынады.

Ойын «Фишка қайда?»

Міндеттері: назар аударудың және ауыстыру қабілеттіліктің дамуы

Оқу материалы: 4-4-ке сызылған қағаз беті, жоғарғы сол бұрышында «фишка».

М1 варианты.

Ойын барысы: жүргізуші «фишканың» шаршылар бойынша: жоғары, төмен, солға, оңға қозғалатыны болымды, тек қана диагональ бойынша болмайтының ұсынды. «Токта» дегенде, ойыншылар «фишка» тоқталған шаршыны көрсетеді. Сурет салу немесе саусақпен шаршы бетінде жылжыту болмайды.

М2 варианты. Оқу материалы сол және 3-10 сөздік жиынтығы

Ойын барысы: әрбір шаршаны экранға айналдырып, «фишканың» әр қимылына сөз айтышып, елестету бейне құрастырылады: қору, сезіну, естілу, дәмдену. Бұл бейнелердің ассоциациясы фильмді құрастыруға туғызып, оны талдауға мәжбүрлейді.

Ойын «Трансформер»

Міндеті: ассоциалды есте сақтаудың дамуы.

Оқу материалы: Трансформер ойыншықтары, 10-15 сөздер жиынтығы, қағаз бетіне сағынған 10-15 жапондық иероглифтер, 10-15 әдемі откриткалар

М1 варианты. Нұсқаушы сөзді айтып, откритканы ұсынады. Сөзге елестету бейне құрастырылады: қору, сезіну, естілу, дәмдену. Ол откритканың әрбір бөлшегіне ауыстырылып, сюжетін өзгертіп, барлық сөздерді және откриткаларды пайдаланады. Сонан соң откритка көрсетіліп, қатысушылар осы откриткаға қатысты сөздерді жазады.

М2 варианты. Нұсқаушы иероглифті көрсетіп, оның маңызын түсіндіреді.

Қатысушылар иероглиф маңызын пайдаланып, ойдан әңгіме шығарады. Оның бейнесін (түрі, көлемі, мөлшері) ауыстарып отырады. Содан кейін нұсқаушы иероглифті көрсетеді, ал қатысушылар оның маңызын жазады, немесе керісінше маңызы айтылғаннан кейін ,суреті салынады. Нәтижесінде барлық иероглифтардың маңызы жаттап сақталынады.

М3 варианты. Нұсқаушы ойыншықғы бірнеше вариант мөлшерлеріне ауыстырылғызады. Бұл бейне ассоциациясы фильмді құрастыруға туғызып, оны талдауға мәжбүрлейді.

Ойын «Безендіріп бояу»

Міндеті: көріп есте сақтау және түстерді ауыстыру қабілетің дамыту

Оқу материалы: 15-20 әртүрлі атау жиынығы, мнемотехникалық таблицасы, 15-20 сөз қосылымы: бастауыш+анықтауыш (заттың түсің білдіретін)

М1 варианты. Қатысушылардың алдында мнемотехникалық таблицасы. Нұсқаушы, 5-7 секунд өткізіп әр түрлі түстерді айтып отырады. Қатысушылар өз оймен фигураларды берілген түстерге бояп отырады. Содан кейін таблицаға қарап, әлгі түстерді сөзбен жазады.

М>2 варианты. Нұсқаушы, 5-7 секунд өткізіп әр түрлі түстерді, барлығы 15-20, айтып отырады. Қатысушылар өз оймен киімді, жиһазды, бөлмедегі заттарды берілген түстерге бояп отырады. Содан кейін, әлгі түстерді сөзбен жазады.

Жз3 варианты. Нұсқаушы, 5-7 секунд өткізіп әр түрлі түсті заттарды, барлығы 15-20, айтып отырады. Қатысушылар елестеген бейнені жаңа түрінде құрып отырады. Бұл бейне ассоциациясы фильмді құрастыруға туғызып, оны талдауға мәжбүрлейді.

Ойын «Фигураны болжап тап»

Міндеті: суретті есте сақтаулықты қалыптастыру

Оқу материалы: сіріңкелер

Ойын барысы: жүргізуші 7-10 сіріңкелерден фигура жасайды. Қатысушылар 3-7 секунд қарап отырады, жүргізуші қағазбен фигураны жабады. Сіріңкелерден ұқсас фигураны жасауға қажет. Оны бастанқы фигурамен салыстыру керек (7-10 фигуралар).

Ойын «Лезде фото»

Міндеттері: суретті есте сақтаулықты қалыптастыру, назар аудару мен жай елестетуді дамыту.

Оқу материалы: жай сюжетті откыртқалар.

Ойын барысы: Қатысушылар жұптарға бөлініп, әрқайсысы өзіне откыртқа тандап алып, оған 2-5 секунд қараңқы. Содан кейін, көздерің жауып, елестетеді оны. Қатысушылар бір-бірімен откыртқаларды айырбастап, не бейнеленгені жұбына айтып береді.

Жаттығу «Откыртқаға кір»

Міндеттері: откыртқаға «кіру» тәсілің қалыптастыру, кеңістік елестетуді дамыту.

Оқу материалы: 15-20 сөз жиынтығы мен сол мөлшерлі откыртқалар, мнемотехникалық таблицасы.

1ші варианты. Нұсқаушы, 10-15 секунд өткізіп сөз айтады, сол сөзге елестету бейне құрастырылады: көру, сезіну, естілу, дәмдену. Ол «тіріліп» откыртқаның сюжетіне кіреді. Солай барлық сөздер. Содан кейін сөздер қайтадан айтылады, ал қатысушылар откыртқаның сюжетің бейнелейді.

№2 варианты. Нұсқаушы, 10-15 секунд өткізіп сөз айтады, сол сөзге елестету бейне құрастырылады: көру, сезіну, естілу, дәмдену. Ол «тіріліп» откыртқаның сюжетіне кіреді. Солай барлық сөздер. Қатысушылар ойдан «фильм» шығарады.

ШЗ варианты. Қатысушылардың алдында мнемотехникалық таблицасы және 5 откыртқа. Нұсқаушы таблица фигураларың «тірілтіп», бесеуден бір откыртқаға кіргізілсін дейді. Сонымен, барлық 25 фигура кіргізіледі. Сонан соң, откыртқаларға қарагі, бос мнемотехникалық таблицаны толтыру.

Ойын «Көремін және сеземін»

Міндеті: ассоциалдық есте сақтаудың және көру мен сезіну қабылдаудың үндестігі мен дамуы.

Оқу материалы: 5x10 мөлшерлі 10 тақтайша, үстінде әртүрлі материал жабыстырылған (бархат, тері, атлас ж/е т.б. откыртқалар да сонша)

Ойын барысы: Нұсқаушы 10 тақтайшаны откыртқалармен бірге жайып қоюға ұсынады. Қатысушылар жұптарға бөлініп, әрқайсысы тақтайшаларды қолдарымен сезіп, көздерімен көріп, арасындағы сәйкестігін ассоциация арқылы табады. Сонан соң берілген тақтайшаға қарап, оған сәйкес дыбысты есіне келтіріп, керісінше үңделген дыбысқа сәйкес тақтайшаны тауып алу.

Ойын «Естимын және сеземін»

Міндеті: есту мен қолмен сезіну қабылдаудың үндестігі мен дамуы.

Оқу материалы: 5x10 мөлшерлі 10 тақтайша, үстінде әртүрлі материал жабыстырылған, соншама да іріктеп алынған дыбыстар: шыныны, темірді, ағашты сызып, қағазды сығырлату, судың күйылған дыбысы ж/е т.б.

Ойын барысы: Нұсқаушы тақтайшаны қолымен зерттеп, сол мезетте дыбыс өндіріп, қолмен сипап қарау және есту қабылдау арасындағы сәйкестікті табу, бұл бейнелердің ассоциациясын құру қажетін айтады. Сонан соң берілген тақтайша бойынша сәйкесті дыбысты еске түсіру және керісінше өндірілген дыбыс бойынша сәйкес тақтайшаны табу қажет.

Жаттығу «Фильмді көремін және сеземін»

Міндеттері: есту, көру және қолмен сезіну қабылдаудың үндестігі

Оқу материалы: 5x10 мөлшерлі 15 тақтайша, 10 сөздік жиынтығы, 2 дыбыс, 3 откыртқа

Барысы: қатысушылардың алдында бір қатарда жатқан тақтайшалар бар. Нұсқаушы, 15-20 секунд өткізіп сөз айтады, откыртқаны көрсетеді және дыбыс өндіріледі. Қатысушылар онымен бір мезетте тақтайшаны қолымен синап көреді. Оларда сәйке бейне туады: көру, сезіну, естілу, дәмдену. Бұл бейне ассоциациясы фильмді құрастыруға туғызып, оны талдауға мәжбүрлейді.

Ойын «Динамикалық сәйкестік»

Міндеті: назар аударудың және ауыстыру қабілеттіліктің дамуы

Оқу материалы: 15-20 откыртқалар және соншама да дайын дене қимылдар (бас изеу, дене бұғу, тізе бұғып отыру ж/е т.б.)

Ойын барысы: Нұсқаушы откыртқа мен дене қимылды бір мезетте көрсетіп тұрады. Сонан кейін откыртқа бойынша дене қимылды еске түсіру қажет.

Ойын «Цифрды ұйқастырып айту»

Міндеті: елестетудің дамуы

Ойын барысы: Нұсқаушы, нөлден оңға дейін цифрларға іріктеп, ұйқастырып бір түбірлі сөздерді айту керегін ұсынады. Мысалы:

- нөл - төл, шөл;
- бір - кір, әрбір;
- үш - күш, күріш;
- төрт - борт;

- бес - алапес, кес, емес;
- алты - малты, салты;
- жеті - қажеті, еті;
- сегіз - семіз;
- тоғыз - соғыс, қоқыс;
- он-тон, қон.

Кім көп сөз табады сол жеңеді.

Ойын «Бұл қашан болған?»

Міндеті: ассоциативтік еске алуды дамыту.

Оқу материалы: бөлек қағаз парақтарда жазылған оң тарихи даталар сәйкес оқиғаны міндетті түрде білу қажет.

Ойын барысы: Нұсқаушы бір тарихи датасы бар парақты көрсетіп, оқиғаны айтып береді. Бұл оқиғадан бейнені елестетіп, датамен сәйкес келтіреді. Солай барлық даталармен жұмыс атқарады. Сонан соң қатысушылар берілген оқиғаға өздері датаны жазып отырады.

Ойын «Көңіл күй және цифрлар»

Міндеті: елестетудің дамуы

Ойын барысы: қатысушыларға 0-ден 9 дейін цифрлар ұсынылады. Әрбір цифрға жақсы сезім табу керек. Мысалы: 0-ді, резенке шеңбер деп елестетемін, онымен жүзу жақсы көремін, шеңбер жұмсақ, майда, жаңа резенке иісі бар, ал су жылы, тұзды - бұл теңіз ж/е т.б.

Нәтижесінде мнемотаблицааларды пайдаланып, өткізген сабақтардан соң, балалардың зерттеуі, сонымен қатар қорытынды диагностикасы мынадай шешім шығаруға мүмкіндік береді: берілген бағыт оқытылған грамматикалық түсініктерді нақты меңгертіп, сөз буындары құрылысын, айтудың кемістігін түзетіп, балалардың сөздік қорын байытады.

1 *Выготский Л.С. "Память и ее развитие в детском возрасте". Собрание сочинений в 6-ти томах, т.2. - М., 1982.*

2 *Выготский Л.С. "Развитие мнемотехнических имнемических функций". Собрание сочинений в 6-ти томах, - М., 1983, - стр. 381-395.*

3 *Корсаков И.А., Корсакова Н.К "Наедине с памятью". - М.: Эйдос, 2003.*

4 *ЛангД. "Улучшаем память в любом возрасте".-М.: Мир, 1993.*

5 *МатюгинИ. "Школа эйдетики, развития памяти, образного мышления, воображения". - М.: Эйдос, 2005.*

6 *Матюгин И., Чакаберия Е. "Зрительная память". — М.: Эйдос, 2006.*

Түйін

Мақалада мүмкіндігі шектеулі, сөйлеу тілі бұзылған балалардың танымдық процестерін дамытуда қолданатын эйдетикалық тәсілдерді қолдану қарастырылады.

Резюме

В статье описываются эйдетические приемы и методы развития познавательных процессов у детей с ограниченными возможностями развития, и с нарушениями речи. Приводятся упражнения и игровые приемы.

Summary

In article special mnemotechnic receptions and methods of development of informative processes at children with limited opportunities of development, and with speech violations are described. Examples of learning of poems, riddles, sayings with drawings of children are in the article.

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ БІЛІК, ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ


Г.Б. Ибатова - аға оқытушы, п.ғ.м., Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі уақытқа дейін жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері және дамыту жолдарын анықтау мәселесіне жеткілікті түрде назар аударылмағаны айқындалып отыр.

Сондықтан, біздің зерттеу жұмысымыз ЖСТД балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған көрнекілік-графикалық әдіс-тәсілдерді жүйеліп, тәжірибе жүзінде тексеріп, тиімділігін анықтауға бағытталды.

Қалыптастырушылық оқыту барысында сөзжасам түсініктерін, білік пен дағдыларын қалыптастыру үшін төмендегі көрнекілік-графикалық белгілер жүйесі мен әдістер қолданылды:

1. Заттың көлемінің белгісі (зат есімдерді кішірейткіш мән беретін жұрнақтармен өзгерту және ажырату үшін).



Көрпе

көрпеше

2. Сөз негізі және жаңадан жасалған сөздердің ұзындығының айырмашылығын белгілеуге (тірек- белгілер) арналған ұзындығы әр түрлі жолақшалар.

етік
жұмыс


етікші
жұмысшы

3. Графикалық белгісі-штрихталған ұзындығы әр түрлі жолақшалар. Аталған белгілер сөз негізі мен жаңадан жасалған сөздің жалпы (түбірін) бөлігін көрнекі түрде бөліп белгілеу үшін қолданылды.

орман

орманшы

4. Іс-әрекетті орындаушы адамның белгісі. Аталмыш белгі іс-әрекетті орындаған адамның атауын ашу үшін қолданылады (етікші, сылақшы, егінші т.б.).




5. «Салғыш» ыдыс белгісі. Ыдыстардың атауын жаңа сөздермен атағанда қолданылады (қант салғыш, нан салғыш, май салғыш, тұз салғыш).




6. Кез келген әрекетті белгілеуге арналған белгі. Осы белгі жалпы сөйлеу тілінің дамымауында логопедиялық әсер етудің дәстүрлі әдістемесінен алынған.

7. Үйретілген бірнеше сөзден құралған сөзжасам ұясын талдауға арналған сызба.




8. Сөзжасам ұясын нақты талдау сызбасы.

Сызба түрінде бейнеленген сөзжасам «ағашы» алғашқы демонстрация кезінде және бір сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздердің арасындағы ұқсастықты түсінуін бекіту үшін қолданылды.



9. Күрделілік деңгейі әр түрлі көрнекілік-графикалық сөзжасамдық тендеулер. Олар жаңа сөздің құрылымы мен оның жасалу тәсілін демонстрациялайды. Аталған сөзжасам тендеулерін қолдану сөздің морфемдік құрамында бағдарлау және сөздің формантты бөліктерін бөлу дағдыларыш бекітуге мүмкіндік береді. Бір сөзжасамдық модель бойынша құралған тендеуді қолдану тапсырманың типіне байланысты өзгертілуі мүмкін. Мысалы:

а) тендеудің негізгі моделі, оның мынандай құрамы белгілі:



э) тендеудің трансформалды моделі. Оңца сөздің белгісіз аффиксін белгілеу керек:

- ■ ○


б) тендеудің трансформалды моделі. Оңца әрекет жасаушының белгісіз атауын белгілеу керек:

+

етік

в) тендеудің трансформалды моделі. Онда сөздің белгісіз түбір бөлігін белгілеу (табу) қажет.

+



ші

етікші

Сөзжасам тусініктерін, білік пен дағдыларын қалыптастыру үрдісінде қолданатын көрнекілік-графикалық белгілер жүйесімен қатар, ЖСТД балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жұмысында қолданылатын әдістемелік ойындар құрастырылды. Тапсырмаларды құру барысында біз балалардың жас ерекшеліктеріне, сөйлеу тіл мүмкіндіктеріне, тапсырмаларды қалай түсінетініне, белсенді және енжар өз қорының қалпына назар аудардық; осы мақсатта төрт талсырма бойынша суреттер ұсынылды. Тапсырмалар ауызша және көрнекілік арқылы берілді.

1 тапсырма

Ойын «Мұқият бол».

Мақсаты: Зат есімнің *-ша, -ше, -шік* жұрнақтарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Нұсқау: Мұнда екі дөңгелек берілген. Біреуі кіші, екіншісі үлкен. Осы үлкен дөңгелекке үлкен заттарды, кіші дөңгелекке кіші заттарды атып қойып шық.

№	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1	Көрпе		
2	Жалау		
3	Қап		
4	Үй		
5	Күрек		
6	Қобди		

2 тапсырма

Мақсаты: Зат есімнің *-ші, -шы* жұрнақтарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Нұсқау: Мұнда екі пойыз бар. Біреуі ұзын, екіншісі қысқа. Осы пойыздардың біріне ұзын сөзді, екіншісіне қысқа сөзді қойып атап бер.

№	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1	Етікші		
2	Жұмысшы		
3	Биші		
4	Қойшы		
5	Тігінші		
6	Сиыршы		

3 тапсырма

Мақсаты: Түбірлес сөзжасам дағдысын қалыптастыру.

Нұсқау: Мұнда бес вагон бар. Біреуі *-льщ* болса, екіншісі *-шек*, үшіншісі *-иен*, төртіншісі *-ке*, бесінші вагон *-шік*. Берілген сөзді осы вагондарға қосып айтып бер.

№	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1	Іні		
2	Бала		
3	Шеше		
4	Күрке		
5	Сөз		
6	Май		

4 тапсырма

Мақсаты: Түбірлес сөзжасам дағдысын қалыптастыру.

Нұсқау: Мен саған сөздер айтамын. Сен сол сөздерге *-дай, -дей, -май, -тей* қосып айт.

№	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1	Гүл		
2	Тас		
3	Мүз		
4	Көбелек		
5	Тау		
6	Асық		

Сөзжасам дағдыларын қалыптастыру бойынша двдактикалық ойындарды құрастырылды:

«Мұқият бол»; «Сөзді қалай жасадық?»; «Мен айтамын, сен жалға»; «Қосып айт» ойыны. Бұл ойындардың мақсаты: балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру.

Сипаттамасы: бірінші ойын бойынша, балаларға екі дөңгелек беріледі. Біреуі кіші, екіншісі үлкен. Сонымен қоса, заттық суреттер ұсынылады. Балаларға заттық суреттердің кішісі кіші дөңгелекке, ал үлке- нін үлкен дөңгелекке қою ұсынылады. Суреттерді дөңгелекке қойып болған соң, оларды атап беруі талап етіледі. Мысалы: Үлкен дөңгелекке қойған суреттерді атап шықшы! «Үлкен дөңгелекте - көрпе, жалау, қалақт.с.с» жауап берді. Ал енді, кіші дөңгелектегі заттарды аташы: көрпеше, жалауша, күрекше т.с.с.

Тапсырманы орындау барысында балаларға *-ша, -ше, -шік* жұрнақтары арқылы сөздердің кішірейтіл- ген реңк мәні туатындығы жайлы түсіндіріледі. Сонымен қоса, ол сөздердің екі бөліктен тұратындығы көрсетіліп, түсіндіріледі,

Келесі ойыш «Сөзді қалай жасадық?». Мақсаты: сөзжасам дағдыларын қалыптастыру. Бұл ойынның барысында балаларға мамандық және кәсіп иелерінің суреттері мен заттық суреттер беріледі. Осы сурет- терді сәйкестендіре отырып, бала сөзді атайды. Сөздің құрамдық бөліктерін ажыратып, қанша бөліктен тұратындығы мен жұрнақтар арқылы сөздің өзгергендігі жайлы түсіндіріледі. Түсіндірілген мағлұмат бойынша балалар тапсырманы өз бетімен орындайды.

ЖСТД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арнап құрастырыл- ған көрнекілік-графикалық белгілер жүйесі мен тәсілдерін қалыптастырушылық оқыту барысында қолда- ну нәтижесінде құрастырылған жүйенің тиімділігі байқалды.

Сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған зерттеу жұмысының нәтижесі келесі нөмірлердегі мақалаларда беріледі.

- 1 *Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б.: Логондши, оқулық - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.*
- 2 *Ибатова Г.Б. «Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру әдістемелері» // Хабаршы «Арнайы педагогика» серисы: жыл. мақ. жинағы. - Алматы, -№3-4(30-31), - 2012.*
- 3 *Туманова Т.В. К проблеме развития процессов словообразования у младших школьников с ОНР. // «Дефектология» №5, 2004.*
- 4 *Ибатова Г.Б. «Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамының жағдайы» И Хабаршы «Арнайы педагогика» серисы: жыл. мақ жинағы. - Алматы, №1-2(32-33), - 2013.*
- 5 *Ибатова Г.Б. «Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастырудағы логопе- диялық жұмыстың кезеңдері». Хабаршы «Арнайы педагогика» серисы: жыл. мақ жинағы - Алматы, №3(34), 2013.*

Түйін

Мақалада жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру- ға бағытталған көрнекілік-графикалық жұмыс жүйесі берілген.

Резюме

В статье представлена система наглядно-графической работы направленная на формирование словообразовательных навыков дошкольников (с казахским языком обучения) с общим недоразвитием речи.

Summary

The article presents a system of visual-graphic work aimed at creating word-building skills of preschool children (the Kazakh language) with general speech underdevelopment.

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТШ ДАМУДА ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҮЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ж.З. Сайлаубаев - *Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD Докторантура Институтының 6M050300-Дефектология мамандығының магистранты*

Шығармашылық жаңа мүмкіндіктерді ашу, өз бетінше жұмыс жүргізу, жоғары психикалық белсенділік және оған деген сұраныс кез келген бағытта дамиды. Шығармашылықтың деңгейі әр түрлі болады: ғылыми көркем, кәсіби-техникалық, шаруашылық және т.б. Бірақ барлығы да жаңа бір жағдайдың ашуылуына тікелей байланысты.

Қабілет тек балалардың жаңа білімді меңгеруімен ғана байланысты емес, балаларда бар білімнің дамуымен, өзінің тұлғалық қасиетін дамытумен, оқу тәрбие қызметінің жетістігінің анықталуымен байланысты.

Бұған дейінгі тәжірибе көрсеткендей қабілет арқылы психикалық үдерісте жаңа материалдарды қабылдау және тану танымдық тұрғыша іске асырылады. Қабілет тек адамға ғана тән. Ол еңбектің жемісін көрсететін іс-әрекет. Сурет салу не құрастыру немесе басқа да жұмыстар басталғанға дейін мүле басқаша көрінеді. Қабілет бейнесі әртүрлі элементтерді біріктіру арқылы оны жан-жақты пысықтау негізінде жүзеге асырылады. Қабілет қоршаған ортаға бағытталған ерекше зияткерлік қызмет атқарады. Бейнені шындыққа айналдыру үшін тек қана көру емес, айтылған сөз де тірек болады [1].

Қабілет негізінен бала тәжірибесінде бір нәрсені анықтай алмайтын қиындықтардан туады. Осындай мәселелер ойды жетілдіреді. Ой алған әсерді көрсетсе, қиял оны толықтырады, ойлаған тапсырманы шешуді нақтылайды, жүзеге асырады. Сондай-ақ қиял таным шекарасын ерекше кеңейтіп балаға өмірде көп кездеспейтін оқиғаларға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл «қатысу» оның зияткерлік, эмоциялық, танымдық қабілетін дамытып қоршаған ортаның табиғи, әлеуметтік қызметтерін терең тануға шақырады. Қиялдың әдіс тәсілдерін бала мектеп жасына дейінгі кезеңде шындайды.

Білім мен тәжірибенің жинақталуы - ол шығармашылық қиялдың дамуы. Шығармашылық қиял тек осындай ерекшеліктермен ғана шектелмейді. Қиялдың дамуы үшін, мақсат анық көрсетілуі керек. Бала қиялының дамуы шындықпен жанасуы керек.

Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дамуында тежелу байқалады. Айтылған психикалық қабілеттің тежелуінде жүргізілетін түзету жұмыстары дұрыс нәтиже беруі үшін, педагог белгілі мақсатқа бағытталған және екі кезеңнен тұратын жұмыс кестесін құруы керек. Бірінші кезең алғашқы шығармашылық қызметтің қалыптасу кезеңі. Бұл кезеңде жетістікке қол жеткізу белсенді емес. Көркем шығармашылық қызметке жетістікке жету жағдайында эстетикалық қимыл-қозғалыстардың әсері мол. Олар: сурет қағаздан жасалған бұйымдар, ағаштан жасалған заттар болуы мүмкін. Педагог үшін бала жұмысына қанағаттана ма, жоқ па, деген сауалдың маңызы зор. Оқушыға берілген тапсырма тек қызықты ғана емес, оқушының жас ерекшелігіне сай болуы керек. Ол өз жұмысынан жақсы нәтиже көруі тиіс. Бала қорқынышты, өз-өзіне деген сенімсіздікті жеңгенде ғана жетістікке қол жеткізеді. Ересектер балаға жаңа қызмет, жаңа тапсырманы орындау барысында көмектесіп, қолдау көрсеткендері жөн. Педагогтың әсері баланың өз-өзіне сенімін, мүмкіндігі мен күш-қайратын арттыруы керек. Оның осы тапсырманы орындай алатынына сенімін арттырады [2].

Жетістікке жетуге бағытталған көмек ашық және жасырын түрде жүргізіледі. Мәселен, ашық көмекте іс-әрекеттің құрылымы туралы айтылып, нұсқау беріледі. «Қане, мынаны бірге жасайық», «жасай апмасақ тағы көрсетемін» т.б. Ал жасырып көмек кезінде «Сен ғана түлкі бейнесін жасай аласың», «Осы жұмысты сен жасасаң, бәріне ұнар еді» деген тәрізді нұсқаулар берілуі мүмкін.

Интеллектісі төмен балаларға еңбекпен айналысу оңай емес. Оларға бастаған істі соңына дейін апару тіптен қиын. Сондықтан, ең алғашқы маңызды міндет еңбекке баулуға жағымды іс-әрекет қалыптастыру. Шығармашылық еңбекке баулу сабақ уақытында тәжірибелік тұрғыда, ал сабақтан тыс уақытта білімге, өмірге қажетті білік дағдыларына тәрбиелейді.

Қалпына келтіру жүйесінде шығармашылық еңбек үлкен орын алады. Бұл кезде бала жаңа қажетті және әдемі затты жасаушының кейпіне енеді [3].

Шығармашылық қиял «ойдан шығарылған» тапсырмаларда дамиды. Мәселен еркін тақырыпқа берілген шығарма т.б. Жасөспірім қиялымен өзін ғарыш қаһарманы сезініп басқа ғаламшарға ұшып барады. Бұл енді ертегі емес, бұл арманнан туындаған жағдай, ол алыс болса да өмірде орындалуы мүмкін. Мұндай арман болашақ іс-әрекетке дайындық. Жасөспірімнің алдына беймәлім, бірақ қол жеткізуге болатын жаңа әлем ашылады. Жасөспірім ерекше ерліктер жасап, батыр тапқыр кейіпкер болғысы келеді.

Бірақ оқушы өз арманымен оны істей алмайды. Біздің мақсатымыз арманның ерте ме, кеш пе шындыққа айналатындығын түсіндіру. Бала оқығанын сынып сағаттарында, немесе кешкілік бос уақытында талқы- лағаны дұрыс. Дегенмен жасөспірім қиялын жетектеу үшін, шыдамдылық пен педагогикалық такт қажет. Бала қиялы жасына сәйкес өзгереді, соған сәйкес шындыққа жақындайды.

Әртүрлі үйірмелерде ұйымдастырылатын, жүргізілетін, жұмыстарға қарап балалардың қызығушылығы негізінде тәрбие және білім үдерісін бағалау қиын.

Ерекше білімді қажет ететін бапалармен жұмыста мектепшілік үйірме жұмысын ұйымдастыру тәжірибе көрсеткендей, баланың мүмкіндігін терең және жан-жақты дамытады. Олардың кемістігін жетілдіруге, жағымды шешім қалыптастыруға көмектеседі [4].

Үйірме жұмысын жүргізудің мақсаттары:

- Түзетушілік;
- * Шығармашылық қиялын дамыту;
- " Білімділік;
- Тәрбиелік;

Үйірме құрамын жасақтау да ерекше орын алады. Ол баланың қабілетімен мүмкіндігін терең бақылау- ды қажет етеді. Оқушыға қандай үйірме қажетті екендігін, оның мүмкіндігін ашуда қайсысы көмектесіп, дамытатынын түсіндіріп, бағыттау керек. Бұл жұмыс бала тандауымен жүзеге асады. Яғни оқушы өз қалауымен, еш қиындықсыз үйірмені тандай алуына мүмкіндік туғызу қажет. Әр бала бір-екі үйірмеден артық үйірмеге қатыспағаны қадағаланады. Әрине, бұл үйірмелер басталған күннен-ақ толық құрамдалуы керек.

Үйірменің жұмысының міндеттері:

- ^A Түрлі материалдардан түрлі бұйымдар жасауға үйрету;
- ^A Балаларға өзінің алдына қойған мақсатына сәйкес түс, рендерді дұрыс тандауға, қолдануға үйрету;
- ^A Маталармен, ине, қайшы, желім қағаз бояулармен ұқыпты жұмыс істеуге үйрету;
- ^A Балаларға өзінің жұмыс орнын дайындауды және жұмыстан кейін оны жинауға үйрету;
- ^A Шығармашылық қиялын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын түр, түс, ренді ажырату, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, фантазиясын дамыту;

Үйірме жұмысына қойылатын талаптар:

У Тәрбиешілер мен мұғалімдерге балалардың ой-өрісін кеңейту үшін, сабақтан тыс уақытта өмірге қажетті әдеттерге үйретуде тәжірибе жұмыстарыша тәрбиелеу;

У Үйірме жұмысын күннің екінші жартысында ұйымдастырып, еткізу;

У Білім мекемесінің түріне, күн тәртібіне, жұмыс тәртібіне байланысты ұйымдастыру жұмыстарының әртүрлі болуы;

У Сабақ бір сағаттан артық болмауы керек;

У Жұмыс барысында топқа немесе кейбір оқушыларға үзілістің ұйымдастырылуы;

У Үйірмедегі оқушылардың саны оннан көп болмауы;

Үйірме жұмыстарының тиімділігін 4-8 сыныптарда байқауға болады. Себебі оқушылар бұл уақытта ұжыммен жұмысты толығымен меңгереді және олардың үйірме жұмысына деген қызығушылығы нақтыланады.

Үйірме жұмыстары барысында балалар әртүрлі ою-өрнектер, сый ұсынымдар мен безендіру заттарын жасайды. Шығармашылықпен айналысу кезінде баланың барлық психикалық қызметінің жұмысы артып, тұлға ретінде дамуы қалыптасады. Сабақтан тыс жұмыстар ерікті түрде болатындықтан, зияты зақымдал- ған оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты ұйымдастырылуы қажет.

Шығармашылықпен айналысу кезінде шешілетін міндеттер:

- ^A Баланың таным процестерін түзету;
- ^A Баланың мүмкіндіктерін салыстыру және пысықтау;
- ^A Балаларды әртүрлі өнер түрлерімен және олардың жеке бағыттарымен таныстыру;
- ^A Өнерге деген эмоционалды-эстетикалық белсенді қарым-қатынасын, адамның ішкі жан-дүниесінің қызығушылығын арттыру;
- ^A Күнделікті өмірден алған білімдерін шығармашылықта қолдануға үйрету;

Үйірме жұмысының мазмұнына қағаздан, матадан, әр түрлі материалдардан жасалатын жұмыстар енгізу қажет. Бұл жұмыстар балалардың сыныпта жасаған жұмыстарын қайталамауы керек.

Үйірме жұмысының нақты мазмұны қажетті жағдайларға оқушының қолдауына, тәрбиешінің дайын- дығына байланысты. Жұмыс балалардың қызығушылығын танудан үйірме мүшелерінің құрамын жасақ- таудан, сынып белсенділері мен басшысын тандаудан, материалдар мен құралдарды дайындаудан баста-

лады. Сабақ аптасына 1 сағаттан болады. Бірінші сабақта балалар құралдармен танысып, сызбалар мен үлгілерді орындайды. Ал келесі сабақтарда өзгерістер мен голықтырулар жасауға тапсырмалар беріледі. Балаларда қажетті материалдар толық жиналғанда, өз бетінше жұмыс жасауға уақыт беріледі.

Мұнда физикалық және эстетикалық тәрбиеге жан-жақт, терең негізделген еңбекке баулу шешімін табуға бағытталған үйірмелер жатқызылуы керек. Үйірме жұмысын әр түрлі жалпы оқу пәндері негізінде де жасауға болады.

Максаты мен күрделілігіне қарай, байқаулар ұйымдастырып, өткізуге болады. Байқаулардың тақырыптары:

^А Өз қолдарымен ойыншық дайындау;

^А Табиғи материалдардан шырша ойыншықтарын жасау;

^А Жаздық жинақтардан (жапырақ, жаңғақ, дән, бұр т.б.) безендіру;

^А Гүлдермен жапырақтардан кептірілген бұйымдар жасау;

^А Материалдардан түрлі композициялар құрастыру т.б.;

Оқушылармен жеке жұмыс мұғалімнің немесе тәрбиешінің арнайы жоспарымен жүзеге асады. Тәрбиешінің айтуымен олар әртүрлі заттар жасайды. Жұмысты бастамас бұрын, тәрбиеші кіріспе әңгіме өткізіп, еңбектің мақсаты мен мазмұнын түсіндіреді. Балалар жалпылама түрде болашақ жасайтын жұмыстарының жобасын жасайды, керекті материалдар мен құралдарды көрсетеді. Кейбір тапсырманы балалар өздері орындайды. Ашық хаттар мен түрлі-түсті жіптер, табиғи материалдар қолданады.

Жеке жұмыстар үшін балалар тәрбиешінің көмегінсіз, өз бетінше орындай алатын жұмыстар алынады. Бірақ мазмұны жағынан олар сабақтардағы жұмыстарды қайталамауы керек. Кейде жұмыс барысында балалар тапсырманы соңына дейін орындамайды. Қағаздан жасалған бұйымды бояй алмау немесе безен-діре алмайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан мұндай жеке тапсырманы аяқтау оқушылардың барлығы-нан талап етілмейді. Өрнек салғанда жұмысты жақсы және тиімді жасауға болатын жолдарды мұғалім оқушыға жетік түсіндіруі керек.

Оқу процесі барысында көрме ұйымдастырып, оқушылардың дайындаған бұйымдары мен ойыншық-тарын көпшілік назарына ұсыну керек. Ең әдемі, ұқыпты жасалған жұмыстарды атап өткен, марапаттаған дұрыс. Үйірме жұмыстарында балалар түрлі жұмыстар жасайды (вазалар, әртүрлі шәй сервиздері, ұлттық оюмен безендірілген бұйымдар, саздан, ағаштан жасалған мүсіндер, әртүрлі дақыл түрлерінен жапсырмалар, тоқыма бұйымдар т.б.). Көрме тек экспонаттармен ғана емес, безендірумен де ерекшеленуі тиіс. Сондықтан, көрменің өтуін орналасуы мен безендірілуін алдын-ала ұйымдастыру керек. Әр жұмысқа баланың аты-жөні жазылған кесте немесе тақтайша дайындалады, Зияты зақымдалған балалармен үйірме сабақтарында жеке жұмыс жүргізіледі.

Ой алған әеерді көрсетсе, қиял оны толықтырады, ойлаған тапсырманы шешуді нақтылайды, жүзеге асырады. Зияткерлік мәселелерді шешу шығармашылық үдеріс болып табылады. Сондай-ақ қиял таным шекарасын ерекше кеңейтіп, балаға өмірде көп кездеспейтін оқиғаларға қатысуға мүмкіндік береді. Арнайы мектептерде үйірме жұмыстары дұрыс ұйымдастырылып, өткізілген жағдайда, зияты зақымдалған оқушылардың шығармашылық қабілеті біршама өсетіні сөзсіз. Зияты зақымдалған балалардың шығармашылық қабілетін үйірме жұмыстары арқылы дамытуда, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне орай ұйымдастыру-ол педагогтың басты міндеті.

1 Дружинин В.Н. *Психология общих способностей*. - М., 1995.

2 Зака А.З. *Развитие интеллектуальных способностей у детей 9 лет*. - М., 1996.

3 Матер А.Р., Цикото Г. В. *Обучение, воспитание и трудовая подготовка детей с глубокими нарушениями интеллекта*. - М., Педагогика, 1988.

4 Жидкина Т. С. *Методика преподавания ручного труда в младших классах коррекционной школы VIII вида: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений*. - М.: Издательский центр «Академия», 2005.

Түйін

Мақалада зияты зақымдалған балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мәселелері және оны тиімді шешу жолдары қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы о развитии творческих способностей детей с нарушениями интеллекта и некоторые пути их преодоления.

Summary

The article discusses the development of creative abilities of children with intellectual disabilities and their overcoming some way.

СТЖД (П ДЕНГЕЙ) БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛШІ ЛЕКСИКАЛЫҚ- ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖАҒЫШ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қ.Қ. Өмірбекова - *Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және педагогика институты «Арнайы педагогика» кафедрасының профессоры*

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөз қорының және грамматикалық жағының даму ерекше-ліктері шетелдік авторлардың - Р.Е. Левинаның, Б.М. Гриншпуннің, С.Н. Шаховскаяның, Н.С. Жукова-ның, В.К. Воробьеваның, О.Е. Грибованың жұмыстарында қарастырылды. Кейінгі жылдары қазақ тілді СТЖД балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерінің, тұзету жолдарының кейбір аспектілері Өмірбекова Қ.Қ., Ибатова Г.Б., Тулебиева Г.Н. жұмыстарында қарастырылып келеді. Дегенмен, арнайы бағытталған зерттеулер осы уақытқа дейін жүйелі жүргізілмеген. Ресей авторларының мағлұматтары бойынша СТЖД балаларға тән ерекшеліктерге жататыны:

- Ана тіліндегі тіл құралдарын меңгеру процессінің баялауы;
- Енжар сөз қоры, белсенді сөз қорына қарағанда басым, бірақ оларды сөйлеу іс-әрекетінде өздігінен бірден қолдана алмауы;
- Көбінесе заттың атын білдіретін сөздерді көп қолданып, етістік сөздер зат есімге қарағанда екі есе кем, ал сын есімдерді қолдануы мүлдем шектеулі болуы;
- Сөздерді шатастыруы;
- Жалпылама, абстракциялық сөздерді меңгеруінде қиындықтар кездесуі;
- Жалғау, жұрнақтарды қолдану қиыншылықтары;
- Сөз жасам, сөз өзгерту дағдыларының толық қалыптаспауы;
- Сөйлемдегі сөз арасындағы байланыстың бұзылуы (аграмматизм);
- Сөйлем құрылымының бұзылуы.

Бұл деңгейдегі балалардың сөйлеу іс-әрекетін белсендіру және сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағын дамыту жұмысының негізгі мазмұны:

- 1-3 буыннан тұратын сөздерді дұрыс айтуын бекіту (доп, маса, машина, балапан, қарындаш, қарлы-ғаш т.б.)
- Сөз өзгерту дағдыларының қарапайым түрлерін меңгеру (заттарды кішірейтіп айту). Басында балалар ондай сөздерді естіп ажыратуға үйретеді. Сосын ол сөздерді өздігінен сөздерді қолдануға үйренеді. Ол үшін алдымен көлемі бойынша заттарды көріп салыстырады, кейіннен логопед бастаған сөйлемді аяқтайды. Мысалы, «Атамда үлкен кітапбар, балада кішкентай кітапша бар», «Мен үлкен үйде тұрамын, күшігім кішкентай үйшікте тұрады».
- Ауызекі сөйлеуде әр түрлі грамматикалық категорияларды қолдануға үйрету:
 - Сын есімдерді (үлкен-кішкентай, тэтгі, ащы, әдемі т.б.)
 - Сан есімді (бір, екі, көп т.б.)
 - Кеңістікті білдіретін сөздерді қолдану дағдыларын қалыптастыру (астында, үстінде, қасында, алдында т.б.)
 - Есімдіктерді (менің, сенің, оның, менікі т.б.)
 - Жиі қолданылатын етістік түрлерінауызекі сөйлеуде қолдану (барды, келді, кетті, ішті, ұйықғады, алды, берді, ойнады т.б.)
 - Іс-әрекеті бойынша зат есімдерді табуға үйрету (ұшады - ұшақ, құс; кеседі - нанды; оқиды - кітапты; секіреді - бақа)
 - Заттарды, аңдарды, құстарды сипаттамасы бойынша табу;
 - Аталған сөзге шұациялық ұқсастығы бойынша сөз табу (шана - қыс; дәптер, кітап - мектеп);
 - Геометриялық фигуралардың аттарын, негізгі түстерді ауызекі сөйлеуде өздігінен қолдануға үйрету (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, шеңбер, қызыл, көк, жасыл, қара);
 - Заттың бөлшектерін атауға үйрету (орындықтың аяғы, арқасы; машинаның дөңгелегі, кабинасы);
 - Үлгі бойынша жай сөйлемдерді құрастыру дағдысын бекіту (Айдос кел. Әсем түр. айдос келді. Әсем тұрды.);
 - Сөйлемге тұрлаулы мүшелерді қосу арқылы сөйлемді кеңейту (Болат пен Алмас ойнады. Дана доп, қонжық сатып шіді.);
 - Есімдік пен етістікті дұрыс қолдануын қалыптастыру (Мен ойнадым, ол ойнады, олар ойнады);
 - Сұраққа дұрыс жауап беруге үйрету (Не ұшады? - Құс, маса ұшады.);
 - Септік жалғауларды дұрыс қолдануға үйрету.

дамуының бұл кезеңі әлі де өткен кезеңдегі сипатта болады: сөздердің полисемиясы, сөздердің өзара грамматикалық байланысының жоқтығы, үшбуындық сөздерде буындардың құрамының сақтамауы, дыбыс айтуының қалыптаспауы.

Сөйлеу тілі дамуының бұл деңгейіндегі балалардың сөйлеу тәжірибесінің жаңа жетістігі (белгісі) ол 3 жаққа сөздерді дұрыс қолданудың бірен-сараң түрлерінің (бала ұйқап атыр, әке отыр) байқалуы.

Әсіресе, жақсы құбылыс деп есептеуге болатыны: ол логопед сұрағы бойынша (Не істеп жатыр?) осы шаққа 3 жақ етістіктерін дұрыс қолдану білігінің пайда болуы. Сөйлеу тілі дамуының бұл кезеңінде балалар бір лексикалық негізге әр түрлі лексияларды қосып бастайды. Сөздің соңын өңдеу ана тілінің нормаларына сай емес болады: «қасық» — «қасық-ты», «қасық-мен». Баланың морфема бойынша бөлшек- тенген сөздік материалын оның дамуындағы айтарлықтай жақсы өзгеріс туралы айтады. Алайда балалар қолданатын сөйлемдердегі сөздер грамматикалық жағынан байланыссыз болып қала береді. Іс-әрекет атауларының көбін балалар бір етістікпен алмастырады (жасайды, жасады - «бала дасайды» - бала жасайды, «ол зейт, дасайды» - ол жейді, жасайды).

Іс-әрекеттің атаулары пайда болған жағдайда да инфинитив формасында немесе бұйрық райында қолданылады: «қыз ұйықта» - қыз ұйықтады. Іс-әрекеттің атауларын балалар флексияларсыз қолданады: «оқит» - оқиды, «жаз» ~ жазып отыр, жазады.

Бұл кезеңнің белгісі іс-әрекеттердің атауларын балалар мүлдем айтпай кетеді және өзіндік сөйлеуінде сөйлемдердің мынадай конструкциялары жиі кездеседі:

1. Етістіксіз сөйлем. Мысалы, а) субъект + әрекет объектісі «бала қой» (бала қолын жуды) немесе «байа су» (бала су ішті); б) субъект + әрекет орны «апа ондық оти» (апа орындыққа отыр), «ит үй» (ит үйдің жанында жатыр).

2. Осы шақтағы етістік орнына инфинитив қолданып, бала сөйлемдер құрастырады: «бала су іс»- бала су ішіп тұр.

Етістіктердің инфинитивті формаларын немесе сөз негіздерін орынсыз қолдану баланың дамымаған сөйлеу тілінде тұрақты түрде байқалады. Іс-әрекетке бағыттайтын сөздердің формалары немесе тосқау- ларды бала өзіне айтылғанда естиді, кейін ол оларды өндемей өз сөйлеуінде қолданады. Мысалы, «сюет көст» (сурет көреді), «ол ойайт» (ол ойнайды). Аграмматикалық конструкциялар дұрыс құрылған грамма- тикалық сгеотиптерден ажыратылмай, сөйлемдерді жаңа меңгерген сөздерден бұрынғыдай құрастырыла береді.

Бала қолданған сөздер дыбыстық жағынан қалыптаспаған болады: сөйлеу тілінің, тілдің ұшының жоғары көтерілуін қажет ететін дыбыстары жоқ, дауыссыз дыбыстарды қатар келгенде айта алмау байқа- лады, балалардың кебі дыбыстың орнын таба алмайды, соның салдарынан әр түрлі дыбыстарды шатасты- рады: «калақ» (палақ), «орамал» (омалал). Дыбыстар артикуляция орны бойынша шатастырылады: «матина» (машина). Көп балалар үш буыннан құралған сөздерді қайталап айтып, екпінді және екпінсіз буындарды дұрыс белгілейді: «отиды» (оқиды). Төрт буындық сөздерде бала буындарды тастап кетеді: «суады» (суғарады). Баланың дыбыс айтуы жақсы қалыптасқан сайын бір қатардағы дауыстыларды жасаудың басқа қатарындағы дауыстыларды ауыстыру аз болады, мысалы, «кебетек» (көбелек). Сөз арасындағы грамматикалық байланыстың жоқтығы, сөздердің ырғақты-буындық құрылымын бұрмалау және дыбыстарды бұрмалап алмастыру бұл балалардың сөйлеу тілін автономды етіп көрсетеді. Мұндай сөйлеу тілі толыққанды қарым-қатынас жасау құралы бола алмайды. Алайда баланың сөйлеу тілінде бір сөздің (ана, анама, анамның, ұйықта, ұйықтап жатыр) морфологиялық жағынан бөлінуінің пайда болуын «сөйлеу тілінің қатерлігі» деп сипаттауға болады. Осы сәттен сөйлеу тілінің дамуы әр балаларда әртүрлі болуы мүмкін: біреуі фразалық сөйлеу тілін тез меңгерсе, басқалары ұзаққа созылады. Осының бәрін логопед жұмысында ескеру керек.

Сөз қорын молайту жұмысын бағдарламадағы көрсетілген лексикалық тақырыптарға сәйкес келесі бағыттар бойынша жүргізу тиімді:

- Сөздің номинативті функциясын дамыту;
- Сөздің мағынасын дамыту;
- Сөздің ассоциативтік байланысын дамыту;
- Сөздің семантикалық аясын қалыптастыру, кеңейту;
- Сөз өзгерту дағдысын қалыптастыру;
- Сөз қорын бекіту.

Сөздің номинативтік функциясын дамыту заттың атын атаудан басталады, сосын затты оны бейнесі- мен сәйкестендіріп атайды, басқа заттың арасынан сипаттамасы, белгісі бойынша затты табады.

Жұмыс барысында сөздің нақты мағынасын түсінуге, семантикалық белгілеріне, іс-әрекетіне көңіл бөледі және сұрақ қою арқылы логопед етістік сөздерді ойын барысында бекітуге үйретеді.

Сөздер бір-бірімен байланысып сөз тіркестерін, сөйлем құрайды. Сөз арасындағы байланыс (сөздің валенттілігі деп аталады) балаларда әр түрлі ассоциациялар (айту ұқсастығы, мағыналық, семантикалық белгілері, ұқсастықтары бойынша т.б.) тудырады және жаңа заттарды атауына, белгілерін айтуға, мағынасы бойынша сөзді табуға ынталандырады. Сондықтан сөйлеу тілін дамыту барысында ассоциативтік байланысты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Көптеген ғалымдар сөз қорын молайтуда оның орны ерекше деп санайды, өйткені ассоциация ой-сананың, психиканың дамуының негізгі механизмі деп есептейді.

Ассоциацияны қалыптастыру зат есім, сын есім, етістіктердің семантикалық аясын құрастыру, кеңейту, синоним, антоним сөздерді меңгеру арқышы іске асады. Бұл бағытта жұмыс жүргізу барысында ескеретін жағдай:

- Баланың берілген сөзді басқа сөздермен байланыстыра алу мүмкіншілігін ескеру;

- Ұсынылатын сөз баланың жаңа сөздерді іздеп табуына, сөз өзгертуіне, сөз жасалуына, сөз тіркестерін, сөйлем құрауын ынталандыруға ықпал ететіндей болу керек. Мысалы, ынталандыру сөзі ретінде «қуыршақ» суреті беріледі. Ол сөзге балалар «әдемі, үлкен» деген ассоциацияларды айтады. Сосын логопед: Біз Айнашты (қуыршақты) серуенге шығуға дайындық. Не істейміз? - киіндіреміз. Қандай киімдер кигіземіз? - балалар киімдерді атайды (көйлек, пальто, бас киім т.б.). Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? Қуыршақтың пальтосы қандай? - Қызыл, жасыл, әдемі. Қуыршаққа негі жылы пальто кигіздік? (дала суық). Далада қуыршақ не істейді? - ойнайды, жүгіреді, секіреді.

Әрине, сабақ барысында логопед баланың семантикалық аясына сәйкес нақты дұрыс сөздерді тауып бағдарлау үшін қосымша сұрақтар қояды және әртүрлі тиімді тәсілдерді (ойын, синоним, антоним, сөздерді табу т.б.) кеңінен қолданады.

Белсенді сөз қорын дамыту жұмысы балалардың сөз қорын анықтауға және молайтуға бағытталады да сөйлем құрауын қалыптастыру, логикалық операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау) дамыту жұмысымен қатар жүргізіледі. Сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағын қалыптастыру сабағына қажет сөздік материалдарды іріктеуге мыналарға көңіл бөлу керек:

- Сөздік материалдарды тақырып бойынша жүйелеуге;
- Сөздің буындық құрамының балаға қолжетімді болуына;
- Сөздің сөз өзгерту белгісін, мүмкіншілігін ескеріп жүйелеуге;
- Сабақ барысында көрнекілікті, іс-әрекеттерді кеңінен қолдануға.

Қолданбалы тілдің жаңа дами бастаған кезеңдерде аса маңыздысы, балаларды затпен іс-әрекет арасындағы грамматикалық байланысты орнатуға үйрету болып табылады. Сондықтан балаларды екі сөзден (жекеше түрде берілген атау септігіндегі зат есім + етістік, баяндауыш жекеше түрде 3 жақтағы осы жаққа) тұратын сөйлемдерді құрауға үйрету. Алдымен бұйрық райындағы 2-жақтағы етістіктерді қайталау ұсынылады. Кейін етістік негізінде «ды, ді» буындарын қосып сөздерді айтады. Мысалы,

Отыр - отырады Тұр-тұрды Кел - келді

Ұйыққа - ұйықтады

Сөйлем құрауға үйреткен кезде алдымен бар назарды етістікке аудару үшін іс-әрекеттің нысаны аталмайды, себебі бала оны айтпай кетеді, кейде бастауышпен үйлестірілмейді. Біртіндеп баланың назарын бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық байланысына аударған жөн, кейіннен сөйлем көлемін кеңейту қажет. Басында қарапайым суреттер бойынша кім? не? не істейді? Деген сұрақтарға жауап беруді үйрету арқылы жай сөйлем құрастыруын қалыптастырады.

Бала - отыр, жатыр.

Ата - оқиды, ұйықтады.

Әже - тоқиды, тігеді.

Ит - үреді, секіреді.

Сөйлем құрамын күрделендіру барысында логопед сұрақтар көмегімен баланың сөйлемде сөздерді тастап кетпеуін, кезектілігін сақтауын, қажетті формада, жауапта сұрақтарға сөздерді қолданғанын реттеп отырады. Мысалы,

Қыз немен ойнап отыр? - Қуыршақпен

Допты кімге берді? - Балаға

Бала ненің суретін салды? - Алманың.

Алдымен бірдей сұрақ қою керек, себебі септік жалғау мәнінің ұқсастылығы баланың меңгеруін жеңілдетеді. Мысалы, ілік септігі ішінде айтылған әрекеттің өзгеруін меңгеру үшін логопед балаға зат есімді жекеше түрде, ілік септігін қолдануды талап ететін ұқсас сұрақтар қояды: Бала не жеді? Ал қыз не ішті?

Бұл кезеңде баланы сөз жасамға үйрету басталады және жұмыстың болашақ кезеңдерінде жалғастырылады. Зат есім, етістіктердің грамматикалық формаларын қалыптастыру, кейін сөйлеу тілінің басқа бөлімін баламен алдын ала сөздің белгілі формасы талданып, бір сөздің әртүрлі бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Сөз, сөз тіркесінде бірнеше формада айтылса, сонда баланың ана тілінің, грамматикалық құрылымы мен грамматикалық категорияларды меңгеруі тиімді болады. Мұндай қарама-қарсы салыстыруға белгілі лексикалық қор және грамматикалық қарама-қарсы салыстырудың белгілі кезектілігі қажет. Сөйлеу тілінің онтогенезін талдай келе, сөзжасамға үйретудің сөз қорының мөлшеріне қарай ұсынылады. 100-150 сөз заттардың атаулары, 40-50 сөз іс-әрекет атаулары. Баланың назарын сөздің соңына «жылжыту» қажет. Сөз өзгерту жұмысы ырғақты - интонациялық бейнесін сақтайтын сөзден бастау керек, яғни өзгеретін сөздегі буындар саны. Одан басқа сөз өзгертудің өнімді формалары алдымен қолданылады.

Тапсырмаларды орындаудың алғашқы кезеңдерінде балалардың бір сөзді жауаптары дұрыс есептелсе, кейіннен баладан сөйлемді толық міндетті түрде айту талап етіледі. СТЖД балалар біріншіге қарағанда етістікке тәуелді екінші сөзді грамматикалық жағынан дұрыс өңдеуге қиналады. Мысалы, «Қыз тамақты қасық(пен) жеді». Балалар көрсетілген әрекеттер, сюжетгі-суреттер бойынша сөйлемдерді неғұрлым көп құрастырса, сұрақтарға толық жауап берсе, соғұрлым жай сөйлемдердің грамматикалық құрылымын тез меңгеріп, сөйлеу тілі жақсы, тезірек дамиды. Сондықтан сабақтан тыс уақытта кез келген заттың жағдайын, сурет сюжетін қолдану қажет. Бұл кім? Ол не істеді? Немен? Кімге? Неге? Қайда? т.б.

Жай сөйлемді қалыптастыру жұмысын сөздің буындық құрамын қалыптастыру және бала айта алатын фонемаларды ажырату жұмысымен қатар үйлестіріп жүргізуге болады (жоғарыда толық қарастырылған).

Жұмыстың бұл кезеңінде дыбыс айтуын түзету жұмысы жүргізілмеуі тиіс, өйткені ерте басталған дыбысты қою логопедиялық жұмысы балада сөйлеуге деген негативизм туғызуы мүмкін, себебі сөйлеу тілінің дамуының бұл деңгейінде балалар нақты артикуляциялық қалыптарды меңгере алмайды. Сөздің интонациялық-ырғақтық буын сипаты сақталуы қажет, бірақ міндетті емес. Егер сөздің үш буындық құрамы балаға қиын болса, онда екі буындық сөздермен шектелуге болады. Дыбыс айудың әртүрлі бұзылыстары байқалуы мүмкін. Логопед бұл кезеңде балаларға қарапайым тапсырмалар жаттатып, шағын әңгімелерді айтуға үйретеді.

СТЖД (II деңгейі) балалардың сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағын қалыптастыру барысында олардың еңжар, белсенді сөз қорын анықтауға, белсендіруге, молайтуға; сөзжасам, сөз өзгерту дағдыларын қалыптастыруға; сөз тіркестерін, жай, жайылма сөйлемдерді қалыптастыруға бағытталған әр түрлі тапсырмалар, ойындар кеңінен қолданылады.

1 *Основы теории и практики логопедии. Под ред. Р.Е. Левиной. - М., 1968.*

2 *Преодоление общего недоразвития речи дошкольников. Учебно-методическое пособие / Под общ.ред. Т.В.Воловцев. — М.: Институт общегуманитарных исследований, В.Секкачев, 2002. -256 с.*

3 *Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілінің бұзылуын тексеру әдістері. - Алматы, 2010.*

4 *Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасамының жағдайы. Хабаршы, Арнайы педагогика сериясы, №1-2 (32-33) Алматы, 2013.*

Түйін

Мақалада сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың (II деңгей) сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағын дамыту жолдары қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются пути развития лексико-грамматической стороны речи у детей с общим недоразвитием речи (II уровень).

Summary

In article ways of development of the lexical and grammatical party of the speech at children with the general underdevelopment of the speech (II level) are considered.

АУЫЗША СӨЙЛЕУ ТІЛШІ ДАМУЫ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК МАТЕРИАЛДАРДЫ МЕНГЕРУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

А.А. Дауррамбекова - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Арнайы педагогика кафедрасы

Адамдар арасындағы қарым-қатынас түрлі формада жүзеге асады. Қалыпты дамыған балаларда сөйлеу тіл формасын игерудің кезектілігі байқалады: мектепке дейінгі ауызша сөйлеу тілі, оның ішінде алдымен жеке сөйлемдер, кейін диалог және сөйлеу тілінің монологтық түрі игеріліп қолданылады. Жазбаша сөйлеу тілін меңгеру ауызша сөйлеу тілін меңгеріп жатқандағы алғашқы кезінен басталуы керек. Ауызша сөйлеу тіліне үйреу барысында айқындалған сөйлемге назар аударылады, осы кезде мазмұнды-әдеби сөйлеу тілі қалыптаса бастайды. Сөйлеу тілін меңгеруде, арнайы оқытуда да, еститін бапаларды оқытуда да, оның деректі нақты формасы яғни ауызша сөйлеу тілі қабылданады.

Нашар еститін оқушылардың тілге оқыпудың ерекшеліктері туралы Р.М. Боскис, А.Г. Зикеев, К.В. Комаров, К.Г. Коровин, Бектаева К.Ж. т.б. ғалымдардың еңбектерінде нақты көрсетілген. Бұл зерттеулерде көрсетілген ғылыми түсіндірулер және көп жылдық практикалық жұмыс тәжірибесінің негізінде біздің елімізде есту қабілеті зақымдалған балаларды тілге оқытуға жеке ықпал жасау жүйесі жасақалған. Оқушылардың бұл тобын сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерінің алуан түрлілігі ерекшелендіреді. Бұл оқытудың міндетіне, мазмұнына, әдістеріне, тәсілдеріне және құралдарына эсер етіп, оны тандауда және олардың үйлесу тәсілдерін анықтауда маңызды фактор болып табылады.

Нашар еститін оқушылардың жалпы білім беру жүйесінде «Тіл және тіл дамуы» оқу пәні ерекше орын алады және ол объект ғана емес, зерттеу құралы ретінде таңылған. Шынайышық сезіну құралы ретінде ана тілі оқушылардың ақыл-ой және шығармашылық қабілеттерін, абстрактілі ойлау, есте сақтау және елестетугін дамығуды қамтамасыз етеді, өз бетінше оқу әрекет дағдыларын, өз бетінше білім алуын қалыптастырады.

«Ауызша сөйлеу тілі» термині көп компоненттерді, соның ішінде мазмұнын, қабылдауын, айтылу жағын (фонетикалық), сөйлеу тілінің мағыналық жағын (лексика, фразеология, грамматикалық қатар), функционалды-стилистикалық жағын (диалог, монолог, баяндау, талқылау) құрайды. Біз ауызша сөйлеу тілінің құрылымдық (лексикалық түсінік) жағын оның функционалды ерекшелігін ескереміз. Ауызша сөйлеу тілін анықтауда, әдістемелік әдебиеттерде негізі «сөйлесу тілі» термині қолданылады.

Тілдік материалдарды меңгерудегі практикалық бағыт, коммуникативті түрмен айқындап, оқытылған тілдік қарым-қатынастың жүйесімен қамтамасыз етіледі. Осы жүйе материалмен жұмыста түсінікті әрекетті қалыптастыруға қол жеткізеді. Оның мақсаты, балалардың лексика мен грамматика құралдарымен типтік және нақты түсініктің мазмұнын көрсете алуы. «Тілге функционалды құралдық әрекет оқыту әдістемесіне қажет, себебі ол тілдік материалды игеруде коммуникативті түрді қамтамасыз етеді» [1].

Сөйлесудің екі түрлі формасы бар: ауызша және жазбаша. Біз бірінші формасын яғни ауызша сөйлеу тілін қарастырамыз. Деректі, жаппы сөйлесу кезіне ауызша сөйлеу тіліне тән: әңгімелесу мен диалог. Ауызша сөйлеу тілін жақсы меңгеру адамдар арасындағы қарым-қатынасты, олардың ойларының дұрыс алмасуына, бір-бірін түсінуге, мағлұматты таратуға, қоршаған ортаға көз қарастың өзгеруіне оған баға беруге септігін тигізеді. Сонымен қатар ауызша сөйлеу тілі нашар еститін балаларға өзінің сөйлеу барысындағы ерекшелігімен белгілі бір қиындық туғызады. Бастауыш сыныптарда бұл қиындықтарды жазбаша сөйлеу тілімен және қателерді түзейтін, сөйлеуін жақсартатын дактильдік сөйлеу тілін қолдану барысында жоюға болады.

Сөйлеу тілінің бірнеше қасиеттері бар. Соның біріне тоқтала кететін болсақ ол ауызша сөйлеу тілінің дайындықсыз болуы. Сөйлеу тілін әлі толық меңгермеген жағдайда алдын-ала дайындық қажет. Бірақ бұл диалог барысындағы жаңа сөздерге немесе әлі толық меңгерілмеген сөздерге қатысты. Бұған дайындалу үшін оқушылар фразалардың үлгілерін қолданып, сөз тіркестер, схема, таблица сызуға, дактильмен жұмыс жасауға, әңгімелесудің жоспарын құруға уақыт беру керек.

Жақсы меңгерілген материал, қорытындылау мақсатында, сөйлеу барысында дайындықсыз қолданылуға бағытталуы қажет.

Ауызша сөйлеу тілі қарым-қатынастың диалогтық формасына жатады. Бұл қасиет нашар еститін балаларда сөйлеу тілінің ерекше шартын қалыптастыруға жауапты. Диалог және әңгімелесу түрінде мұғалім мен оқушылар арасында, оқушыларда өзара қарым-қатынас орнайды. Әртүрлі сөйлеу формалары, яғни керекті материалдарды көрсету, оларды меңгеруге көмектесу, әңгімелесудің қайталануы, фразалардың, сөздерді дұрыс қолданудың дұрыстығын тексеріп отыру, балалардың ауызша сөйлеу тілінің белсенді дамуына септігін тигізеді.

Жұмыс барысында балалардың мұғалім берген үлгіні қабылдауын ескере отырып, оларға қиындықтарды жеңуге, қателерді түзеуге көмектесу керек. Әңгімелесуге сынып оқушыларының барлығы қатыстырылса: фронтальды, тошық жұмысқа, оқушылардың сөйлесу барысында шарттардың жиі өзгеріп тұратын реакциясына жағымды әсерін тигізеді. Сөйлеу тіліне арнайы оқытуда диалогты кең қолдану оқушылардың сөйлеу тілі дамуының қоршаған ортамен байланысуына, оны қабылдауға, есте сақтауға, ойлауға мүмкіндік береді. Бірақ арнайы мектептерде діл дамыту сабақтарында көптеген қиындықтар кездеседі. Ол сөйлесіп отырған оқушылардың әрдайым көру қарым-қатынасы, (көріп қабылдауы) егер ол жоғалып кетсе түсініспеушілік пайда болады. Сондықтан сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты мұғалім әрдайым қатал бақылауға алып отыруы керек. Қарым-қатынастың шынайы түрі оқытудың шарты немесе өзіндік мақсат ретінде қарастырылмай, мұғалімнің оқушыларға сөйлеу тілін үйрету барысындағы көптеген қиындықтарды жеңіп, оқушыларға сөйлеу тілін өз бетінше қолдануға үйреткен жұмысы қарастырылуы қажет. Сондықтан ауызша сөйлеу тілін қалыптастыруда (жалпы дамуы барысында) тілдік материалды (тематика, диалог түрімен құрылымы, сөйлемдердің және сөз тіркестерінің түрлері, лексика) таңдауға үлкен мән беріледі, ал шынайы ауызша сөйлеу тіліне үйрету барысында оқушылардың деңгейін, яғни бала нені меңгеріп, нені меңгере алмағандығын тексеріп отыру керек. Қарым-қатынастың негізгісі оның түсінігі, мағлұматтардың тұтастығы, белгілі бір мағыналардың бірігуі болып саналады. Сөйлеу тілінің түсінігі қалыптасуы және вербальдылығы шынайышылықтың негізінде көрініс табады, сонымен қатар қабылдаудың нәтижесі, сөйлеушілердің әңгімесіндегі немесе мәтіндегі мағлұматтарды іштей өндеп оны түсінуге сүйенеді. Бірінші жағдайда қарым-қатынас көрнекі жағдаяттың негізінде, екінші жағдайда-сөздік контексттің негізінде орын табады. Методикалық қарым-қатынас барысында ауызша сөйлеу тілі нашар еститін балаларды оқытуда контексттік тілдің ерекшелігінде үлкен орын алады. Бастауыш сыныптарда осы ерекшеліктерді алғаш оқытуда пайдалану қажет. Себебі балалардың сөйлеу тілі мүмкіншілігі өте аз. Сондықтан, сөйлеу тілінің алғашқы және бастаушы қасиетіне ауызша сөйлеу тілінің эртүрлілігі жатады. Сөздік-контексттік қасиетке ие монологты сөйлеу тілін де дамытады, бірақ онымен жұмыс алдымен ең қарапайым тәсілдерді дамыту мен шектеледі. Арнайы оқытудың бүкіл курстарында сөйлеу тілін дамытуда және бекітуде ауызша сөйлеу тілі жағдаяты өзінің мағыналылығын сақтайды. Ауызша сөйлеу тілінің контексттік негізде дамуы сөздік байланыстың қатысуымен жүзеге асады. Ауызша сөйлеу тілін дамыту сабақтарында контексттік сөйлеу тілінің ұлғаюы оқушыларға диалогты монологтық элементтерімен, байланыстырып сөйлеу мен құрастыруға бағытталған тапсырмалармен байланысты. Оқушыларды ауызша сөйлеу тілінің күрделенген формасына өтуге ыңғайлы рөлін дайындау бағдарламалық талаптарға сүйенеді, олар көп тапсырмаларды орындайды, тапсырмалар өмірлік тәжірибеде жиналған жағдайларға қатысты берілуі керек. Бұндай тапсырмалар аралас (ситуативтік-контекстті) түрде болып келеді. Бұл жерде көрнекі рөл ретінде балалардың ойын, еңбек, күнделікті өмірдегі жағдайларда қалыптасқан білімі, жалпы міндеттерді орындауы, телебағдарламаларды, фильмдерді көруі болып табылады. Контекстті түріне, берілген тақырып, тапсырманың сөздік қалыптасуы, жоспар, сүйенетін сөздік, фразеология жатады.

Ауызша сөйлеу тілінің тақырыптық берілуі-оның негізгі белгісі, ол дидактикалық мақсатта да қолданылады. Әңгіменің тақырыбын біле отырып, оқушылар назарын соған байланысты объектіге бағыттайды, сонымен қатар тілді көркемдеуге және тақырыпты дамытуға сөздік материалдар жинақтайды. Диалогтың немесе әңгіменің тақырыбы өз алдына нақты затты білдіреді, жалпыға белгілі құбылыс немесе сол құбылыстың ("Демалыс", "Спорттық жаттығулар", "Жануя", "Менің достарым", "Көлік" т.б.) бір-бірімен байланысқан бөлігі болып табылады.

IV-V сыныптарда әрбір мұғаліммен немесе бағдарламамен берілген сөйлеу тілін дамытуға арналған тақырып үлкен көлемде тілдік материалдармен толтырылса болады. Берілген тақырып бойынша әңгімелеу барысында оқушылар оның мағынасын ашудың кезектілігін игеріп, өзінің біліміндегі логикалық мазмұнының нақтылауға жаттығады, ол (ауызша және жазбаша түрде) монологтық әңгімеге өтуге көмектеседі [2].

Ауызша сөйлеу тілін қалыптастырудағы жұмыстың міндеттері:

1. Нашар еститін балаларға көмектесу, оларға сөйлеу тілінің керектігін сездіру. Бұл міндетті іске асыру үшін сабақта және сабақтан тыс балалардың жас шамасына байланысты қызықты қол жетерлік ойындар, тапсырмалар ұйымдастырылуы қажет.

2. Оқушылардың топтық және жеке, практикалық іс-әрекеттерді орындауы. Бұл мұғалімнің көмегімен жүзеге асады. Назар аударылған сөйлеу тілінің түсінігін дамытудағы жұмыстың міндеті бұйрықта жаңа сөздермен фразалармен толықтырылады, сонымен қатар олардың қабылдауларына жағымды шарттар жасалады.

3. Сөйлеу тілін түсінуді қадағалаудың құралдарына балалардың ереже бойынша қимылды орындауы. Бұнда белсенді сөйлеу тілін игерудегі түсініктің дұрыстығы балалардың сөздік реакциясында байқалады. Алғашқы қателіктер, сөйлеу тілін толық түсінбеу немесе оларды дұрыс қабылдамау, мұғалімнің сөздерді әртүрлі струкіурада қойып айтуымен түзеледі (Кітапты бер,- Кітап қайда? -Кітаптың астында жатқан дәптерді ал. -Кімнің кітабы?). Бұл жерде сөздің формасы өзгеруінің керектігін жалпы әңгіме барысында көреміз.

Біріккен ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру топтық сабақтары топшаларға бөлінеді:

- а) балалардың практикалық іс-әрекеті;
- ә) алған әсері (экскурсия, саяхат, демалыс, мерекелер) жайлы әңгіме сабақтары;
- б) көрнекілік материалдарына сүйене отырып, әңгімелесу (картинканы, көрген бейнефильмдерді талқылау).
- в) оқушыларды байланыстырып, мазмұндауға үйрету (Оқушылар мұғалімнің айтқанын, радиодан, магнитофондағы басылымдарды қайталап айту [3]).

Ауызша сөйлеу тілін дамыту жұмысының міндетіне байланысты оның құрастырылған бөлімі айқындалған:

- сөздікжұмыс;
- мағыналық байланысты көрсету;
- лепті, хабарлы, сұраулы сөйлемдермен жұмыс: диалогты, монологты сөйлеу тілдерімен жұмыс.

Әр бөлімге ақырындап қиындатылған тілдік материал таңдалынады. Тілдік қасиетке де көп көңіл бөлініп, жұмыстың қиындатылған формасы кірістіріледі. Сонымен бірге бағдарламаның тақырыбы мен талаптарын ескере отырып, мұғалім ауызша сөйлеу тілін дамытуда қосымша материалдар таңдап алып оқытады. Ауызша сөйлеу тілін дамытуда саналып құрастырылған жұмыстың бөлігі бір бірімен байланыс- та, сонымен қатар "Оқу", "Тілдің грамматикалық қатарын қалыптастыру" бөлігімен байланысты.

Балалардың белсенді сөздік қорының толықтырылуы, сөйлеу тілін қалыптастыру процесіндегі ең маңызды талап болып табылады. Сөйлеу тілін қалыптастыру сабақтарындағы лексикалық материалдарды ерекше түрде топтастыру арқылы, мұғалім ақырындап балалардың әртүрлі даму жақтарын қамтамасыз етеді. Бір түрдегі лексикалық бірліктер әртүрлі этапта нақтырақ және жалпылама мағынаға ие бола отырып, әртүрлі жағдайларда, контекстте қабылданады. Оқушылардың жана және бұрын меңгерілген сөздерін мұғалім жай босқа қолданбайды, лексиканы меңгерумен қатар тілді түсінудегі сөздердің байла- нысы меңгеріледі. Әдістеме көмегімен оқушыларда әртүрлі мағыналық байланысты қабылдау реттілігі бекітілген (кеңістіктік, уақыттық, объективтік және т.б.) Логикалық-мағыналық байланыстың тілде көрініс табуы грамматикалық категорияны (жалпы және жеке) пайдаланумен байланысты болса, берілген тапсырма мақсаты оқушыларда тілдік грамматикалық реттілікті қалыптастыру. Мұғалімнің ауызша сөйлеу тіліндегі жаңа сөз тіркестер мен сөйлемдерді, сонымен қатар көрнекі және контексті жағдайда жазбаша формада қабылдай отырып, оқушылар олардың мағынасын бірлікте оның тәсілін білдірумен қабылдайды. Бұл материал ерекше түрде ұйымдастырылғандықтан, оның сөйлеу тіліне кіруі арнайы жасалған кезектілікпен байланысты. Балалар осы немесе басқа тілдік тәсілді кезекті лексикалық модель ретінде қарым-қатынасты айқындайтын белгілі мағынаны қабылдайды (мысалы, кітапты үстілге қой, пальтоны ілгішке іл, гүлді кереуетке қой). Лексикалық-грамматикалық жалпылауды қалыптастыруды ауызша сөйлеу тілін дамыту сабақтарының негізгі міндеті ретінде қарастырамыз. Балалардың өзіндік сөйлеу тілін игерудің алға жылжуы тек жалпыламаның игерілуі арқылы жүзеге асады. Бірақ бұл сабақта берілген тапсырма толық көлемде орындалмайды. Бірінші этаптағы өтілген практикалық-грамматикалық сабақта өтілген белсенді материал (сөзтіркестерінің түрі, сөйлемдердің құрылымдығы) белсендендіріліп, синтезделіп, басқа да тілдегі грамматикалық заңдылықтарды қалыптастыру түсінігімен салыстырышады. Осыдан кейін бұл материал ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту сабақтарында балалардың өзіндік тілдік құрышымында бекітіледі.

Ауызша сөйлеу тілінің дамуы оның функционалды құрылымының әртүрлілігін меңгерумен қарасты- рылады. Алдымен оқушылар іс-әрекет барысындағы мұғалім мен достарының сөйлеу тіліндегі жеке мәтінді қабылдау керек. Бұл мәтіндер негізінен жанданған сөйлемдерден тұрады. Осыдан біртіндеп жайылған тапсырмалармен бұйрықтарға өтеді. Ауызша сөйлеу тілінің сұрақтармен жауаптардан құралған диалогты формасынан, сөздік қорының толықтырылуынан, сөз тіркестерімен жайылма сөйлемдерді меңгеруден басқа оқушыларды сөйлеу тілінің күрделі формасына үйрету міндеті бар: талқылау мен сипаттау, құрастырылған монологты сөйлеу, хабарлау.

Нашар еститін балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту сабақтарында барлық тілдік компоненттерді қолдануға яғни сөздер, сөз тіркестерге, жай және күрделі сөйлемдерге үйрету қамтылады. Ауызша сөйлеу

тілін дамытуда сөздердің дыбыстық құрамы айқындалады, екпіннің дұрыс қойылуы орфоэпияның ережелері жатталынады. Содан кейін, ауызша сөйлеу тілін дамыту сабақтарында тілдің әр жақғылығын меңгерудегі тапсырма комплексті түрде шешім табады. Сонымен қатар, тілдік іс-әрекеттің белгілі бір жағын арнайы тандау, сабаққа бағдарламаның басқа бөлімімен беріледі.

Жалпы сабақтарда мынадай ауызша қарым қатынас реттілігі қолданылады: лепті сөйлемдер - хабарла- ма түріндегі жеке мәтіндер, сипаттаушы фразалар - диалог. Тілдік материалды меңгерудің еңбек деңгейі күрделендірілген монологты сөйлемдерді құрап айту. Функционалды-стилистикалық тілдік форманың ерекшелігін ескере отырып, оқытудың белгілі бір кезеңдерінде оның жоспарының балаларға тиімділігіне сонымен қатар, комплексті қолданылуы мен дамуына қол жеткізуіміз керек.

1 Зикеев А.Г. Развитие речи слабослышащих учащихся. - М., 1976.

2 Комаров КВ. Методика обучения русскому языку в школе для слабослышащих детей: Учеб. пособие для вузов. «Оникс 21 век», - М., 2005.

3 Основы специального обучения слабослышащих детей/Под ред. Р.М. Боскис. - М., 1968.

Түйін

Мақалада нашар еститін балалар мектебінде ауызша сөйлеу тілін дамыту сабақтарында тілдік материалдарды меңгерудің практикалық бағыттары қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются практическая направленность овладения языковыми материалами на уроках развития устной речи слабослышащими учащимися.

Summary

The process of learning of a language material by pupils with hard hearing at the lessons of development of the speech is considered in this article.

КОМЕКШІМЕКТЕПТІҢ ҚОЛ ЕҢБЕГІ САБАҒЫНДА КӨРНЕКІЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Г.А. Кошжанова - оқытушы, Арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Көмекші мектептерде көрнекі оқу құралдарды пайдалану балаларға жалпы өмірде, күнделікті тұрмыс- та кездесетін жайларды дұрыс танытты, ой-өрісін кеңейтті, сабақты дұрыс игеруге және түсінгенін айтып беруге үйретуде сабақ тақырыбына лайықты қолданылатын көрнекі құралдардың, дидактикалық матери- алдардың маңызы зор. Көрнекі құралдарды пайдалану арқылы балалар алдымен сөз, содан кейін сөйлем ойлап, ойын жүйелі, тұтас айта білуге төселеді.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптағы интелектісі бұзылған балаларда сюжетті рөлдік ойыны қол еңбегі сабағында меңгеру құралы болып табышады. Интелектісі бұзылған балалардың ойын іс-әрекетінің дамымауы олардың шығармашылық мүмкіндіктерін тежейді. Сонымен қатар, графикалық іс-әрекеттерді меңгере отырып, балалар кеңістіктік қатынастарды шынайы моделдейді. Бұл категориядағы балалар заттық суреттің фрагменттілі сипатын түсінуде қиналады, суреттің мазмұнының толықтығын түсінбеуі- нен сишталып тұрған заттың формасы мен пропорциясын және графикалық іс-әрекеттерді орындауда кіші сынып кезеңінің соңына дейін анықтай алмайды.

Интелектісібұзылған оқушыларды арнайы оқытпаса, құрастыру іс-әрекеттері қалыптаспайды. Сонымен қатар оқушылар құрылыстық бөліктермен құрастырғанда құрылыс бөліктерінің бір біріне сәйкес келуіне назар аудармайды.(О.П. Гаврилушкина). Осылайша сурет салу мен құрастыру іс-әректін жеткілікті орындай алмауынан, зияты бұзылған баланың кеңістіктің қатынастарды, объектілер арасында- ғы байланыстарды түсінуіне мүмкіндік бермейді.

Интелектісібұзылған оқушылар қол еңбегі сабағында жасаған бұйымдарын кеңістікке қатысты орнын дұрыс анықтай алмайды. Ал мұндай сәтсіздіктер интелектісібұзылған оқушының жағымсыз жағдайын туғызып, іс-әрекетке және жұмыс жасауға тілектерін тежейді.

Әр түрлі объектілер мазмұнының бір-біріне қатысты бөліктері мен пропорциялық бұзылуын сипаттай- ды. Олардың конструктивті іс-әрекеттерін зерттегенде интелектісі бұзылған бастауыш сынып оқушылары құрастыру кезінде немесе басқаларға еліктеп құрастырғанда қателіктер жібереді. Балалар бөліктерді теріс орналастыруы мүмкін. Кеңістікке бөліктердің қасиеттерін есепке алмайды. Осының барлығы баланың үқсас объектілерді біріктіруіне жағымды үрдіс орнатуын қиындатады. Интелектісі бұзылған оқушылардың құрастыра алмауы бұл іс-әректтегі баланың ақыл-ойын дамытушы және түзетуші құндылықтарын төмен- детеді (О.П. Гаврилушкина).

Е.А. Гордиенконың зерттеуі бойынша көмекші мектеп оқушыларының ауызша сөз байланыстарын дамыту жұмысында көрнекі құралдардың қолдануы туралы оқушылар үшін тиімді екенін көрсеткен. Сөйлеу тілінің қалыптасуы оқушылар үшін әлеуметтік еңбекке бейімделуіне қолайлы жағдай болып табылады.

Интеллектібұзылған балаларды оқыту тәрбие ісінде әртүрлі көрнекі құралдарды қолдануда оқушылардың оқу мүмкіншіліктеріне, жан-жақты дамуына мүмкіндік береді (Б.П. Пузанов).

Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау немесе суретін көрсету арқылы жүргізілетін сабақ есте жақсы сақалады. Сабақ үстінде оқушылардың тілін ұстартуда сабақты сөзбен түсіндіргеннен көрі, көрнекі құралдарды пайдаланып түсіндірген тиімді.

Интеллектісі бұзылған бастауыш сынып оқушыларында қоршаған ортада бағдарлау тәсілін игеру, заттардың ерекшелігі мен қатынасын ажырату, белгілеу кез- келген әрекетті түсіну үшін дені сау балаға қарағанда көбірек қайталау қажет болады. Ол көп жағдайда затты тактильді-қимыл тұрғысынан тексеруге тырыспайды. Интеллектісібұзылған балалардың көпшілігінің кіші жаста қимылы, көріп қабылдауы үйлесімді дұрыс жетілмейді. Төменгі сынып оқушылар өзінің көріп қабылдауын өзгермелі жағдайға бейімдеуді жеткілікті түрде білмейді. Егер кеңістікте бағдарланған, яғни жоғарғы және төменгі жағы анық көрінетін заттардың суретін кіші сынып оқушыларына төңкеріп берсе, онда оларды балалар қалып- ты жағдайда тұрған басқа объектілер ретінде қабылдайды.

Олар көрнекі материалдарды, таныс объектілерді немесе өмірде жиі қолданылатын заттарды бейне- лейтін ашық бояумен боялған суреттерді анағұрлым жақсы естерінде сақтайды. Алайда ол заттардың атауларымен бейнелері кей жағдайларда балалардың естерінде көпке дейін сақталмайды.

Көрнекі-бейнелік ойлауды талап ететін тапсырма бастауыш сынып жастағы балаларда көп қиыншы- лықтар тудырады. Олар көрсетілген үлгіні естерінде сақтай алмағандықтан, көп қателер жібереді. Олар заттардың атауын білдіретін сөздер қатарынан көрі, затты бейнелейтін суреттер қатарын жақсы естерінде сақтайды.

Интеллектісібұзылған балалардың көпшілігінде сызу әрекеті мектеп жасының аяғына мақсатсыз, қысқа, мәнсіз шимайлар дәрежесінде болады. Таным процесіне ықпал ететін жағдайлардың біріне баланың тапсырманы, қандай да бір әрекет түрін орындауда ұқыпты болу қабілеті жатады. Интеллектісібұзылған балалардың ықпалды зейіні белгілі дәрежеден аспайды. Оларға ұзақ уақыт назар аудару, бір мезгілде бірнеше әрекет түрлерін орындау мүмкін емес болып көрінеді. Көрнекілік материалдың болуы оқушылар- дың ойлану қызметін, танып білу, қортындылау, сәйкестендіру т.б. жеңілдетеді (А.В. Ифимов).

Көмекші мектеп оқушыларының өзінің іс-әрекетін жоспарлауы өте қиын, сол кезде көрнекілік оқушы- лардың алған білімін жоспарлы түрде ретпен еске түсіруге көмектеседі. Мұндай жағдайда әр бөліміне сәйкес келетіндей сериялы иллюстрациялар пайдаланылады. Осындай жоспарлы көрнекілікке сүйене отырып, оқушы әңгімелегенде оқиға мазмұнды толық және жан-жақты суреттеледі.

Алғашқы сабақтарды бақышау жұмысында интеллектісі бұзылған оқушылардың берілген тапсырмалар- ды қызығушылықсыз, талаптанбай және ешқандай шығармашылық танытпай орындайтындығын көрсет- ті. Олар өз әрекеттерін аяқламай, жұмысты тастап кетуге дайын тұрды, бірақ мұғалімнің талабы оларды амалсыз еңбек етуге мәжбүрлегені сезіледі. Ақырында, жасалған бұйымның сапасы төмен, үлгімен салыс- тырғанда әлдеқайда өзгеше болды.

Зерттеу барысында қол еңбегі сабағында оқушылар бұйымдарды дайындау үшін жаңа оқу материал- мен танысуда, жұмыс жоспарына бейімделуде қиыншылықтар байқалды. Еңбек сабағында бұйымдарды жасау кезінде оқушылардың орындау қабілеті болғанмен, орындау кезінде кемшіліктер болды. Қателіктер жаңа бұйымдар жасап жатқанда детальдар (бөлшектер) қою тәртібі, өлшемдердің сәйкес келмеуі, сондай- ақ түстерді ажыратуы қиынға соқты.

Сабақтарды бақылау нәтижесінде және оқушылардың әр түрлі көрнекі-құралдардың көмегімен жасалынған бұйымдарын талдау нәтижесінде келесідей ерекшеліктер анықталды:

- қол еңбегі сабағын ұйымдастыру кезінде мұғалім көрнекі-құралдардың түрлеріне, эстетикалық сапасына және жасалынатын бұйымға сәйкестігіне аса көңіл бөлмейді. Яғни, суреттерді көрнекі-құрал ретінде қолданылған жағдайда бұйымның сапасы төмен болды. Себебі, оқушылар қажетті ақпаратты толық ала алмады, бұйымның көлемін, бөліктерді біріктіру, қағаздарды кию тәсілін білмейді;

- оқушылар тапсырманың қортындысын, және өз жұмысында қателіктерді байқай алмайды;

- тапсырманы орындаған кезде жасау жоспарын құра алмайды. Мұғалім жоспар бойынша түсіндірген- мен, бала орындау тәртібін толық меңгермейді.

Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу балалардың зейінін өзіне аударып қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезінуін дамытады. Сонымен қатар,

шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін қалыптастырып, бастаған ісін аяғына дейін аяқтауға, еңбек нәтиже-сіне жетуге ұмтылдырады.

Біздің зерттеудің көздеген мақсаты ол көмекші мектептегі 2-сынып оқушыларының қол еңбегі сабағында көрнекілік құралдарды түсіну мен қолдану ерекшелігін зерттеу. Дәлелденген іс-әрекеттер тәжірибесінің қорытындысы бойынша көмекші мектептің бастауыш сынып оқушыларының көрнекілік құралдарды түсіну мен қолдануы толық қалыптаспағанын анықтадық.

Бақылау негізінде көмекші мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілеріне, қол еңбегі сабағында оқушыларға көрнекілік құралдардың ынандай тәсілдерін пайдалану тиімді деп санаймыз:

1. Сәйкес материал бойынша нақты үлгі жасау;
2. Сабақ кезінде көрнекілікті жан-жақты толық талдау;
3. Оқушылардың өздігіне жұмыс жасау кезінде көрнекілікке назар аударуды ескерту;
4. Әр баланың қабылдауы әрекетінің әр түрлі сөйлеу тілдерінің ақаулықтарын ескере отырып әр балаға жек дара және жалпылама тапсырмалар беру.

Сонымен көмекші мектепте қол еңбегі сабағында көрнекі құралдарды оқушылардың қабылдау деңгейін, сөйлеу тіл ерекшеліктерін, жеке басының ерекшеліктерін, ескере отырып пайдаланса қол еңбегі сабағын нәтижелі жүргізуге болады деп есептейміз.

1 *Ефимов А.В. Некоторые вопросы методики истории. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1958. - с. 99. 77.*

2 *Жұмбаев М. Педагогика. - Орынбор, 1923 ж -56 б.*

3 *Под.ред. В. В. Воронковой. Воспитательная работа в специальных школах сборник научных трудов.*

4 *Выготский Л.С. «О связи между трудовой деятельностью и интеллектуальным развитием ребенка». // Дефектология, 1976, - Мб.*

5 *Выготский Л.С. «Основы дефектологии». Собр. Соч.: В 6 т. - М., 1983, Т.5.*

6 *Розова А.П. Трудовое обучение глухих учащихся//Дефектология. 1985-М4.*

7 *Мирский С.Л. «Коррекционная направленность трудового обучения во вспомогательной школе», //Дефектология, - М1, 1986.*

8. *Пузанов В.П. «Обучение детей с нарушениями интеллектуальногоразвития». - М.: Академия, 2003 г.*

Түйін

Мақалада көмекші мектептің қол еңбегі сабағында көрнекіліктерді қолданудың маңыздылығы мен мүмкіншіліктері тереңірек қарастырылады. Оқушылардың жеке басының ерекшеліктерін, ескере отырып, қол еңбегі сабағында көрнекіліктерді пайдаланудың кейбір әдістемелері сипатталады.

Резюме

В статье рассматриваются возможности и значение использования наглядности на уроках ручного труда в вспомогательной школе. Некоторые описание методов ручного труда и использовать их по личностных особенностям учеников.

Summary

In the article possibilities and value are examined the use of evidentness on the lessons of hand labour at auxiliary school. Some the description of methods of hand labour and to use them for personality to the features of students.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАДАҒЫ «ӘЛЕУМЕТТІК» ЖӘНЕ «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ» ҰҒЫМДІЛЫҒЫНЫҢ МӘНІ

**А. Н. Аутаева -Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы педагогика кафедрасының доценті, психол.г.к.,
З.Н. Бекбаева - Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, п.г.к.**

Қазіргі кезде Қазақстанда білім берудің жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың жұмыс теориясының қалыптасуы қазіргі жалпы әлеуметтік жұмыстың негізі болып табылады. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер осы негізгі теориялардың барысында реттеліп, өзінің оңайлы шешімін тауып отырады. Әлеуметтік педагогикалық құбылыстарды, нақты оқушылардың әлеуметтік жағдайды талдап, бағалай білуі, олардың әлеуметтік мәселелерді тиімді шешудің жолдары мен тәсілдерін білікті түрде анықтауында осы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс теориясының алар орны орасан зор.

Қазіргі кезде оқу орындарында шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа оқыту технологиялары жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан әлеуметтік педагог қажет. Сондықтан әлеуметтік педагогтың өз қызметі аясында жұмыс істеу әдістері мен технологиясының маңызын теориялық тұрғыда білуі қажет.

Әлеуметтік педагогтың бүгінгі таңда қызмет ету салалары өте ауқымды. Олар: білім беру мекемелері, 81 -----

жастар ісі жөніндегі комитет мекемелері, денсаулық сақтау мекемелері (балалар ауруханалары, психикалық ауру балалардың арнайы ауруханалары, наркоман балалар санаторийлері және т.б.), халықты әлеуметтік қорғау мекемелері, ішкі істер бөлімі жүйесіне қарайтын мекемелер, арнайы білім беру мекемелері (балаларға арналған интернаттар мен тәртіп бұзушы балалар колониясы және т.б.). Бұл аталған мекемелерде жұмыс істейтін әрбір әлеуметтік педагог алдымен диагностикалық жұмыстарды жүргізеді, проблемаларды айқындап, олардың себептерін түсіндіреді. Сонымен қатар әлеуметтік педагог барлық әлеуметтік мекемелердің тәрбиелік мүмкіндіктерімен өте жақсы таныс болуы керек. Әлеуметтік педагог жұмыс істейтін мекемелер мемлекеттік, қоғамдық, мемлекеттік-қоғамдық сипатта болуы мүмкін.

Әлеуметтік педагог даярлауда әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясының теориялық аспектісі әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуге міндетті тиімді әдістер мен құралдар негізі болып табылады. Бұл нақты іс-әрекеттің нысанына қатысты әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің нұсқаларын негіздеу мен талдауды сипаттауда қолданылады.

«Әлеуметтік технология» ұғымы Ресейде ХХ ғасырдың 70-80 жылдары, қоғамдық әлеуметтік-экономикалық шарықтау мәселелерінің шешіміне байланысты дамыды. Бұл өзгерістер шетел зерттеушілерін қызықтыра түсті. Болгар зерттеушісі Н.Г.Стефанов: «әлеуметтік технология қанша қиын процесс болғанымен, олардың әрқайсысы технологияға бағынады. Негізгі мәселе әлеуметтік процестерді техникалау мүмкіндігі емес, оны жүзеге асыруы» - деп атап көрсетті. Әрі қарай: «Адам қызметінің түрлері күрделенген сайын, олардың үйлесімді кезеңдері мен операцияларын жіктеу міндетті болып табылады. Қызметті технологиялық дәрежеде аталуы үшін, міндетті түрде, жоспарлы және саналы түрде жіктеліп, нақты тізбектеліп, жүзеге асырылуы қажет. Операциялық кезеңдер де, нақтылы тізбектер де өз бетінше орнықпайды, себебі әрбір қызметтің ішкі логикалық дамуы мен жұмыс жасау үрдісі болады» - деген болатын [1].

Дәл осы уақытта бұл мәселелерге байланысты ресейлік зерттеушілердің өзіндік пікірлері пайда болды. Жеке алып қарағанда бұл мәселелерге Н.С. Донакин, Л.Я. Дятченко, А.К. Зайцев, Л.Г. Ионин және т.б. ерекше назар аударды.

Бастапқы кезде зерттеушілер әлеуметтік технологияның мәнін және қоғамдық өмірдегі орны мен әртүрлігін түсіндірді.

В. С. Дугченко көптеген авторлардың еңбегіне талдау жасай келе, мұны былайша түсіндірді:

- Әлеуметтік технология - бұл қоғамдық қызметтерді мәнді мақсатты жүзеге асырудың нақты әдісі.
- Әлеуметтік технологияның маңыздылығы, әлеуметтік технология ұжымдық қызмет (кез-келген процесс) түрінен тұрады.
- Әлеуметтік технологияның маңыздылығы - жіктелген және ғылыми білім мен озық тәжірибені пайдалану.
- Әлеуметтік технологияны жіктеу негізінде спецификалық облыстағы қызметтің (процестің) орышдалуын есепке алу қажет.

Сонымен қатар, әлеуметтік технологияда мынандай түсініктер қоса жүреді: алгоритм дамуы, әрекет-тер, әдістердің рәсімделген түрі, қандай да бір міндеттің немесе арнайы жүктелген және жүзеге асатындай пакты жүйелі мақсатқа бағытталған тапсырманы тәжірибелік түрде орындау, яғни, қабылданған басқару-шылық шешімдердің орындалуын бақылау жүйесі. Ю.М. Резниканың анықтауынша, әлеуметтік технология - бұл «арнайы жаратылыс пен стандартталған типтік объектілердің (олардың диагностикасы, жобалауы және реттеуі) басқару мен қабылдау, эмперикалық жүйенің орындалуы».

Әлеуметтік технология ұғымынан ертерек 1950 жылдары шетел педагогикасында «оқытудың технологиялық құралдары», ағылшын тілінде *technology in education*, кең тамыр жайды. Педагогикалық технологияны дайындаумен Г.Гейс, В.Коскарелли, Дж.Кэрролл, Б.Блум, Д.Брунер, Д.Холеблин және т.б. ғалымдар айналысты [2].

1960 жылдардың басында «оқудың техникалық құралдары» ұғымы кең ауқымда түсіндірілді - ол оқу процесінде жаңа тәсілдермен талданып, ұйымдастырылды. Бірақ, бұл терминнің мағынасы өзгеріске ұшырап, ағылшын тілінде *technology of education* - «оқу технологиясы» немесе «оқу процестерінің технологиясына» айналды. Бұл бағытта, АҚШ, Англия, Жапония және басқа мемлекеттерде тиісті әртүрлі журналдар шығарылып, ғылыми бірлестіктер құрыла бастады. 1970 жылдың басында Ресейде ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде бұл термин оқу процесіне «педагогикалық технология» болып енгізілді.

Ең алғаш бұл ұғымға маңызды талдау жасаған Т.А. Ильина болды. Ол 1970 жылы Англияда өткен халықаралық конференцияда педагогикалық технология мәселесіне байланысты бағдарлама жасады.

Конференцияда «педагогикалық технология» ұғымы және оған жаңа енгізулер баяндалды, олар: оқу бағдалмасындағы техникалық құралдарды қолданудың мәселелері; оқу құралдарының құрылымынан бас-

тап, оқу бағдарламасын кешенді құрастыру жазбаша және техникалық құралдардың енгізілуімен аяқалды. Оларға мыналар енеді: бағдарламалық оқыту; ғылыми тәсілді материалдарға жататын зерттеулерді тексеру (оның мақсаты, айналасындағылардың түсінігі, олардың өзара логикалық байланысы және т.б.).

1980 жылдың соңы мен 1990 жылдардың басында технологиялық оқыту процестері қарқынды дамып, «педагогикалық технологиялық оқыту» түрінде пайдаланыла бастады. Бастапқыда педагогтар «оқыту технологиясы», «оқу технологиясы» және «педагогикалық технология» ұғымдарының арасында өзгеше-лік болмады. «Педагогикалық технология» термині тек қана оқуға байланысты қолданылды, ал «технологияның» өзі техникалық құралмен оқытуды түсіндірді.

Кейінірек «педагогикалық техникалық тәрбие» термині кездесе бастады. Педагогикалық технологияның бағыттарын саралауда ресейлік ғалымдар Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, Л.Я. Зарина, П.Я. Гальперин, М.В. Кларин, Э.Н. Коротков, Л.Н. Ланда, И.П. Реченко, Н.Ф. Гальзина, Т.Н. Шамова, Н.Е. Щукова және т.б. зерттеу жүргізді.

Дидактикаға педагогикалық технология түсінігін, оның құрылымын және білім алуға ерекшеліктерін алғашқы болып В.П. Беспалько енгізді. Алғашқы педагогикалық технологияның тәрбие жөніндегі алғашқы жұмысын Н.Е. Щурковтың ұжымы қарастырды [3].

1990 жылдары педагогикалық технологияның мәселелерін жан-жақты қарастыру саны көбейе түсті. Педагогикалық технология түсінігі бір мағынада жинақталып, үйлестіріледі. Педагогикалық технологияны талдау, тексеру барысында әр ғалымның пікірі әр түрлі болды.

Педагогикалық технологияны жекеше былай түсіндірілді: В.П. Беспалько «Нақты педагогикалық жүйенің жобасы тәрбие түрінде жүзеге асырылады», Н.Е.Щурков: «Ғылыми тәрбиенің жеке тұлғаға және адамдар тобына әсерінің жиынтығы», «Педагогикалық тапсырманы өзара жүйелі шешу».

Мұндай әртүрлі педагогикалық технологиядағы ұғымдар кездейсоқ емес. Себебі, әрбір ғалымның педагогикалық технология туралы ойлары тұжырымдалған сипатта болды. Педагогикалық технология - бұл негізгі әдістердің жиынтығы. Мақсатқа жетудегі негізгі әдістердің жиынтығы. Педагогикалық технология - бұл тәжірибеге негізделген бағдарлама. Педагогикалық технология - операциялар мен процедура-лардың арқасында нәтижеге қол жеткізу жиынтығы [4].

«Әлеуметтік-педагогикалық технология» ғылыми әдебиетте 1990-91 жылдары әлеуметтік педагогика институтының енгізілуімен пайда болды. Әлеуметтік педагогика кәсіби қызмет саласы ретінде 1990 жылдары қалыптасты. Отандық педагогиканың шетелдерден айырмашылығы әлеуметтік педагогика әлеуметтік жұмысынан мүлдем бөлінбейді немесе оның бір бөлігі ретінде қарастырады. Әлеуметтік жұмыста мазмұн мен мәнді талқылаудың көрсетуінше, ол педагогикалық аспектіге қосылады.

Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика арасында көптеген ұқсастық болғанымен олардың әрқайсысына тән ерекшеліктері бар. Бұл әсіресе мазмұны жағынан, құралдарынан, әдістерінен және тәрбиелік қасиеттерінен және қорытынды технологиялық жағынан бөлектеніп көрініс табады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің технолизациялық бастамасында А.С. Макаренко тұрды. «Әрбір, біз тәрбиелеген адам - деп жазды ол - бұл біздің педагогикалық өндірістеріміздің өнімдері». Оның теориялық жұмыстарында, көркемөнер туындыларында және тәжірибелік қызметтерінде, оның педагогикалық технология жайында әртүрлі жеке және топтық жұмыстарында көрініс тапты. А.С.Макаренко тәрбиелік қызметтің жекелік қасиеттеріне көңіл аудара отырып: мақсат қою, әдістер мен құралдарды дұрыс тандау, жұмыстың сапалы атқарылуы, тәрбие қызметін терең түзету, оның нәтижесін есепке алу, сонымен қатар барлық факторды есепке алу, тәрбие қызметтерін тиімді ұйымдасғыру және т.б. қызметтерге жете тоқталды [5].

Тәрбиелік технологияны өндеуде А.С. Макаренко мыналарды бөліп алып қарастырды: топтың құрылуы және дамуы; тәрбие тобын басқару; тәрбиеленушінің жеке қасиеттерін құрастыру және оны өте ұғымды шарттармен қамтамасыз ету; топтағы әрбір тәрбиеленушінің дамуын және оның болашағын қадағалау және осы қадағалаудың нәтижелі көрсеткіш беруі және т.б.

Қазіргі заман әлеуметтік-педагогикалық технологияға қажетті жаңа шарттар талап етеді, Бұған негіз болатын технологияны талдау мен жүйелеудің әртүрлі жолдары, сонымен қатар әлеуметтік техникалық пен педагогикалық техниканы жеке алып қарастыру. Сонымен бірге екі негізгі тәсіл ерекшеліне алады. Бірінші тәсілге орай, технология шеберлік, тәжірибелік қызмет өнері ретінде қарастырылатын ғылым. Әлеуметтік-педагогикалық техника - әлеуметтік-педагогикалық мақсатқа шеберлік арқылы қол жеткізетін ғылым.

Теориялық әлеуметтік-педагогикалық технология - бұл өте ұтымды әдістер, оқу құралы және қабылдау (іс-әрекет, операция және процедуралар) әлеуметтік-педагогика мәселелерін шешуге арналған. Бұл тип технологиялық баяндау, талдау, жүйелеу, әлеуметтік-педагогика мәселелерін дәлелдеу қызметінде қолданылады.

Зерттеу элеуметтік-педагогикалық технологиясы - бұл арнайы туындаған, ғылыми қисынды әдіс (әдістер мен құралдардың жинақталып қолдану тізбегі). Әлеуметтік-техниканың шығуын терең тану, оның жіктелуін, таралуындағы, талдау барысындағы басқарулар, жетілуі, жеке сапаларының өзгеруі және т.б. элеуметтік-педагогикалық мәселелерді зерттеу үшін қолданылады. Әлеуметтік-педагогиканың пайда болуын ғана емес, сонымен қатар оның сапалық қасиеттерінің өзгеруін қадағалап отырады. Екінші тәсілге орай, элеуметтік-педагогикалық технологияны мақсатты түрде оптималды анықтайды. (әрекет- терді ретке келтіру жиынтығы, операция және процедура).

Бұл технология өзінің мазмұнына қарай қолданбалы (тәжірибелік-бағдарлық) сипатта ортақ қолданбалы (тәжірибелік) технология және жеке қолданбалы (тәжірибелік) түрі болып бөлінеді.

Ортақ қолданбалы (тәжірибелік) технология түрі - бұл мақсатқа бағыттылған алдын-ала жоспарланған, оптималды түрде үйлестірілген элеуметтік-педагогикалық қызмет, арнайы әдістер мен құралдарды қамтамасыз етілген технология. Бұл технология түрі элеуметтік педагогикаға ортақ тапсырмалар орындауды, нақты объектімен жұмыс атқаруды анықтайды, олар былай болады:

- Әлеуметтік-педагогиканың қызмет бағдарламасы, элеуметтік-педагогика жұмыстың жіктелуі мен анықтамасы; қолданатын әдістер мен құралдар, олардың қолдану барысы, мақсатқа нақтылы қол жеткізу.
- Маманның элеуметтік-педагогикалық тапсырманы әдістер арқылы орындауы, өзгертілуі, (индивидуальды дамуы және тәрбие түзету, педагогикалық реабилитация).
- Әдістемелік өңдеулер.

Жеке қолданбалы (тәжірибелік) технологиялық түрі анықталған, бағдарлама бойынша жоспарланған, ретке келтірілген және міндетті түрде жүзеге асырылатын қызмет. Жеке тұлғамен немесе топпен әртүрлі әдістер арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтік-педагогикалық технологияның бұл типі - элеуметтік-педагогиканың жеке тапсырмасын технологияның құрамдас бөлігі болыптабылады.

Әлеуметтік-педагогикалық технология саласы бойынша әдістер мәселені шешуде өзара байланысты қамтамасыз ететін құрамды бөлік болып табылады. Қандай да бір элеуметтік-педагогикалық жағдайларды, олардың міндеттерін шешуде әдістердің жіктелуін қарастыру керек. Әлеуметтік педагогика әдістері - адамдар немесе топтардың нақты мәселелері мен жағдаяттарды шешу жолында адамның өзінің мүмкін- шілігіне байланысты екендігін айқындайды.

Әлеуметтік және педагогикалық технологиялардың қарастырылған классификациялары нақ іс тәжірибесінің қажеттілігімен жаңа критерийлері ескеріліп нақтылануы және толықтырылуы мүмкін.

- 1 *Никитина Л.Е. «Социальной педагог в школе». - М.: Академический проект, 2003, -111с.*
- 2 *Мұқышова М. Әлеуметтік педагог қызметінің міндеттері. // Әлеуметтік педагог-Социальный педагог. 2009. -16-18.*
- 3 *Абилгаламова А.К. Әлеуметтік педагогке арналған әдістемелік нұсқаулар // Әлеуметтік педагог-Социальный педагог. - 2011. - С. 20-23.*
- 4 *Халитова ИР. Әлеуметтік-педагог мамандарды даярлаудың өзекті мәселелері // Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы - Вестник КазНУ Сер. педагогические науки. - 2011. - С. 13-15.*
- 5 *Рустемова А.М. Әлеуметтік педагогтің отбасымен жұмысы // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. - 2011. -№4. - С. 12.*

Түйін

Мақалада элеуметтік және педагогикалық технология ұғымдарының мағынасы ашылады.

Резюме

Жоғары қамқорлық типіндегі тәрбиелеу - симбиотикалық қарым-қатынаспен, яғни баланың ата-анасының біреуімен, әсіресе, анасымен өте тығыз қарым-қатынаста болуымен де үйлесуі мүмкін. Осы жағдайда баланың ата-анасымен қарым-қатынасы авторитарлы сияқты, демократиялық сипатқа да ие болады. Баламен осындай қарым-қатынасты орнатуға мазасыз, өзіне сенімсіз, кінәшіл ата-аналар бейім келеді. Баласымен тығыз эмоционалды байланысты орнатып алып, ата-ана өздерінің қорқыныштарын баласы мен қызына жүктырып, мазасыздану күйінің қалыптасуына жағдай жасайды. Мәселен, балалар мен ата-ана, әсіресе, анасының қорқыныштарының санының арасында тәуелділік болады. Көп жағдайда, балалардың бойын меңгерген қорқыныштар, анасына тән немесе бала кезінде басынан өткізген болып келеді, Мазасыздану күйіндегі ана, өзінің үрейлерін еске түсіретін жағдайлардан бапасының психикасын еріксіз сақтауға тырысады. Сонымен бірге, алаңдау каналы ретінде мазасыздану, қауіптену және қауіпті сезінуден тұратын анасының баласына деген қамқорлығы жүреді /5/.

Балада мазасыздану күйінің күшеюіне, ата-ана мен тәрбиешілердің жоғары талап қоюы да әсер етеді, себебі, ол үшін үнемі сәтсіздік ситуациясын шақырады. Өзінің шынайы мүмкіндіктерінің арасындағы айырмашылықтарға және өзінен үлкендер күтетін жоғары жетістік деңгейіне ұрына отырып, бала мазасыздануға жеңіл өсіп кететін, аландаушылықты сезінеді.

Мазасызданудың қалыптасуына жағдай жасайтын тағы бір фактор - "кінә сезімін" тудыратын, жиі айғылатын сөгістер ("Сен өзінді сондай жаман ұстадың, енді мамаңның басы ауырып қалды", "Сенің мінезіңнің кесірінен біз мамаң екеуіміз жиі ұрысамыз"). Осындай жағдайда бала ата-анасының алдында кінәлі болудан қорқады. Балаларда қорқыныш сезімінің тууы көбінесе, көп сақтандыра беру, қауіптену мен мазасыздануы бар сезімді көрсетудегі ұстамдылығы да себеп болады. Ата-анасының шамадан тыс қатал болуы да, қорқыныштың пайда болуына әкеп тірейді. Алайда, бұл баламен жынысы бірдей қарым-қатынас әсерінде болады, мысалы, қызына анасы, ұлына әкесі не нәрседен көбірек тыйым салса, балада соғұрлым қорқыныштың көріну мүмкіндігі басым болады. Ата-анасы көп жағдайда, ойланбай тұрып "Сені бөтен аға қапқа салып алып кетеді" немесе "мен сенен кетіп қаламын" деген жүзеге аспайтын бай-байламымен, баланың бойына қорқыныш сезімін ұялатады. Айтылған факторлардан бөлек, қорқыныштар қауіп төндіретін немесе операция, ауру, жағымсыз жағдай сияқты, өмірге тікелей қатер бейнелейтін барлық ситуациялармен кездескенде, эмоционалды есте, терең үрейдің негізінде туады /6/.

Егер балада мазасыздану күшей түссе, мазасызданудың міндетті жолдасы болып саналатын қорқыныш туады да, жүйке-жүйелік (невротикалық) белгілер дамуы мүмкін. Мінездің белгісі ретінде орын алған, өзіне деген сенімсіздігі, өзіне деген күші мен мүмкіндігіне бағытталған өзін-өзі құрту орын алады. Мазасыздану мінездің белгісі ретінде - қауіп пен қатерге лық толы болып көрінетін өмірге деген пессимистік құрылым. Өзіне деген сенімсіздік мазасыздану мен тартыншақтықты тудырады, ал олар өз кезегінде соған сәйкес келетін мінезді қалыптастырады. Сондықтан да, өзіне сенімсіз, күдік пен жалтақтауға бейім, мазасыз бала-тартыншақ, дербестігі жоқ, жиі инфантильді және жоғары иланғыштыққа ие болып келеді.

Мазасыз адам шүбәланғыш болып келеді, ал ол басқаларға деген сенімсіздікті тудырады. Ондай бала басқалардан қорқады, қауіп күтеді. Ол ойынның тапсырмасын, істі орындай алмайды. Бұл басқаларға бағытталған агрессия түріндегі психологиялық қорғаныс реакциясының құрылуына әкеледі. Мазасыз балалардың көбінің тандайтын тәсілі жай ғана мынадай ой қорытындысына негізделген: "Ешнәрседен қорықпау үшін, менен қорқатындай істеуім керек". Агрессия маскасы "мазасыздану күйін" басқалардан ғана емес баланың өзінен де мүлтіксіз жасырып тұрады. Бәрібір де, олардың жаны ішінде сол баяғы мазасыздану, абыржу және өзіне деген сенімінің жоқтығы, тіректің болмауы жатыр /7/.

Сонымен бірге, психологиялық қорғаныс тактикасы қауіп төндіретін адамдардан қашудан және олармен қарым-қатынасқа түсуден бас тартудан көрінеді. Мұндай бала жалғыз, бақалармен көп аралас-пайды, түйық мінезді және белсенділігі томен. Бала "қиял әлеміне кетіп" психологиялық қорғаныс реакциясын табуы да мүмкін. Қиял әлемінде бала шешімі күрделі конфликттерді шешеді, ал арманында

жүзеге асуы қиын қажеттіліктері қанағаттандырылады. Қиял - балаларға тән ең жақсы сапа. Қалыпты қиял оның шынайылықпен унемі байланыста болу сипатына ие. Бір жағынан, бала өмірінің шынайы жағдайлары, оның елестетіп қиялдауына турткі береді. Екінші жағынан, қиялдың өзі ақиқатқа әсер етеді де, бала армандарын өз бетімен өмір үстізде жүзеге асыруға ниет етеді. Яғни, қиял өмірді жалғастыра түседі. Мазасыз балалардың қиял әлемі - осы сапалардан айрылған. Арман, ниет өмірді жалғастырмайды, керісінше, өзін өмірге қарсы қояды. Баланың дамуы келешегімен, мүмкіндіктері және қабілеттерімен еш қатысы жоқ, мазасыз қиялдың мазмұнындағы ақиқаттан үзіліп қалу. Мұндай балалар өзінің жанына жақын, өздерін көрсететін нәрселер туралы армандамайды /8/.

Аландаушылық сезімін, бір нәрсені қате жасап қоямау деген сезімді игере отырып, жалпы қабылданған ережелерге сәйкес келмеймін-ау деген сезімді меңгере отырып, анық эмоционалды тұнба ретінде мазасыздану 7 жасқа қарай және шешілмеген немесе ерте жасынан келе жатқан қорқыныштардың көп саны 8 жастарда одан әрі дами түседі.

Мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп оқушыларында мазасызданудың басталуына "жанұясы" әсер етеді екен. Кейін жеткіншектер үшін жанұя рөлі мәнді түрде төмендейді де, мектеп рөлі өсе түседі.

Ұлдар мен қыздардағы мазасыздану деңгейінің эртүрлі болып келетіні белгілі болды. Мектеп жасына дейін және кіші мектеп жасында ұлдар қыздарға қарағанда мазасыздау болып келеді. Бұл олардың өздерінің мазасыздықтарын немен байланыстырады, оны қалай түсіндіреді және неден қауіптенетіндігі- мен байланысты, бала үлкен болса, бұл айырмашылық көп білінбейді 191.

- 1 Бреслав Г.М. Эмоциональные особенности формирования личности в детстве: Норма и отклонения. - М.: Педагогика, 1990 г.
- 2 Виллюнас В.К. Психология эмоциональных явлений. -М.: Изд-во МГУ, 1976 г.
- 3 Выготский Л. С. Диагностика развития и педагогическая клиника трудного детства. - М., 1936. -18 бет.
- 4 Выготский Л.С. Сознание как проблема психологии поведения. Собр.Соченений. Т. 1. Педагогика. - 78-98 бет.
- 5 Возрастная и педагогическая психология: Учебник для студентов пед. инс-тов / В.В. Давыдов, Т.В. Драгунова, Л.Б. Ительсон и др., Под. ред. А.В. Петровского. -2-е изд., Испр. И доп. - М.: Просвещение, 1979. —288 бет.
- 6 Дети с аффективным поведением. - М.: Просвещение, 1966. -149 бет.
- 7 Детская психология: Учеб. Пособие /Я.Л. Коломинский, Е.А. Панько, А.Н. Белоус и др.: под.ред. Я.Л. Коломинского, Е.А. Панько - Мн.: Университетское/1988г. - 399 бет.
- 8 Намазбаева Ж.И. Развитие личности., - А., 1995 г.

Түйін

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың мазасыздану жағдайының туындау себептері мен эмовдылық көңіл- күй деңгейі қарастырылды.

Резюме

В статье рассмотрена одна из актуальных проблем сегодняшнего дня - эмоциональное состояние и причины проявления тревожности детей дошкольного возраста.

Summary

The article considers one of the topical problems - feeling and the reason of trait anxiety of preschool children.

ЖАСӨСПІРІМ КЕЗЕҢІДЕГІ АҚЦЕНТУАЦИЯЛЫҚ МІНЕЗ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ СУИЦИДТІК ЖҮРІСТУРЫСПЕН БАЙЛАНЫСЫ

Н. А. Кудушева-Абай атындағы ҚазҰПУ, «Білім беру психологисы және элеуметтік коммуникациялар» кафедрасының аға оқытушысы

Суицидтің алдын алу мәселелері жөніндегі зерттеу нәтижелері Ресейде 1917 жылдан кейін гана баспа бетін көре бастаған. М.Әділбекова өз мақаласында: «А.Е. Личко, КЛеонгард зерттеулерінде жеткіншек жастағыларға тән суицидті мінез-құлық типтерінің үш түрін: демонстративті, аффективті, шынайы деп бөлді. А.Е. Личко тұлғаның ақцентуация тйпі мен жеткіншектің суицидтік мінез-құлық арасындағы байланысты көрсетті. Суицидтік мінез-құлықтың демонстративті типінің 50 пайызын истеройдты-бекем және гипертимді-истеройдты типтер құрайды. Ал аффективті суицид кезінде бірінші орынды лабильді- истеройдты типтер алған. Шынайы қастандық, көбінесе, сензитивті типтерде (63 пайыз) болып шыққан.

А.Е. Личко жеткіншектік кезеңдегі суицидтің төменгі белсенді шизоидтарға тән екендігіне баса назар аударады [1].

А.Г. Амбрумованың айтуы бойынша, суицидтік мінез-құлық шағын элеуметтік дау-дамайға қайғыру жағдайындағы тұлғаның элеуметтік-психологиялық дезадаптациясының салдары болып табылады және

ол ішкі түрлерге бөлінеді - антивитальды қайғырулар, әлсіз суицидтік ойлар, суицидтік ниеттер, суицид-тік қылықтар және сыртқы түрі - суицидалдыққа бару әрекеттері, аяқталған суицид [2,12 б.]

Қазіргі кезде суицидтік мінез-құлықтың көрінуі мен қалыптасуына әр түрлі биологиялық, психологиялық, әлеуметтік факторлар әсер ететіндігі белгілі. Бұл параметрлермен және өзін-өзі өлтірудің жиілігі арасындағы статистикалық корреляцияны құратын болсақ, суицидалдық мінез-құлықтың себебі болып әлеуметтік-демографиялық талдау негізгі міндет болып табылады.

Дегенмен, қазіргі қоғамды өткен көне қоғаммен салыстырғанда оның тұрақтылығы томен, аномия (яғни, қоғамда адамдардың тәртібін, адамгершілік қасиеттерін басқарып реттеудің төмендеп кетуі) жағдайында болады. Э.Дюркгейм әдеттегі көне, архаикалық қоғамнан қазіргі индустриалды қоғамға өту жолын талдай отырып, осы өтпелі кезеңде аномия құбылысының объективті орын алуын қорытындылайды. Оның пікірінше, аномия қоғамның белгілі бір кезеңінде адамның мінез-құлқының төмендеп, моральдық, яғни адамгершілік тұрғыдан басқару қиынға союынан, қоғамдағы негізгі әлеуметтік институттардың (яғни, мекеме, ұйымдардың) іс-әрекетінің тиімсіздігінен және әлеуметтік қайшылықтардың өсуінен байқалмақ деп көрсетеді.

Э.Дюркгейм нақтылы әлеуметтік зерттеулер негізінде социализм постулатына сүйене отырып, адамдардың өзіне қол жұмсаудағы басты себебін анықтауға тырысады. Оның ойынша, адамның өзіне қол жұмсау әрекеті қоршаған әлеуметтік ортаның сипатына (түріне) байланысты болмақ. Нақтылай айтатын болсақ, оның тамыры ұжымдық байланыстардың деңгейі мен шапшандығына және әлеуметтік интеграцияның негізінде тетігінде жатыр.

Э.Дюркгейм нақтылы әлеуметтік мазмұнда жиналған материалдар негізінде мынандай тамаша қорытындыға келеді: қоғамның даму деңгейі және интеграциясы жоғарылаған сайын адамның өз жанын қиюшылық әрекеті томен болады және керісінше де солай. Осындай тұжырыммен Э.Дюркгейм әрбір әлеуметтік топтардағы өзін-өзі өлтірушіліктің түрліше деңгейін ашып берді [3,55 б.]. Мысалы, протестанттар мен католиктерді салыстырғанда бұл құбылыс католиктерде бірнеше есе кем, ал, қалалар мен селоларды салыстырғанда қалаларда жоғары. Э.Дюркгейм өзін-өзі өлтірушіліктің 4 типінің тұрпатын анықтап берді, олар: эгоистік, альтуристік, экономикалық және фаталистік. Бұлардың әрқайсысының өзіне-өзі тән құпиясы бар, шешілуі жолы жеке адам мен топтың қарым-қатынасына байланысты. Э.Дюркгеймнің бұл теориялық еңбегі қылмыстық істердің және девианттық (ауытқу) мінез-құлық әлеуметтануының негізін салды. Бірақ, Э.Дюркгейм қылмыстық істердің психологиялық мотивтерін мойындамады. Суицидтік мінез-құлық ауқымды ұғым. Оның құрамына суицид әрекетімен қатар өліммен аяқталмаған суицидті талпыныстар, өзіне-өзі қол жұмсауға дайындықты білдіретін пікірлер, ойлар, ниеттер, тапшыныстар енеді.

Суицидті актілер кез-келген жас ерекшелікте қазіргі уақытта әсіресе жеткіншек-жасөспірім кезеңінде кездеседі. Нашарлық, нарықтық экономика жағдайларына жеткіншектердің бір бөлігінің бейімделмеуі, сана фрустрациясы және нақты белгіленген, қалыптасқан өмірлік позицияларының болмауы, тоталитарлық секталардың деструктивті ықпалы - осының барлығы жасөспірімдік ортада суицидтің деңгейінің көтерілуіне себеп болды. Суицидтік мінез-құлықтың екінші шыңы орта жасқа (40-60 жас) сәйкес келеді. Психологиялық проблемалармен қатар бұл жасқа соматикалық денсаулықтың бұзылуы, горманальды қайта құрылу, құндылықтар иерархиясының өзгеруі тән болып табылады.

Hawton К. суицидалдық әрекетке барушыларды талдай келе, ерлер мен әйелдер арасындағы өзін-өзі өлтіргендердің арақатынасы 1,5:1 құрайды деп көрсетеді, ал олардың жасы 354 жастан төмен болатындығын анықтайды және де суицидалдық әрекетке барушылардың 90 пайызы өз істерін улану жолымен аяқтаған (транквилизаторлармен, аспирином, парацетамолдармен). Автор суицидалдық әрекетке барушылардың 15 пайызы 1 жылдың ішінде өздерінің осындай ойларын қайтадан қайталайды, ал қайталаудың ең жоғарғы қауіп-қатері - алғашқы 3 ай болып табылады, жалпы алғанда бұлардың 1 пайызы өз ойларын өліммен аяқтайды және ол 1 жылдың аумағында жасалынады, суицидалдық әрекетке барушылардың істерінің өліммен аяқалу үрдісі 50 пайызды құрайды деп көрсетеді [4,192 б.]

Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауға ұмтылысы мен өлімінің арақатынасы 50:1 құрайды; қыздар мен ұлдардың суицидті ұмтылыстарының арақатынасы - 2,5:1 құрайды; демонстрациялық ұмтылыстардың арасындағы осы арақатынас 4,3:1 құрайды. 19 жасқа дейін суициденттердің арасында қыздар басым болады. Суицидті ұмтылыс жасайтын жеткіншектердің күйі, психологиялық жаракатты ситуацияның «іздерімен», суицидтен кейінгі психикалық күйдің динамикасымен, тұлғалық-сипаттамалық жауап берудің ерекшеліктерімен, суицидті күйзеліс пен ұмтылыстың соматикалық салдарымен байланысты, қосымша күйлермен, қоршаған ортадағы жағдай мен отбасылық микроауалмен анықталады.

А.Е. Личко және В.Т. Кондратенко суицидті жүріс-тұрыстың мінез акцентуациясының типтерімен белгілі байланысын көрсетеді. А.Е. Личконың пікірі бойынша, демонстрациялық суицидтік мінез-құлықта,

жеткіншектердің 50%-ында истероидты, истероидты-тұрақсыз және гипертимді-истероидты типтері байқалады, ал 32%-ында - эпилептоидты және эпилептоидты-истероидты типтері байқалады және тек қана 18%-ында - мінез акцентуациясының басқа типтері байқалады. Сонымен бірге, көп жағдайда суицидті қастандықтарды акцентуациясының сензитивті (63%) және циклоидты (25%) типтері анықталған адамдар жасайды.

В.Т. Кондрашенконың мәліметтері бойынша, өзін-өзі өлтірген және өзіне қастандық жасаған жеткіншектердің 30%-ға жуығының, мінезінің шизоидты белгілері анықталды. Автордың пікірі бойынша, психоастениктердің жасайтын суицидті әрекеттері, алдын-ала ойластырылған және көрермендерге қаратылып есептелмеген, бұл жерде сензитивті жеткіншектердің суицидті әрекеттері де, қоршаған адамдар үшін көп жағдайда толыққанды кездейсоқтық болып табылады. Истероидты жасөспірімдер басқаларға қарағанда, күре тамырларын жанама кесуді, аз ұлы дәрілермен улануды жиі қолданады [5,205 б.]

Әдетте, олар өзін-өзі өлтірудің орнын мен уақытын көрсетіп, өлім алдындағы қысқа хаттарын жазып кетеді, сонымен бірге онда өмір сүру үшін қоятын шарттарын да жазады. Тұрақсыз жеткіншектерге суицидті мінез-құлық тән емес, бірақ олар кейде күшті тұлғаның әсерімен, компания үшін өзін-өзі өлтіруге ұмтышыс жасауы мүмкін. Эмоционалды-лабильді тип суицидті ойлардың пайда болуының кенеттігімен және жүзеге асуымен сипатталады, бірақ өлуге ұмтылыстардың көп жағдайда «шынайы емес», демонстративті сипаты болады. Гипертимді жасөспірімдерге суицидті мінез-құлық тән емес. А.А. Султановтың пікірі бойынша, суициденттердің тұлғасының сензитивтілік, эмоционалды тұрақсыздық, қозғыштық сияқты ерекшеліктері, акцентуация деңгейіне жетіп, басқа факторлармен үйлесімде, суицидті қауіптің аriuына ықпал ететін жеке тұлғаның ерекше диспозициясының алдын қалыптастырды [6,93 б.].

Адамдарды бір-бірінен тек туа біткен жеке даралық қасиеттері ғана емес, сонымен қатар, олардың өмір ағысымен байланысқан дамуындағы өзгешеліктер де ажыратады. Адамның мінез құлқы, жүріс-тұрысы, оның қандай отбасында өскеніне, қандай мектепте оқығанына, мамандығына, қарым-қатынас жасайтын ортасына тікелей байланысты. Алғашқыда шынайы, бір-бірімен ұқсас екі адам кейін келе бір-бірімен байланысы мүлдем болмаған адамдарға айналуы мүмкін, ал екінші жағынан өмір жағдайларының ұқсастығы, түбінде әртүрлі адамдар арасында ұқсас қырларын тудыру мүмкін. Адамдардың бір-бірінен ерекшеленуі мұндай өзгешеліктердің пайда болуы жолдарына қатысты емес. Бір адам екіншісінен сыртқы келбеті жағынан қалай ерекшеленсе, сол сияқты әр адамның психикасы да басқалардыкінен дәл солай ерекшеленеді. Акцентуацияны зерттеумен П.Б. Ганнушкин, Я.Л. Обухов, А.Е. Личко, Э.Фромм, Хухлаева О.В.,

А.Шостром және т.б. айналысты.

Жеткіншектер және жасөспірімдердің суицидальды қауіптілігінің аса маңызды факторы болып мінез бітісінің акцентуациясы және жоғарғы мазасыздық табылады. Шет ел (Otto) және кеңес психологы (А.Е. Личко) акцентуацияланған типтердің кейбіреуінің басым көрсеткішті болуы және жасөспірімдерді тұлғалық және жағдайлық мазасызданулар суицидті әрекетке баруда жоғары қауіптілікті көрсететінін айтады.

«Акцентуация» - түсінігін алғаш рет неміс психиатры және атақты психологы, Берлин университетінің неврологиялық клиникасының профессоры Карл Леонгард енгізген болатын [6,24 б.]. Оның еңбектерінде «акцентуацияланған тұлға» және «мінез-құлықтың акцентуацияланған қырлары» деген тіркестер қолданады.

К.Леонгард «психопат» терминін «акцентуацияланған тұлға» терминімен алмастырған. К.Леонгард бойынша мінез-құлық акцентуациясы психопатия мен норма арасындағы бір жағдай, оның пікірі бойынша «акцентуацияланған тұлға» ауру адамдар емес, бұл өздерінің жеке дара ерекшеліктері бар сау адамдар. Ендеше біріншіден «акцентуанттарды» психопаттардан, екіншіден акцентуанттарды елестерден айыру шекарасы қандай деген сұраққа К.Леонгард нақты жауап бере алмады. Акцентуацияланған мінез-құлықтар табиғи биологиялық қасиеттерге емес, белгілі бір адамның өмір салтына із қалдыратын сыртқы ортаның ықпалына байланысты [7,44 б.]. «Акцентуация» жалпы алғанда белгілі бір мінез қыры деңгейінің күшейуін білдіреді. Акцентуация - бұл сол бір индивидуалды патологиялық жағдайға ету тенденциясы бар қырлар. Айқын көрінген жағдайда олар тұлғаның құрылымын бұзып патологиялық апатқа ие болады.

Кеңес әдебиеттерінде акцентуацияны жіктеудің басқа түрі таралған, оны әйгілі балалар психиатры, профессор А.Е. Личко ұсынды. Оның ойынша, акцентуациялық сипаттағы аурулармен психопатия арасында ұқсастық бар. Олардың психопатиядан бас айырмашылығы элеуметтік дезадаптация (бейімделе алмау) белгісінің болмауында. Олар патологиялық тұлғаның құрылуының негізгі себебі болып табылмайды, бірақ шектеулі жай-күйдің дамуының негізгі ықпалдарының бірі болуы мүмкін [8,24 б.].

Барлық акцентуацияларды А.Е. Личко - адам өсе келе дұрысталып кететін мінездің уақытша өзгерістері ретінде қарастырады. Бірақ сонда да олардың көбісі психикалық ауруларға айналып кетеді, немесе өмір бойы сақталып қалады.

Акцентуация бұл аурудың шегі болса да нормалар варианты болып саналады. Сондықтан мінез акцентуациясы психиатриялық диагноз болуы мүмкін емес.

А.Е. Личко зерттеулері бойынша патомінездемелік реакциялар акцентуация негізінде туатын болса да, уақыт өте келе оның 80%-ке жуығы дұрысталады, жұмсарады, және қанағаттанарлық деңгейдегі элеуметтік бейімделуді байқауға болады. Болжамның жақсы немесе нашар болуы, акцентуация түріне және деңгейіне қатысты жабық немесе айқын, сонымен бірге элеуметтік жағдайға байланысты.

К.Леонгардтың жұмыстарында арнайы атап көрсетілгендей, акцентуациялы сипаттағы адамдар психикалық ауру болып табылмайды. Кері жағдайда норма ретінде орташа деңгейді айтады, ал одан кез-келген ауытқу паталогия ретінде қарастырылмайды, К.Леонгардтың болжамы бойынша, ешқандай акцентуациялы сипаттағы ауру байқалмаған адам, жайсыз жаққа қарай дамып, ауытқуы мүмкін емес, бірақ жайлы жақтан қандай да бір ерекшелігімен көршілерінің ықтималдығы томен. Акцентуациялы тұлғаларға дамуының элеуметтік кері және элеуметтік оң ерекшеліктерге эрқашанда дайын екендігі тән. Жоғарыда айтылғанды жалпылай келе, мынадай қорытындыға келуге болады, яғни акцентуация паталогия емес, норманың шеткі варианты.

Жасөспірімдік кезде бала эр түрлі қиындықтарға қарсы тұруға қабілетсіз болады және осы кезең бала психикасының және тұрақсыздықтың айқын байқаланытын кезі. 14-25 жаса аралығы зерттеулер көрсеткендей аутоагрессивті эсерлерге жоғары сезімталдығымен сипатталады. Бұл кезеңде балалар кез-келген жаңа нәрсені шапшаң қабылдауға қабілетті болады. Сондықтан да суицидті жүріс-тұрыстың алдын-алу шаралары бұл, ең алдымен баланың өсіп жатқан отбасы және де қоршаған орта, оқу орны. Әсіресе, оның суицидті жүріс-тұрысы белгілерінің көрінуіне эсер ететін негізгі фактордың бірі бұл-оның ата-анасы және отбасындағы жалпы психологиялық ахуал. Жасөспірімдер мен ересектердің арасында қарым-қатынас орнатуының тиімді формасы болып тұлғалық және сенімділік негізінде құрылған жағымды қарым-қатынас табылады. Сондай-ақ мектептегі қарым-қатынаста бала психикасына өз эсерін беріп отырады, ондағы достарымен, сыныптасстарымен, мұғалімдермен қарым-қатынас орнату аясы олардың тұлғалық қалыпта-суына, өмірлік ұстаны мдарының дұрыс құрылуына, өмірлік жоспарларын құруға ықпал етеді. Бұл ретте балаға білім алатын ортасы ұнауы және ол жерде өз орны бар екендігін сезінуі тиіс. Ата-аналар мен балалар арасында сенімділік негізінде құрылған жағымды-қарым-қатынас орнатылса және ол жерде тәрбиенің тиімді, әрі әділетті эдістерін қолдана отырып, оларды материалды және рухани құндылықтар- мен қамтамасыз ететін болса, балаларда болатын дағдарыстардың алдын-алуға мүмкіндік туады.

Жасөспірімдердің суицидке бару жолына алғышарттар болып қоғамның элеуметтік-экономикалық, саяси тұрақсыздық мәселелері, қоғам мәсedenиетіндегі құндылықтардың әлсіреуі, толық емес немесе сэтсіз отбасылардұрмыстық-материалдық жағдайлардың нашар болуы, жағымсыз қарым-қатынастар, мектептегі араласатын топтардан оқшауланулары, психикалық ауруларға ұшыраулары, махаббат жолындағы сэтсіз романтикалық жағдайларға тап болулары т.б. табылады.

К.Елшібаеваның «Суицидтің алдын алу» еңбегінде жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділікке үйрену, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара арақатынас жасау, жеткіншектерді агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету, рефлексияның тетігін табу, бақылау мен өзін-өзі қадағалауды дамыту, қауіпті жағдайларды ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру, өзіне деген жағымды қарым-қатынасты орнату, оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуын қалыптастыру сияқты мәселелер жан-жақты қарастырылған,

Психолог-ғалым А.Е. Личконың көрсеткеніндей, тек қана жеткіншектердің 10 пайызы шынайы өлгісі келетін ниет білдірсе, ал 90 пайызы көмекке шақырған жан-айқайы болып есептелінеді.

Мінез акцентуациясы көріну деңгейіне сәйкес айқын және жасырын болады, олар бір-біріне эртүрлі сыртқы және ішкі ықпалдар арқылы эсер етіп отырады, олардың ішінде маңызды рөлді отбасылық тәрбиелеу, элеуметтік қоршаған орта, мамандандырылған қызмет, денсаулықтың дұрыс даму ерекшеліктері жатады.

Акцентуациялық мінез типінің екі негізгі жіктеуі бар. Біріншісі Карл Леонгардтың (1968) және екіншісі Александр Евгеньевич Личконың (1977) ұсынысы болды. В.В. Юстицкий осы жіктеулерді салыстырып көрсетті (1977), [9,22 б.].

К.Леонгард бойынша тұлға акцентуациясының типі 1 Лабильді	Мінез акцентуациясы типі, А.Е.Личко бойынша Лабильді цислоидты
Өте қозғалмалы эмотивті	Лабильді
Демонстративті	Истероидті

Жоғары нақтылық	Психоастеникалық
Ригидті - аффективті жөнге келмейтін	Эпилептоидты
Интравертті	Шизоидты
Қорқак	Сенситивті
Астеникалық	А стено-невротикалы к
Экстравертті	Конформды
Ерік-күші әлсіз	Тұрақсыз
-	Гипертимді
-	Циклоидты

Ефимова О.И., Скакун И.В өз зерттеулерінде жасөспірімдер ортасындағы қауіп-қатерлердің психологиялық және әлеуметтік психологиялық факторларын оқып-тануды нақты міндет етіп қойды. Оның ішінде жасөспірімдер акцентуациялық мінезі, өзара қатынас стилдері, және суицидтік қауіп-қатердің айқындалу деңгейі. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижесінде суицидтік қатер көрінісі байқалмаған топтарда акцентуациялық мінез басымдылығы көрінбегенін дәлелдеді. Жоғарғы суицидтік қауіп-қатер жасөспірімдердің акцентуациялық мінезінің аффективті-экзальтивті және қозғалыс типтеріне тән, бұл типтер зерттеу барысында басқа типтер арасында айқын басымдылық көрсетті (зерттеу тобының 70 пайызын құрады). Аффективті-экзальтивті тип көңіл-күйінің ауыспалылығымен, жарқын, айқын эмоцияларымен, эмоционалды күйінің үлкен диапазонымен сипатталады: бұл типтің өкілі қуанышты хабарға тез шаттанады және жағымсыз хабарға тез қайғырады. Бұл типтегі адамдардың мінез-құлқын жоғары эмоциялар, сезімдер, әуесқойлық сияқты негізгі бейнелер басқарады, сондықтан олар өз жүріс-тұрыстарын және рефлексияларын реттей алмай жағады. Осының нәтижесінде не істерлерін білмей қалу күйлерінен олардың ойлары тез арада суицидтік ниеттерге және суицидтік әрекеттерге ауысып кетеді [11,95 б.].

- 1 Әділбекова М. Суицидке бейш адамдардың мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері // *Ж.Жантану мәселелері*. - №1(9). - 2010. - 37-40 бб.
- 2 Амбрумова А.Г. *Комплексные исследования в суицидологии*. - М., 1976. — с. 7-15.
- 3 Дюркгейм, Э. *Самоубийство: Социологический этюд* В.А. Базаров // пер, с фр. сокр. - М.: Мысль, 1994. - 399 с.
- 4 Hawton, K., Arensman E., Wasserman D., Hulten A., Bille-Bråhe U., Bjerke T. *Relation between Attempted suicide and suicide rates among young people in Europe*. // *J.Epidemiol And Community Health*, 1998, Vol.52, -№3, - P. 191-194.
- 5 Кондратенко, В.Т. *Девушечье поведение у подростков: Социально-психологические и психиатрические аспекты* // В.Т. Кондратенко. - Мн., 1988. - 202 с.
- 6 Султанов А. А. *К вопросу о суицидальном поведении практически здоровых лиц молодого возраста* // *Научные и организационные проблемы суицидологии*. - М., 1983. - 94-96 с.
- 7 Леонгард К. *Акцентуированные личности*. - Киев, 1983. - 120 с.
- 8 Леонгард К. *Акцентуированные личности: Пер. с нем.*, - Киев: Втца школа, 1981. - 175 с.
- 9 Елшібаева К. *Суицидтің алдын алу*. - Алматы, 2010, -40 б.

Түйін

Жасөспірім кезеңіндегі акцентуациялық мінез ерекшеліктері және суицидтік жүріс-тұрыспен байланысы қарастырылады. Жеткіншектер және жасөспірімдердің суицидальды қауіптілігінің аса маңызды факторы болып мінез бітісінің акцентуациясы және жоғарғы мазасыздық табылатыны жөніндегі әр түрлі көзқарастар талданады.

Резюме

Рассматривается связь акцентуации характера с суицидальным поведением в подростковом возрасте. Проанализированы различные подходы о том что очень важным фактором суицидального риска подростков и юношей является акцентуация черт характера и высокая тревожность.

Summary

Communication of an aktsentuation of character with suicide behavior at teenage age is considered. Various approaches about that are analysed that very important factor of suicide risk of teenagers and young men is the aktsentuation of traits of character and high uneasiness.

11 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТАЛДАУДЫШ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д.Тойымбаева - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты

Педагогикалық және психологиялық зерттеулерде педагог пен балалар арасындағы қарым-қатынас мәселесі басқы орын алады. Қарым-қатынасты бул тұрғыда анықтауда арнайы “педагогикалық қарым- қатынас” деген ұғым қолданылады. Педагогикалық қарым-қатынас ғылыми категория ретінде 70-ші жышдардың ортасында бөлініп алынды.

Педагогикалық қарым-қатынас мәселесін зерттеу А.А. Бодалев, В.А. Кан-Калик, Я.Л. Коломинский, В.А. Петровский, А.А. Леонтьев т.б. еңбектерінде мазмұны, формалары, тәсілдері бойынша сипаталады. Педагогикалық қарым-қатынастың формасы - балалар мен педагогтың “субъект-субъект” жүйесіндегі бірлескен эрекеттестіктері болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынас педагогтың жеке басы, балалар психикасына эсер етудегі рөлі, яғни қарым-қатынас стилі арқылы эр деңгейде көрінеді.

Педагогикалық қарым-қатынас - қарым-қатынастың спецификалық формасы, жалпы психологиялық заңдылықтарға бағынатын, соған қарамастан өзіндік ерекшеліктері бар, коммуникативті, интерактивті және перцептивті компоненттерді ұстананатын адамдардың басқалармен өзара эрекеттестік формасы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық қарым- қатынас - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің мақсаты мен міндеттерін таратуды қамтамасыз ететін және де педагог пен білім алушының өзара эрекеттестік сипатын құрастыратын құрал- дар мен эдістердің жиынтығы болып табылады [1].

Педагогикалық психологиядағы зерттеулерді саралай отырып ой түйгеніміз, педагогикалық қиындық- тардың басты бөлігі оқытушылардың ғылыми және эдістемелік дайындығының нашар болуына байланысты емес, кәсіби- педагогикалық қарым- қатынасы аумағының деформациясына байланысты туыпдай- ды екен. Студентгермен оқытушылардың жағымды өзара қарым- қатынасының құрылуы үшін, оқытушы оқу үрдісіндегі эрбір студентті құрметтеуі және оларға достық қарым-қатынас орнатуы қажет болып табылады, я гни педагогикалық қарым-қатынас стилін дұрыс қоя білуі керек.

Педагогикалық және психологиялық эдебиеттерге талдау жасағанда педагогтық қарым-қатынас стилінде коммуникациялық тәсіл, қатынас сипаты, даралық, балалар ерекшелігі, элеуметтік-адамгершілік құндылықтар, элеуметтік рөлі мен статус басшылыққа алынады.

Осындай эр қарым-қатынас стилі педагогтың балаларға эсер етуін көрсетеді. Педагогтың қарым- қатынасындағы авторитарлық стиль педагогтың позициясымен сипатталады. Онда педагогтың балалар- дан бағынуды талап етуі, не іс- эрекетті күшпен орындатуы, жазалау тәсілдерін қолдануы, балалар иници- ативасын табан асты етуі, балалар мүмкіншілігінен тыс жетістікке үміттенуіне эсер ету, тәрбиелеу тәсілі- не айналады. Мұндай жағдайда балалардың өз мінез-құлқын, жүріс-тұрысын реттей алмауы, қорқыныш- үрейлі күй кешуі, кез-келген іс-эрекетке қызығушылық, ниет, мотивтің болмайтындығы талай зерттеулерде белгілі болған. Педагогикалық қарым-қатынастың демократиялық стилі педагог пен бапалардың бірдей белсенді позициясын қамтамасыз етеді. Педагог балалардың жағымды эмоцияларды қажетсінуі мен өзінің ішкі мүмкіндіктерін шығаруға мүмкіндік жасайды. Мейірім, достық негізіндегі дара стиль арқылы балалардың өз-өзіне сенімді болуын, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруы, дамытуы мүмкін болады. Мұнда педагог сендіру және иландыру тәсілдерін пайдаланып қарым-қатынас құрады.

Педагогикалық қарым-қатынастың либералды - босаң стилі негізінде балалардың өз міндеттерін түсінбеуі, мінез- құлқын, жүріс-тұрысын реттей алмауы, топтық жағдайға бейімделе алмауы сияқты негативтер болады. Бул педагогтың кәсіби элсіздігімен, енжарлығымен түсіндіріледі.

А. В. Мудрик, В.С. Мухинаның еңбектерінде эрбір педагогтың қарым-қатынас сферасында барлық стилдер қолданылғанымен бірі басымдылау болады деп айқындалған.

В. А. Кан-Калик педагогикалық процесте қарым-қатынас арқылы байқалмайтын, бірақ өте маңызды тәрбиелік өзара қатынастар жүйесі қалыптасатын және оның ЖОО-да тәрбиелеу мен оқыту тиімділігін арттыратынын айтқан. Оның ойынша, қарым-қатынас адамгершілік-құндылық әлеуетке ие.

В.А. Кан-Калик қарым-қатынас функцияларын ішкі және сыртқы деп бөледі. Олардың эрқайсысының құрамдас бөліктері бар. Сыртқы: ақпараттық-коммуникативті, тұлға аралық қатынастарды өзаратанымды етіп ұйымдастыру, бейімделу. Ішкі: эстетикалық, дәмдік, мінез-құлықтық, әдептік [2].

В.А. Слостенин педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастырудың көпжостарлы процесі ретінде анықтайды және де педагог пен білім алушылардың арасындағы өзараэрекеттестік, өзара түсінушілік, коммуникацияның қойылуы мен дамуы тұрғысында қарастырады [3].

А.А. Леонтьев педагогикалық қарым-қатынастағы жағымды психологиялық климаттың құрылуы маңызды екендігін баса айтады және бұл феноменге былайша анықтама береді: «Педагогикалық қарым- қатынас - бұл сабақ үстіндегі немес сабақтан тыс уақыттағы (оқыту және тәрбиелеу процесіндегі) оқыту- шылардың білім алушылармен жасайтын кәсіби қарым-қатынасы, жағымды психологиялық климат орнатуға мақсатталған нақты педагогикалық функция мен бағыттылық, сонымен қатар оқу әрекетін психологиялық тұрғыла белсендіру бойынша құрылған оқу әрекетіндегі педагог пен оқушылардың қарым-қатынасы» [4].

Олай болса, зерттеуші- ғалымдар, педагогикалық қарым-қатынастың тұрқын анықтай отырып, осы феноменнің талдану қатысының принципиялды ұстанымына сүйенеді:

1. Педагогикалық қарым-қатынасты зерттеу қарым-қатынастың жалпы теория аясында және сол терминде жүзеге асырылуы керек.

2. Талдау барысында педагогикалық қарым-қатынастың спецификасын есепке алып отыру қажет.

3. Педагогикалық қарым-қатынас - бұл педагог пен білім алушылардың бірлескен іс-әрекеті, оқудағы өзара әрекеттестіктің формасы.

И.А. Зимняяның пікірі бойынша, бұл форманың өзараәрекеттестік спецификасы оның полиобъектілік бағыттылығы мен полисубъектілік бағдарына байланысты [5].

Педагогикалық жүйе үшін негізгі болып не табылады? Бұл тұрғыда зерттеуші қарым-қатынас үрдісі- нің үш бағыттылығын бөліп көрсетеді: оқу өзара әрекетінің өзіне, білім алушыларға (олардың өзектілік жағдайы және даму желісіндегі креативтілігі) және меңгеру пәніне. Бірлескен оқу әрекетінің формасы ретінде педагогикалық қарым-қатынас былайша сипатталады және оның субъектісіне үштілік бағдарлан- ған; тұлғалық, әлеуметтік және пәндік. Сондықтан да педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік бейнесі тұлғалық бағдарланған, әлеуметтік бағдарланған және пәндік бағдарланған элементтердің сәйкестілігінде көрініс береді.

Педагогикалық қарым- қатынастың өзіндік ерекшелігі педагогтың кәсіби әрекеті мақсатына қатысты функцияларыш таратудан тұрады.

А.А. Брудныйдың пікірі бойынша қарым-қатынаста 4 негізгі функциялар бөлінеді:

- Инструментальды-қарым-қатынас арқылы іс-әрекет координациясы;
- Синдикативті-топтар, жалпылықтардың құрылуы;
- Өзіндік көрсетілім-қарым-қатынас процесінде тұлға презентациясы;
- Трансляциондық-қарым-қатынас арқылы тұлғаның білім алуы.

Зерттеуші бұл жерде соңғы функция педагогикалық қарым-қатынас үшін аса қызығушылық тудыра- ды деп санайды, өйткені тура осы функцияның негізінде оқыту жатыр: қарым-қатынас арқылы тұлғаны оқыту іске асады [6].

А.А. Лобановтың көзқарасы бойынша кәсіби-педагогикалық қарым- қатынас функцияларының өзіндік айрықша ерекшеліктері бар. Сондықтан, хабарламалық, тәрбиелік және контактілік функциялар мен қатар, зерттеуші мышаларды бөліп көрсетеді:

- Адамдардың бір-бірін тану функциясы;
- Белгілі бір әрекетті ұйымдастыру және қамтамасыз ету функциясы;
- қарым- қатынаста инициатордың құндылығы мен тәжірибесіне партнерді тарту функциясы;
- қарым- қатынаста партнердің құндылығына инициаторлы тарту функциясы;
- қарым- қатынаста баланы ашу функциясы;
- араласу функциясы;
- оқушы тұлғасын көтеру функциясы [7];

Олай болса, педагогикалық қарым- қатынастың функцияларын анықтауға қатысты көптеген ойлар бар екендігі байқалды, бірақ та зерттеулерде осы феноменнің полифункциональдылығы айрықша көрінді. Кең функциональды аумақ оқыту және тәрбиелеудің маңызды міндеттерін шешуге көмектеседі.

Педагогикалық қарым- қатынастың бірлігінің құрылымы туралы сұрақтарды зерттеушілер әр түрлі шешкен.

Бірқатар зерттеушілер (В.А. Кан-Калик, М.И. Лисина, И.А. Зимняя) педагогикалық қарым-қатынастың бірлік құрылымы деп коммуникативті міндеттерді санайды. В.А. Кан-Каликтің пікірі бойынша коммуни- кативті міндеттерді құруда мынандай алғышарттар есепке алынуы қажет: педагогикалық міндеттер, педагог пен оқушылардың педагогикалық қарым-қатынасының қомақты деңгейде көрінуі, педагог пен білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу, жұмыс әдістерін есепке алу.

Коммуникативті міндет мәселелі коммуникативті жағдайларды иемденеді және де педагогикалық өзара әрекеттестікте тиімді әдістерді қамтамасыз ету үшін қажетті болып табылады. Зерттеуші-ғалым кәсіби-педагогикалық қарым-қатынаста бұл жүйенің схематикасын былайша көрсетеді:

Педагогикалық міндеттер	Тандалған міндеттерді шешудегі оқыту және тәрбиелеу әдістер жүйесі	Коммуникативтік міндеттер жүйесі, тандалған педагогтардың оқыту және тәрбиелеу әдістерін тарату үшін қажетті шешім	Педагогикалық эсер ету
-------------------------	--	--	------------------------

Педагогтың ұстанымы тұрғысынан педагогикалық қарым- қатынаста мынадай коммуникативті міндеттер тобы бөлініп алынады:

- хабарды беру;
- хабарды сурау, талап ету;
- вербальды немесе вербальды емес әрекеттердің қозғаушы күштері;
- педагогикалық қарым-қатынаста партнердің вербальды немесе вербальды емес әрекеттеріне зер салу.

Зерттеушілердің зерттеу еңбектерінің қатарында коммуникативті міндеттерді ара жігін ажыратуға деген ұсынымдар жасалды. Айтушының коммуникативті міндеттері бөлініп алынады: хабарлама, көз жеткізу, ниеттену, сендіру, түсіндіру, мақұлдау, дәлелдеме және т.б.

Н.В. Ключева, С.Н. Батракова, Ю.А. Варенова сынды ғалымдар педагогикалық бірлік құрылымы болып педагогикалық жағдаяттар табылады деп санайды [8].

Жағдаят оқылушының негізгі практикалық әрекетінің фрагменті болып көрінетін шынайы құбылыс. Ол нақты мазмұнмен толған, оның компоненттері болып жағдаятқа қатысатын өзара әрекеттестік тәсілі табылады. Олар қарым-қатынастың негізгі сипатын ұстанады.

Осылайша көптеген ғалымдардың педагогикалық қарым-қатынас мәселесін зерттеулері педагогикалық қарым-қатынас мағынасына, оның құрылымдық бірлігі мен функцияларына деген ортақ бір пікірге келе алмағандығын байқатады, дегенмен де бұл мәселенің жалпы ұғымын түсінудегі кейбір сәттер айқын көрініс береді және педагог пен білім алушылардың жағымды өзара әрекеттестігін құрайды.

Олай болса, тиімді ұйымдастырылған педагогикалық қарым-қатынас процесін қамтамасыз ету мыналарда: педагог пен білім алушылардың арасындағы психологиялық шынайы контактінің болуында, педагогтар мен білім алушылардың өзара әрекеттестігінде туындайтын әр түрлі психологиялық кедергілерді жоюында, педагог пен білім алушылар арасындағы жағымды тұлғааралық қатынастардың орнауында, педагогикалық процестің элеуметтік-педагогикалық құрылымының жалпылығында, осының негізіндегі қарым-қатынастың іскерлік және тұлғалық деңгейінде көрініс береді. Қарастырылып отырған осы феноменді ұғынуда педагогикалық қарым-қатынас оқу-тәрбие процесін жандандырушы фактор болып құрылады.

- 1 *Педагогика және психология. Қазақ тіні терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі - Алматы: «Мектеп», 2002 ж.*
- 2 *Кан-Калик В.А., Ковалев А.Г. Классификация психологических типов общения. Вопросы психологии, - №3, 1987.*
- 3 *Сластенин В.А., Мажар Н.Е. Диагностика профессиональной пригодности молодежи к педагогической деятельности. - М., 1991.*
- 4 *Леонтьев А.А. Педагогическое общение. - М., 1979.*
- 5 *Зимняя Н.А. Педагогическая психология. Учеб. для вузов. - М., 2000.*
- 6 *Брудный А.А. Понимание и общение. - М., 1989.*
- 7 *Лобанов А.А. Основы профессионально-педагогического общения: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М., 2002.*
- 8 *Педагогическая психология: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. Н.В. Ключевой. - М., 2003.*

Түйін

Мақалада педагогикалық қарым-қатынас мәселелері қарастырылады, оның ерекшелігі анықталады, Оқудағы өзара әрекет формасы, педагог пен оқушының бірлесе жұмыс істеуі ретінде қаралатын педагогикалық қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыру туралы ой оқу-тәрбие жұмысын оңтайландыратын фактор бола алатынын дәлелдейді

Резюме

В статье рассматриваются проблемы педагогического общения, определяется его специфика. Подтверждается мысль о том, что эффективно организованное педагогическое общение, как форма учебного взаимодействия, сотрудничества педагога и учащегося, может стать фактором, оптимизирующим учебно-воспитательный процесс.

Summary

The problems of pedagogical communication are examined in the article, his specific is determined. An idea is confirmed that the effectively organized pedagogical communication, as a form of educational cooperation, collaboration of teacher and studying, can become a factor optimizing a учебно-воспитательный process.

ДЕВИАНТНОЕ ПОВЕДЕНИЕ КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

М.Т. Абишева - КазГосЖенПУ, г. Алматы

Современный подросток живет в мире, сложном по своему содержанию и тенденциям социализации. Это связано, **во-первых**, с темпом и ритмом технико-технологических преобразований, предъявляющих к растущим людям новые требования. **Во-вторых**, с насыщенным характером информации, которая создает массу «шумов», глубоко воздействующих на подростка, у которого еще не выработано четкой жизненной позиции. **В-третьих**, с экологическими и экономическими кризисами, поразившими наше общество, что вызывает у детей чувства безнадежности и раздражения (при отсутствии чувства личной ответственности) из-за того, что старшие поколения оставляют им такое наследство. Напряженная, неустойчивая социальная, экономическая, экологическая, идеологическая обстановка, сложившаяся в настоящее время в нашем обществе, обуславливает рост различных отклонений в личностном развитии и поведении растущих людей. Среди них особую тревогу вызывают не только прогрессирующая отчужденность, повышенная тревожность, духовная опустошенность детей, но и их цинизм, жестокость, агрессивность. Наиболее остро этот процесс проявляется на рубеже перехода ребенка из детства во взрослое состояние - в подростковом возрасте. У молодых людей бурно развивается чувство протеста, часто неосознанного, и вместе с тем растет их индивидуализация, которая при потере общесоциальной заинтересованности ведет к эгоизму. Подростки больше других возрастных групп страдают от нестабильности социальной, экономической и моральной обстановки в стране, потеряв сегодня необходимую ориентацию в ценностях и идеалах, - старые разрушены, новые - не созданы.

Таким образом, на сегодняшний день в нашем обществе имеется серьезный дефицит позитивного воздействия на растущих детей. Причем проблема трудных подростков, которая затрагивает общество в целом, вызывает как глубокое беспокойство педагогов, родителей, так и острый научно-практический интерес социальных педагогов и социальных психологов, поэтому несомненно, что для решения проблем подростков и оказания им социально-психологической и социально-педагогической помощи необходимо знать их психологические особенности.

Необходимо дать определение понятию девиантного поведения.

Девиантное поведение определяется как отклоняющееся поведение, т.е. как отдельные поступки или система поступков, противоречащих общепринятым в обществе правовым или нравственным нормам.

В социальной педагогике для характеристики отклоняющегося поведения используют такие специальные термины, как "**делинквентность**" и "**девиантность**".

Под **делинквентным** поведением понимают цепь проступков, повинностей, мелких правонарушений, отличающихся от криминальных, т.к. уголовно наказуемых, серьезных правонарушений и преступлений.

Под **девиантностью** понимается отклонение от принятых в обществе норм. В объем этого понятия включаются как делинквентное, так и другие нарушения поведения (от ранней алкоголизации до суицидных попыток).

По другой классификации, все нарушения поведения подростков делятся на две большие группы: делинквентное поведение, которое проявляется при взаимодействии с обществом в целом и агрессивное поведение [1, стр. 11].

К социальным отклонениям корыстной направленности относят правонарушения и проступки, связанные со стремлением незаконным путем получить материальную, денежную и имущественную выгоду (хищение, взятки, кражи, мошенничество и т.д.).

Социальные отклонения агрессивной ориентации проявляются в действиях, направленных против личности (оскорбления, хулиганство, побои, изнасилование, убийство). Социальные отклонения корыстного и агрессивного типа могут носить как вербальный (оскорбление словом), так и невербальный характер (физическое воздействие) и проявляться на уровне как докриминогенном, так и посткриминогенном. То есть в виде проступков и аморального поведения, вызывающих моральное осуждение, и в виде преступных уголовно-наказуемых действий.

Отклонения социально-пассивного типа выражаются в стремлении к отказу от активной жизнедеятельности, уклонении от своих гражданских обязанностей, долга, нежелании решать как личностные, так и социальные проблемы. К таким рода проявлениям можно отнести уклонения от работы, учебы, бродяжничество, употребление алкоголя, наркотиков, токсических средств, погружающих в мир искусственных иллюзий и разрушающих психику. Крайнее проявление социально-пассивной позиции - самоубийство, суицид.

Особенно большое распространение как у нас в Казахстане, в странах СНГ так и за рубежом получила такая форма социально-пассивных отклонений, как употребление наркотиков и токсических средств, что ведет к быстрому и необратимому разрушению психики и организма. Такое поведение получило на Западе название - саморазрушающего поведения.

Отклоняющееся поведение является результатом неблагоприятного психосоциального развития и нарушений процесса социализации, что выражается в различных формах детско-подростковой дезадаптации уже в достаточно раннем возрасте [1, стр. 7].

